

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
QAZAQ TILINIŃ ÖZEKTİ MÄSELELERİ

ARTİKEL AKADEMİ:215

Қазақ Тілінің Өзекті Мәселелері
Qazaq Tiliniñ Özekti Mäseleleri

EDİTÖR

Doç. Dr. Ekrem Ayan

ISBN 978-625-8088-58-8

Birinci Basım: Aralık - 2022

Ofset Hazırlık: Artikel Akademi

Baskı ve Cilt: Net Kırtasiye Tanıtım ve Matbaa San. Tic. Ltd. Şti.
Gümüşsuyu, İnönü Caddesi & Beytül Malcı Sokak 23/A,
34427 Beyoğlu/İstanbul
Matbaa Sertifika No: 47334

Artikel Akademi bir Karadeniz Kitap Ltd. Şti. markasıdır.

©Karadeniz Kitap - 2022

Akademik etik kurallara

bağlı kalınarak yapılacak olan alıntılar ve tanıtım maksadıyla yapılacak olan kısa alıntılar dışında, yazılı izni alınmadan, tümünün veya bir kısmının elektronik, mekanik ya da fotokopi yoluyla, basımı, yayımı, kopyalanması, çoğaltımı veya dağıtımı yapılamaz.

KARADENİZ KİTAP LTD. ŞTİ.

Koşuyolu Mah. Mehmet Akfan Sok. No:67/3 Kadıköy-İstanbul
Tel: 0 216 428 06 54 // 0530 076 94 90

Yayıncı Sertifika No: 52549
mail: info@artikelakademi.com
www.artikelakademi.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
QAZAQ TILINIŇ ÖZEKTİ MÄSELELERİ

РЕДАКТОР

ДОЦ. ДР. ЭКРЕМ АЯН

БӨЛІМ АВТОРЛАРЫ

АСАНБАЕВА С. А.

АТАБАЕВА М.С., АБДИРАСИЛОВА Г. Қ

ҚАСЫМ Б.

ЖАПАРОВА А.

ҚОРТАБАЕВА Г.Қ.

КАЙДАРОВА Г. Қ.

ОТАРБЕКОВА Ж. К.

САЛҚЫНБАЙ А. Б.

СЕМБАЕВА А. Ғ.

БЕКМАҒАМБЕТОВ Ш.

АБИТЖАНОВА Ж.А

МАЗМҰНЫ

Алғы Сөз VII

БӨЛІМ – 1

ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асанбаева С. А...... 9

БӨЛІМ – 2

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ
ЕМЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Атабаева М.С., Абдирасилова Г. Қ...... 21

БӨЛІМ – 3

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ
ФОРМАНТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СЕМАНТИКАСЫ

Қасым Б...... 37

БӨЛІМ – 4

ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
НЕГІЗДЕРІ

Жапарова А...... 51

БӨЛІМ – 5

«МАН» ТҮБІРІ: «МАҢҒЫСТАУ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУЫ

Қортабаева Г.Қ...... 61

БӨЛІМ – 6

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНДАҒЫ СИНГАРМОНИЗМ
ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Кайдарова Г. Қ...... 71

БӨЛІМ – 7

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІМЕН
САБАҚТАСТЫҒЫ

Отарбекова Ж. К. 97

БӨЛІМ – 8

ТІЛДІК САНА: ӘЛЕМДІК ТАНЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ДІЛ
САБАҚТАСТЫҒЫ

Салқынбай А. Б...... 113

БӨЛІМ – 9

ТАНЫМДЫҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН НЕЙРОЛИНГВИСТИКАНЫҢ
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Сембаева А. Ғ. 145

БӨЛІМ – 10

ҚАЗІРГІ ДЫБЫСТАНЫМНЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ДЫБЫСТАНЫМ

Бекмағамбетов Ш. 161

БӨЛІМ – 11

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ
ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ СИПАТЫ

Абитжанова Ж. А...... 183

АЛҒЫ СӨЗ

Тіл – тірі организм. Ол үнемі дамып, күшейе алады немесе керісінше әлсіреп, жойылып кетуі мүмкін. Ол тілде сөйлеушілер болғанша өмір сүре алады. Бұл тілдің ғана емес, ұлттың да бар екендігін білдіреді. Тілінен айырылған ұлттар да болмысынан айырылды десек қателеспеген болар едік. Сондықтан ана тіліне деген сезімталдықты арттырып, тілді, ұлттық болмысымызды ұрпақпен бірге сақтау өте маңызды. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер қатарында мемлекеттік тілді меңгерту мәселесі тұрады. Қазақстанның тәуелсіздігі деген сөз – ең әуелі қазақ ұлтының тәуелсіздігі, тілінің тәуелсіздігі екені айғақ.

Түркі тілдес халықтардың ішінде географиясы ең кең-қазақ тілі. Қыпшақ тілдер тобының ішінде ең көп сөйлейтін тіл. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілі түрік тілінде сөйлеушілер саны жағынан да, таралатын географиясы жағынан да маңызды орын алады.

Қазақ тілінің зерттелу тарихы түрік тілінің тарихымен тікелей байланысты. Түрік тілін тұтастай алғанда, барлық зерттеулер ортақ тіл үшін жасалған деп айта аламыз.

Бұл кітапқа психолінгвистика және нейролінгвистика сияқты заманауи тәсілдермен дайындалған мақалалардың енгізілуі зерттеудің қазіргі заманғы әдістемелермен жүргізілгенін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ тіл білімінің негізін қалаған, қазақ түріктері үшін маңызы зор түрколог Ахмет Байтұрсыноғлұның туғанына 150 жыл толғалы бері Байтұрсыноғлұға қатысты зерттеудің бар болуы да қазіргі заманның өзектілігін қамтамасыз етеді. жұмыс.

Қараша – 2022
Доц. Экрем Аян
Редактор

БӨЛІМ 1

ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АСАНБАЕВА СӘУЛЕ АСАНБАЙҚЫЗЫ

ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асанбаева Сәуле Асанбайқызы

*Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.Қазақ
ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: asanbaevasaule1970@gmail.com*

Әлеуметтік мән-маңызы ерекше саланың бірі-жарнама. Жарнама - өмірдің қыры-сыры мол, алуан астарлы саласы. Атап айтқанда, оның экономикалық, әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық және басқа астарлары болады. Айталық, көлем жағынан алғанда, жарнама – сөз және мәтін, шығарма, кино, кітап болуы да мүмкін.

Жарнаманың әсерлілігі, оның ықпалының артуы адам психикасының ерекшеліктерін ескеріп жасалған кезде ғана артады. Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Жарнама бірден оқырманның, тыңдарманның, көрерменнің назарын аударуы керек.

Психология ғылымында ойлы назар және ойсыз назар деген болады. Біріншісі адам бір нәрсені көру үшін күш жұмсап, тырысуы керек, ал екіншісі – затты немесе құбылысты адамның ойламаған жерден байқап оған еріксіз көңіл бөлуі. Жарнама негізінде ойламаған жерден адам назарына ілігіп, оның санасына әсер ету керек. Ол тұтынушының қызығушылығын арттырып, көздеген затың сатып алуға итермелейді. Кейбір жағдайларда жарнама тұтынушының сезіміне әсер еткеннен

кейін, екінші кезеңде мағынасымен қызықтырып, белгілі бір сезімді қалыптастырып, оны қуантып немесе таңдандырып, ал кейбір жағдайда ойламаған жерден шешім қабылдатып, абдыратады.

Жақсы жарнама адам санасында белгілі бір бейне (образ) жасап, сонымен байланысты нығайтып, қалыптастырады. Мұндай жағдайда біз «жарнама» образымен танысамыз. Жарнаманың әсері дәлелді болуы пайдаланған тұжырымдамаларға тікелей байланысты. Егер де мұндай дәлелдер жарнамада жоқ болса, онда жарнаманың адам санасына ықпалы әлсіреуі сөзсіз. Жарнаманың тағы бір ұтымды жақтарының бірі – сезімге тікелей байланысты бір нәрсені көргенде туындайтын ассоциациялар. Бұл – бір нәрсені екінші нәрсеге ұқсату арқылы белгілі бір сезім ағынын туғызу.

Кез-келген ортаға байланысты әр түрлі жарнамаларға назар аударта білу – жарнама компаниялары мен агенттіктерінің жетістігі. Жарнама хабарлары, мейлі ол газет, журнал арқылы немесе радио, теледидар арқылы берілсін тұтынушы мен көрермендер арасында психологиялық байланыс туғызады. Жарнама хабарларының белгілерін қабылдау маңызды мәселе.

Жарнама белгілерін дұрыс қолдана білу жарнамашының шеберлігіне байланысты. Жарнаманың қолданылуын адам санасында белгілі бір уақыт аралығында белгілер (сигнал) жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Осы белгілер арқылы адам өзіне қажетті тауар жөнінде жан-жақты мәлімет алады. Нәтижесінде адамның ойында психикалық процесс жүреді. Бұл эмоциялық күйзеліс түрінде өтеді. Жақсы жарнама – дәл және нақты хабар мен ойдағыдай жаңалықтардың дер кезінде берілуі. Жарнама жасайтын мамандар бізде әлі өз дәрежесінде қалыптасқан жоқ. Жарнама жасауға психологтар, социологтар, тілшілер, экономистер керек. Иә, жарнама мәселесінің айтылатын, жазылатын, зерттелетін мәселелері жеткілікті. Бұл - Қазақстан Республикасында шешуін таппаған, соңғы кезде қолға алынып келе жатқан жұмыстың бірі. Жарнама – алуан арналы ғылым. Сол себепті жарнаматану ғылымы қалыптасқаны жөн. Оның сүбелі саласының бірі – психологиялық арна.

Жарнама психологиясына байланысты шет ел ғалымдарының еңбектері баршылық. Мысалы, Американың белгілі ғалымдары

Ч.Эдвардс, Р.Браун: «Реклама не может решать столь непосильные задачи. Реклама информирует и только» дейді. Олардың ойынша, жарнама ерекше құбылыс: «Реклама – это всякая оплаченная форма распространения сведений о товарах и методах обслуживания, обращенная к неопределенной группе людей». Тұтынушының өнімді сатып алуына тек қана өнімнің өзі емес, оған жасалған жарнама хабар әсер етеді. Егер жарнама мәтінін құрастырған кезде адам психикасының ерекшеліктері еске алынса, онда жарнама мақсатын жетеді. Себебі назар аударту, қызығушылық туғызу, ынталандыру – мұның барлығы психологиялық процестер.

Жарнаманың іс-шараларын дайындаған кезде тұтынушының басқа адамдармен бірге белгілі бір әлеуметтік байланыста болатынын еске ұстаған жөн. Бұл өзі бірге жұмыс істейтін жұмысшылар ұжымы немесе жанұя т.б. болуы мүмкін. Сонымен қатар өнімді сатып алуға шешім қабылдау тұтынушының мінез-құлқының ерекшеліктеріне де байланысты. Күнделікті саудада бұл ерекшеліктер соншалықты қажет бола бермейді. Мысалы, күнделікті қажетті: нан, сүт, ет т.б. өнімдерді сатып алу кезінде тұтынушылар мінез-құлқында ешқандай ерекшеліктер байқалмайды.

Сатып алу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Түрткі жағдай (мотив) адам санасы арқылы өтіп, мінез-құлқына әсер етеді. Осыған байланысты кеңесғалымы В.В.Усов адам мінез-құлқының екі түрін ұсынады. Біріншісі «импульсті» мінез-құлық, яғни сананың белсенді қатынасынсыз өтетін кимыл, екіншісі «проблемалық» мінез-құлық - жан-жақты ойланудан кейін қабылданған шешім. Нәрсені сатып алуға түрткі болған жағдай өнімнің бағасына қатынаста анық көрінеді. Түрткі жағдай күшті болған сайын бағаға қатынас әлсіз бола бастайды. Күнделікті сұранымдағы өнімдердің (нан, сүт, ет т.б.) бағасы аз ғана өзгерсе, белгілі бір мағынаға ие болады. Ал қажеттілікті қанағаттандыру үшін сатып алынған өнімнің жоғарғы бағасы тұтынушының көңілінде қалмайды.

Қажеттіліктің пайда болуы адамда белгілі эмоциялық жағдайы қозғайды. Сатып алынған өнімнен кейін адамнан күш түсіп, психологиялық жағынан көңіл-күйі көтереңкі болады. Бірақ адам біршама уақытқа дейін ешқандай әсерге ұшырамайды. Біраз уақыттан

кейін алдыңғы, сатып алуға дейінгі көңіл-күй қайта оралады. Жаңа психологиялық қызу мен эмоциялық күйзеліске ұшырады. Кейбір адамдарда сатып алынған өніммен байланысты күйзеліс тез қайтады, ал кейбіреуінің санасында ұзақ уақыт сақталады. Үшінші біреулерінде жоғалып кетіп, қайта оралады. Сатып алынған өнімнің нәтижесіндегі психологиялық салдарды тұтынушылар әр түрлі көтереді. Сатып алушының бұл психологиялық ерекшеліктерін білу, келесі керекті өнімнің қажеттілігін жасауға бағытталған жарнама жұмыстары үшін негізгі позиция болуға қызмет етеді. Сатып алушылар кейбір өнімдерді оның қандай қажеттіліктерді қанағаттандыра алатындығына байланысты бағалайды. Сондықтан сатып алған өнімнің түрткі болған жағдайын (мотивін) адамдардың әлеуметтік өмірінің, жанұя-тұрмыстық ортасының, қарым-қатынасының, ақыл-ойының, қызығушылығының қоғамдық және өндірістік ұжым өміріне қатысу аспектісінде қарастыруға болады.

Талғам, әдеттенушілік, дағды болады, ол – адамның жасына, әлеуметтік ортасына, ұлттық ерекшелігіне, тұрған жеріне, өмірлік тәжірибесіне, біліміне адамның іс-әрекет нормалары мен пікірінің көрінісі.

Еліктеу деген болады, ол – басқа адамдардың пікірімен санаса отырып алынған өнім, әлеуметтік топтардың беделді мүшелеріне қарай бой түзеу арқылы жасалған әрекет. Өнімнің сатып алынуына әрқашан белгілі экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, географиялық факторлар әсер етеді.

Тұтынушылар әдетте затты не үшін сатып алғандығын біледі. Бірақ күткен өнімді сатып алу себебін түсіндіре алмайды. Кейбір тұтынушылар өнімді сүйсінгендіктен сатып алады. Кей жағдайда адамның беделі де әсер етеді. Беделді кісі (қоғам қайраткері, ғалым, кино артисі т.б.) тұтынушының психикасында із қалдырады. Айталық, Қазақстан Республикасында шығарылған, әсіресе, арақ-шарап өнімдерін жарнамалауда шетел артистерін жиі пайдалану байқалуда.

Мотивация(уәждеме) процесінде тұтынушылардың әдет-ғұрпы, көзқарасы, талғамы маңызды роль атқарады. Олар мотивация кезеңдерінен өту кезінде нақты қажеттіліктің қанағаттандырылуы негізінде пайда

болады. Нәтижесінде тұтынушының өнімге деген әрбір қимылы ол үшін қажеттілік болып табылады. Көп жағдайда жарнама сатып алуға бірдеңе түрткі болып, есте сақтау арқылы санада әсер қалдыруы мүмкін. Кейін осы процесс өнімді сатып алуға себеп болады.

Жарнама адамдардың көңілін аударса, онда ол есте тез сақталады. Ол үшін жарнамалар мәтінінде аз сөз қолданып, түрлі-түсті айқын суреттермен басқа да көрнекі құралдарды ұтымды, тиімді, дәл қолдана білу керек.

Есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктеріне қарай адамдар жекелеген топтарға бөлінеді: а) кейбір адамдар көзбен көретін жарнамаларды жақсы сақтайды; б) қайсыбіреулері есту; в) енді біреулері қозғалыстағы жарнамаларды естерінде жақсы сақтайды.

Жарнамалардың әлеуметтік психологиялық факторлары. Жарнама тек қана экономика емес, сонымен қатар әлеуметтік психологиялық заңдарға да бағынады.

Адамдардың сұранымы үнемі бірқалыпты болып тұрмайды. Ол үнемі үздіксіз өзгеріс үстінде болады. Бұл өзгерістер тек қана табыстың өсу деңгейімен ғана байланысты емес. Ол белгілі бір психологиялық әсердің және техникалық прогрестің әсерінен де болуы мүмкін. Адамдардың сұранымына өзгеріс енгізуде жарнама үлкен қызмет атқарады. Айталық, оның мамандығы, білімі, жынысы, жасы сияқты факторлар да өз әсерін тигізеді. Олар зерттеуде әлеуметтік процестердің біршама ерекшеліктерін еске ұстауды қажет етеді. Басты ерекшелік таным объектісінің тұлға немесе әлеуметтік топ екендігінде. Кез-келген әлеуметтік процеске қатынасушылар ешқашан бірқалыпты болмайды. Тұтынушы қоғаммен белгілі бір қатынастағы оның бір бөлшегі болып саналады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы олардың психикасының қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Жарнаманы зерттеу барысындағы кейбір жасына, жынысына, қызметіне, тұрғындардың ұлттық құрамына байланысты социологиялық деректер статистикалық және мұрағаттық материалдардан, партиялық, кәсіподақтық, құжаттардан, санақ материалдарынан алынады.

Жарнамаалдымен адамдардың ақылы мен сезіміне әсер ету керек. Оның психологиялық әсерінің нәтижесінде жасалған іс-әрекет адамдардың жеке еркі бойынша жасалған сияқты болуы тиіс. Кейбір адамдар өздерінің ойларында, көзқарастарында тұрақсыздық білдіреді. Мұндай адамдарды психология ғылымында белсенді адамдар деп атайды. Олар өмірде жиі кездеседі. Сондықтан да жарнама берілген плакат, хабарландырулар, мерзімді баспасөз, теле- және кинофильмдер адамдардың барлық мінез-құлқына сәйкес жасалынуы керек. Жарнамадағы сөздер мен көріністер, суреттер қандай жағдайда болмасын ақылы мен сана-сезіміне жақсы әсер етіп, олардың естерінде ұқытқа сақталуы үшін сәйкестендірілуі керек. Кез-келген жарнама көңіл аудартып, тұтынушыны іс-әрекет жасауға ынталандыруы тиіс. Егер жарнамаға көңіл бөлініп, іс-әрекет жасалса, онда жарнаманың мақсатына жеткендігі.

Жарнаманы көрісімен адам бірден дүкенге кіріп, зат сатып алады деп ойламау керек. Өйткені, дәл осы уақытта адам жұмысқа асығып бара жатуы немесе ақшасы жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан жарнама сол затты сатып алғанша есте тұруы тиіс.

Жарнама құрастырушы адам тұтынушылардың назарын аударту жолдары мен олардың жарнама мәтінін тез түсінуін, есте сақтау процестерін жетік білген жөн. Жарнаманың нәтижесін белгілі бір психологиялық процестер жиынтығы ретінде түсінуге болады. Олар: назар аударту, қызығушылық туғызу, сезімге берілу, еске сақтау, шешім қабылдау, іс-әрекет жасау т.б.

Сонымен жарнаманың бірінші мақсаты – ынтаны ояндыру (ынталандыру). Егер адам үлкен көшеге шықса, онда ол сырғыған машиналарды, тротуарды, көшедегі әр түрлі дауыстарды естиді. Адамның бұл көріністерді түгел қамтуы мүмкін емес. Егер белгілі бір нысана назар аудартарлық жағдайда болса, онда ол басқа жалпы әсерлерден ерекшеленіп, адамның сезу мүшелеріне әсер ете бастағаны: көреді, сезінеді. Жарнаманың мақсаты негізінен, назар аудартуда. Назар аударту көптеген жолдармен жүзеге асады. Мысалы, газеттің майда хабарларының арасынан біз ең алдымен көзге жақсы көрінетін жуан кара жиекпен берілген хабарландыруды тез байқаймыз. Көлемі жағынан ерекшеленіп тұратын жарнама көптеген материалдардың аумағындағы

басқа жарнамаларға қарағанда едәуір назар аудартады. Бірақ өте үлкен көлемді жарнаманың да тиімсіз жақтары бар. Мысалы, трамвайда біз көбінесе отырған кезде жақсы көрінетін жарнамаға назар аударамыз, демек жарнама беруші жарнаманың көлемін дн еске ұстағаны жөн.

Жарнаманың бүгінгі күнге дейінгі тарихына зер салып қарайтын болсақ, оның әлеуметтік қызметі мен қоғамға тигізген әсерінің нәтижелері де әлі де болса тереңдетілген күрделі теориялық проблемаларды шешуді талап етеді. Жарнаманың бірсыпыра проблемалары психологиялық сипатта болатыны белгілі. Өйткені хабарды қолдану мен қабылдау адам өмірінде ерекше орын алады. Жарнама психологиясына байланысты О.А.Феофанов былай дейді: жарнаманың мақсаты – тұтынушының өнімге деген көзқарасын анықтап, соған сәйкес әсер ету («Задача рекламы – предопределить мотивацию поведения покупателя и соответствующим образом повлиять на нее»).

Шетелдік ғалымдар жарнаманы алдымен адам сана-сезіміне әсер етуші құрал ретінде пайымдайды. Жарнаманың адам сана-сезіміне әсер ету үшін көптеген әдістер қолданылады. Соның бірі – заттың өзіндік ерекшелігін «имидж» көрсету. Бұл әдіс шетел жарнамаларында жиі қолданылады, себебі әр түрлі фирмалар мен компаниялар шығарған бірыңғай өнімдердің көптеп пайда болуына байланысты әрбір кәсіпорын өз өнімін өткізу үшін заттың ерекше қасиеттерін көрсетуге тырысады. Сол арқылы тұтынушыларға біраз уақытқа дейін танымал болып, кейін осы қасиеттері, ерекшеліктері жеткіліксіз болғанда өнімдерін өткізу үшін қосымша қасиеттер, ерекшеліктер ойластырады. Мысалы, Америкада «Marlboro» сигареті біраз уақытқа дейін әйелдерге арналған сигарет есебінде жарнамаланды. Кейін бұл сигарет «тек қана Вирджиния темекісінен жасалған сигарет емес деп, нағыз ерлерге» арналғанын көрсете келе сигаретке жаңа «имидж» берді.

Шетелдік жарнамаларда «имидж» тек қана өнімнің сорттарына емес, сонымен қатар әлеуметтік процестерді ерекшелеуде және әр түрлі үгіт-насихат, білім алу салаларында да жиі қолданылады. Мысалы, жарнамаға арналған американдық әдебиеттерде сатып алған автомобильдеріне мінезін анықтау әдеті жөнінде де көп айтылады. Айталық, байлар өздерінің әлеуметтік жағдайларын көрсету үшін төбесі ашық, түсі қызыл, сары,

ақ «кадиллак» автомобильдерін сатып алуға тырысады. Бұл процестер сонғы уақытта Қазақстанда да байқалуда. Mercedes - Benz, BMW, Volvo, Audi, Ferari, Lamborghini, Toyota Land Cruiser автомобильдерін бізде тек қана тұрмыс жағдайы жоғары кәсіпкер, коммерсант адамдар ғана сатып алуға мүмкіндіктері бар. Сол сияқты көптеген қала дүкендерінің көпшілікке арналмағандығын сыртқы көріністерінен оңай байқауға болады. Мысалы: Mega Almaty, Moskva metropolitan, Esentai Mall, Asia Park, Dostyk Plaza, Promenade, Grand Park, ADK т.б. сауда кешендеріндегі дүкендер мен шетел дизайнерлерінің арнайы тігілген киімдерін сататын дүкендерге кез-келген адам кіріп, сауда жасай алмайды. Біздің елімізде де жарнаманың мұндай психологиялық аспектілерін ескерту керектігі дәлелгендей. Бірақ біздің қарастырып отырған мәселе жарнаманың психологиялық немесе экономикалық жақтары емес, лингвистикалық жағы, яғни мемлекеттік тілдің бұл салада жарнама тілі болу дәрежесіне жету мүмкіншіліктерін зерттеу.

Қазір не көп – ілінген жарнама көп. Олардың қаншалықты психологиялық немесе әсемдік көркемдеу жақтарына көңіл бөлгендігін, тек жарнама ісімен айналысушылар ғана емес, қарапайым қала тұрғындарының өздері-ақ байқауларына болады. Жарнаманың бүкіл өркениетті елдер зерттеген басты мәселесі мен оның негізгі қызметі тұтынушының назарын аудартып, жарнамаланып отырған өнімге немесе қызмет көрсету түрлеріне деген қызығушылығын туғызып, сатып алуға не басқадай іс-әрекет жасауға ынталандыру. Бұл жерде алдымен тұтынушылардың қажеттілігін ескеру – басты назардағы мәселе. Жарнамаланып отырған өнім тұтынушыға ой туғызып, назарын аудартып, түсінікті етіп қабылдай алатын жағдайда жарнамаланатын болса, бұл жарнаманың басты, негізгі мақсатының орындалып, іске асқандығы.

Жарнаманың өз қызметін атқаруы үшін жарнама мәтінін құрастыру кезінде адам сана-сезімінің ерекшеліктерін ескеріп жасаған кезде ғана жетеді. Негізінген жарнаманың адам сана-сезіміне әсер етуінің мынадай езеңдері бар: назарды өзіне аударту, қызықтыру, ынталандыру, сатып алуға немесе басқа да іс-әрекет пайдасына нақтылы дәлелдеме жасау, сатып алуға немесе іс-әрекетті пайдалануға мәжбүр ету.

Міне, жарнама мәтіні адам психикасының осындай ерекшеліктерін ескерген кезде ғана мақсатына толық жетеді. Қазіргі кезде қазақ тілінде беріліп жүрген жарнамаларда көбінесе бұл жағдайлардың біріне де мән беріп, бірі де ескерілмеген, себебі, жарнамалардың бәрі де тікелей орыс тілінен сөзбе-сөз аударылып, тіпті қазақ тілінің заңдылықтары сақталмастан жарияланып жүр.

Жарнама мәтінінің пәрменділігін арттыру үшін көптеген тілдік құралдарды, әсіресе, сарыстырулар, тенеулер, әр түрлі көрсем сөздерді тиімді, орынды пайдалана отырып жасалынған жарнамалардың әсері жақсы болып, тұтынушының тез, жылдам қабылдауына мүмкіндік береді. Тағы бір айта кететін мәселе – жарнама мәтіні қысқа әрі мәнді болуы тиіс. Бұл тұтынушының санасында тез қабылданып, ұзақ уақыт қалуына жақсы әсерін тигізеді.

Бір сөзбен айтқанда, жарнамада жалғыз сөздің өзі әсерлі болуы керек. Атақты орыс очеркісі В.Овечкин айтқандай: «В этом искусстве уметь единым словом, намеком вызвать у читателя много воспоминаний, ассоциаций, бурю чувств» жалғыз сөз арқылы сезім құйынын ояту, биіктерге шақыру, ойды өзгерту, әрине, бұл оңай нәрсе емес, сондықтан да жарнама өнер өзін осы жолға бағыштаған адамнан қажымас еңбекті, таудай талапты, көп ізденістерді талап етеді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, жарнама саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Ол мынадай қажеттіліктерден туындайды:

1. Жарнама саласындағы қазақ тілінің беделін көтеру;
2. Тіл заңын жүзеге асыруға байланысты, мемлекеттік тілдің жарнама саласында қолданылуын қадағалау;
3. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілдегі жарнама ісімен айналысатын мамандар даярлауды қолға алу;
4. Мемлекеттік тілде және басқа тілдерде берілген жарнамалардың әдеби тіл нормасына сәйкес келуін қадағалайтын орган ашу;
5. Мемлекеттік тілдегі жарнама жасаумен айналысатын жарнама агенттіктерін ашуды қолға алу;
6. Жарнама тілін жақсарту мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу т.б.

Бүгінгі таңда жарнаманы тек сауда құралы деп түсіну жеткіліксіз. Өйткені оның ықпалы да өрісі де күннен-күнге кеңейуде. Көпшілік “жарнаманы» тек саудамен байланысты ғана түсінеді.

Жарнама - қоғамның жемісі. Ол тарихи-әлеуметтік құбылыс. Адам болған жерде, сауда-саттық жүрген жерде жарнама міндетті түрде болады. Жарнама алдымен экономикамен тығыз байланысты. Айталық, елімізде жүріп жатқан нарық экономикасының барлық жаңалықтарымен біз алдымен жарнама арқылы танысамыз. Екіншіден, жарнама мәдени өміріміздің бір бөлігі. Себебі бүкіл адамзат қоғамындағы күллі мәдени жаңалықтар жөнінде алғашқы хабарды жарнама арқылы біліп танысатынымыз басы ашық мәселе. Мысалы, кез-келген шығарманың өмірге келіп, көпшілікке танымал болып, әрбір өнер адамының ерекше талантын бүкіл әлемге таныстыратын тек осы жарнама хабарлары. Үшіншіден, жарнама мен саясат өте тығыз байланысты. Себебі жарнаманы коммерциялық және саяси жарнамаға бөлгенде жарнаманың өзі саяси жарнамаға қажет. Алғашқыда сауданы қалыпқа түсіруге арналып, кейін үлкен фирмалар мен компаниялар арасында бәсеке құралына айналған жарнама соңғы уақытта саяси партиялар арасында бәсеке күресінде де қолданыла бастады.

Нарық экономикасына өтудің алғашқы кезеңдерінде жарнаманың біздің өмірімізде маңызды өмір алатындығы жөнінде ешнәрсе білмедік. Қазіргі уақытта жарнама әрбір қазақстандықтың күнделікті өміріне еніп отыр. Біз жарнамамен кез-келген бұрышта: теледидарда, радиода, көшеде, газетте, журналда кездесеміз. Кейде жарнама бізге кері әсерін де тигізеді. Оның басты себебі жарнаманың басты сапасының төмен болуы немесе оның берілген уақытының бізге сәйкес, ыңғайлы болмауы. Жақсы жарнаманы жасап, оны дұрыс қолдана білу үлкен кәсіби шеберлік пен ғылыми зерттеуді қажет етеді. Өйткені жарнама жасау мен жариялауда кеткен болмашы кемшіліктің өзі тұтынушыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Қазақ тілін жарнама тіліне айналдыру - қиын да күрделі іс. Оның лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психоллингвистикалық қырлары (аспектілері) арнайы зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Эдвардс Ч., Браун Р. Реклама в розничной торговле США. М., 1967. С.9.
2. Усов В.В Основы торговой рекламы. М.: Экономика. 1976. С.69-72.
3. Феофанов О.А. США: Реклама и общество. М., Мысль, 1974. – С.19.
4. Овечкин В. Сила успеха. М. Стр. 41

БӨЛІМ 2

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ЕМЛЕСІ ЖАЙЫНДА

АТАБАЕВА М.С.

АБДИРАСИЛОВА Г. Қ.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢЕМЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Атабаева М.С.

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: mereke.atabaeva@gmail.com*

Абдирасилова Гүлмира Қалыбайқызы

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор
ab.gulmira@mail.ru
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

Бүгінгі таңдағы қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге байланысты тіл ғылымы да дамудың жаңа бағытымен сай дамып келеді. Тіл оның иесі адаммен өзектестіріле зерттеледі, яғни басты назар тілдің коммуникативтік қызметіне аударылуда, сол арқылы тілдің танымдық, атауыштық, прагматикалық т.б. қызметтері мақсатына жетеді. Осыған орай, антропоэзекті парадигманың ұстанымы бойынша жүргізілетін зерттеулер тілдің танымдық қызметі мен коммуникативтік қызметін жан-жақты терең ашуға бағытталады. Антропоэзекті бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы адам баласын қоршаған органы «жаратынды» және «жасалынды» нәрсе деп топтайды, табиғатқа тән дүниенің бәрі - «жаратынды», ал адам қолымен жасалғанның бәрі «жасалынды», өйткені оның қалыптасуына адамның ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен. Тіршілік үшін жұмсалатын өнер - «тірнек өнері» де, көркемшілік үшін жасалатын өнер - «көрнек өнері». «... нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Өнердің ең алды - сөз өнері саналады». «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау» [1,137-138-бб.].

«Сөз өнері деп асылында нені айтамыз?» деген сұраққа «Сөз өнерінің ғылымы» еңбегінде жауап береді, сөз өнері - іштегі ойды «... тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп» сөз арқылы өрнектеу. Сөз өнерінің ғылымы - тіл ғылымы, тіл ғылымы «дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ғылыми сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады» [1,148-б.]. Осыған орай А. Байтұрсынұлы сөзді өнер деңгейінде қолдана білу үшін ең қажеттісі тіл қисыны санайды. «Тіл қисыны дегеніміз - асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым». «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу - тіл қисыны». Тілдің қисынын келістіріп қолданудың басты ұстанымы - сөз талғау деп есептейді. Шығармаға таңдап алынатын сөз мағынасына қарай үйлесімді, нақты, өнді, ұнамды болу қажет, сондықтан сөз талғаудың да өзіндік шарттары көрсетіледі:

- сөз дұрыстығы;
- тіл тазалығы;
- тіл (лұғат) анықтығы;
- тіл дәлдігі.

Тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Бұл үшін, алдымен, «сөздердің тұлғасын мағынасын

өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; екіншіден, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; үшіншіден, сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [1,150-б.],- деп атап көрсеткен екен.

Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер арқылы жасалып, тілдің ұлттықерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады, оны адамның қатынас құралына айналдыратын - тіл табиғатын танытатын грамматикалық амал-тәсілдер, заңдар, шарттар. А.Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [1,141-б.], -деп, тілді қолдана білуге үлкен мән бергені белгілі. Ғалымның пайымдауынша, тілді қолдана білу - айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білу» [1,149-150-бб.]

А. Байтұрсынұлы «Қазақша сөз жазушыларға» атты еңбегінде аталған ойларын таратып түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, тілді қисынын келтіріп қолдану емлеге сүйенеді, ал емле тілдің табиғатына сай болу қажат. «Емле - жазу үшін шығарылған нәрсе, жазу - тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек».

Сөйтіп, тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің білдіретін мағынасының көңілге қонымдылығы оны құрап тұрған сөздердің тұлғалық және синтаксистік жақтан үйлесімді қолданылуы екен. А. Байтұрсынұлы оның да жолдарын көрсеткен, ол - «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну». Бұл тұжырым сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі - септік жалғауларына көбірек қатысты болатыны белгілі.

С.Исаев септік жалғауларының мәнін ашатындай тұжырымды бір анықтама беру қиын деп есептейді, өйткені септік жалғаулары зат пен кимыл, зат пен зат, зат пен сын арасындағы субъекті-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктілік, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық тәрізді алуан түрлі қатынастарды жүзеге асырады. Бұл қатынастарды кейде өзі тікелей ұйымдастырса, кейде тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауымен байланысып барып атқарады. Осы қызметтеріне орай, С. Исаев қазақ тілі грамматикаларында септік жалғауына берілген анықтамаларды сараптай келе былайша түйіндейді: «...септік жалғауларына (категориясына) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік-қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп-мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады. Септік жалғау жүйесінің басқа жалғаулардан күрделілігі де осында» [2,120-121-бб.]. Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады. Септік категориясы болмыстағы нысандардың арақатынасы туралы білімдерге негізделеді, өйткені септік категориясы адамның қарым-қатынас барысындағы түрлі қатынастарды зерделеп құруы нәтижесінде пайда болады. О.Жұбаеваның пайымдауынша, септік категориясының мазмұны тілдік қатынастардың қалай пайда болғанын білдіріп, ғалам туралы білімді, олардың тілде қалай көрініс тапқанын, морфологиялық септік категориясында тоғысатын грамматикалық мағыналар мен көрсеткіштерді қамту, морфологиялық жолмен берілетін қатынас туралы энциклопедиялық білімдердің тілде қалай кодталатынын көрсету [3, 258-259-бб.].

Сөздердің синтетикалық байланысу тәсілдерінде септік жалғауларының рөлі басқа жалғау түрлеріне қарағанда күрделірек. Септік жалғаулары жалғанған сөздер өздері тіркесетін сөздермен біріншіден, сабақтаса байланысса, екіншіден, сол байланыстың нәтижесінде қосымша грамматикалық мағынаға ие болады. Сондай-ақ, септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі

синтаксистік қатынастарды да білдіреді. Мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің лексикалық мағынасының әртүрлі болуынан ғана тумайды, тұтас сөз тіркесінің қарым-қатынасынан пайда болады. Оны мына мәтіндегі байланыстардың мағыналық қатынастарынан көруге болады:

Күндізгі алау аптаптың лебі кешке қарай қапырықтанып, күн де батып бара жатты. Күн батар сол сәтте Мойынқұм атырабының үстіндегі биікте бір топ аққұйрық қаракұс ұшып жүреді. Ептеп мұнар тұтқан бұлтсыз ашық аспанның қоңыр салқын құшағында әлгі қаракұстар еріккеннен жай қалықтап, рахаттана ұша береді. Мына жер мен мына аспанның мызғымас мәңгілік пішінін бейнелегісі келгендей, бірінің соңынан бірі тізіліп, бір бағытта шеңберлене ұшады. Қаракұстар дыбыс шығармай, қанаттарының астындағы жер бетінде не болып жатқанын міз бақпай бақылайды. Осы бір паң-сері жыртқыш құстар тек көздерінің өткірлігінен де баябан даланың аспанын мекендейді. Күнәһар жердің бетінде олар тек қу тамақ үшін, тек түнемел үшін ғана қонақтайды, көбінесе көк жүзінде ұшып жүреді (Ш. Айтматов). Мұнда:

- предикаттық қатынас - атау септігі мен жіктік жалғауының;
- меншіктік қатынас - ілік септігі мен тәуелдік жалғауының;
- толықтауыштық қатынас - табыс септігі мен заттық мағынадағы барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің;
- пысықтауыштық қатынас - көлемдік мағынадағы барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің байланысы арқылы жасалады.

Сөзтіркестерінің синтетикалық байланысу тәсілдерінде атау септіктен басқа септік жалғауларының ерекше қызмет атқаратыны белгілі. Септік жалғаулары сөз бен сөздің арасында сабақтастық байланыс тудырумен қатар, сол сөздер байланысының нәтижесінде грамматикалық қосымша мағынаны да байқатады. Синтетикалық байланыс тәсілінің мұндай түрлерін тіл білімінде матасу, меңгеру деп атау қалыптасқан.

Адам коммуникативті мақсат үшін тілдік құралдарды пайдаланады, өйткені тілдік қатынас қоғамдық құбылыстарды, заттарды, қоршаған органы мүмкіндігінше тілдік бірліктердің көмегі арқылы беруге

тырысады. Сондықтан да, сөйлеу әрекетінде тілдік бірліктер қатысымдық бірліктерге айналып, сыртқы орта жайлы ақпаратты мазмұнына жинақтайды «Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы, олардың сөз тудыру және грамматикалық форма тудыру тәсілдері мен жүйелері мыңдаған жылдар бойына сол тілде сөйлеуші халықтың өзара сөйлеу үдерісінде қалыптасқан. Әр тілдің грамматикалық құбылыстарының қалыптасқан жүйелі тәртібі азғана жылдың жемісі емес, ол - сол тілде сөйлейтін халықтың өмір тарихымен байланысты мыңдаған жылдың жемісі. Тілдің грамматикалық құбылыстары ұдайы бір қалыпта тұра бермейді, олар өзінің даму процесінде өзгеріп, сұрыптала түседі» [4,146-147-бб.],-дей келе, Ы. Маманов тілдің морфологиялық құрылымының маңызын анықтаумен қатар, қазақ тілінде түбір сөздер мен сол сөздің грамматикалық формаларының аражігін, шегін дұрыс ажыратуға бөгет болып жүрген нәрсе - қосымшалардың грамматикалық қызметіне қарай дұрыс топтастырылмауында деп тұжырымдайды. Грамматиканың осы аса күрделі мәселесіне қатысты ой-пікірлерді саралай келе: «...Мұндай пікір алалығын жою үшін түркі тілдерін зерттеуші авторлардың алдында тұрған басты міндет - морфологияға қатысты ең маңызды екі мәселенің басын ашып алу қажет сияқты. Оның біріншісі - қазақ тіліндегі қосымшаларды орыс тілінің үлгісімен сөз түрлендіруші (словоизменение), сөз тудырушы (словообразование) және форма тудырушы (формообразование) деп үшке бөліп қарастыру керек пе, жоқ әлде, оларды жаңа мағыналы сөз тудыру және сөздің грамматикалық формасын тудыру қызметіне сәйкес сөз тудырушы және форма тудырушы деп екі топқа бөліп қарастыру керек пе? Қазақ тілінің материалы екінші принципті қуаттайды. Сөйлемде грамматикалық формалармен түрленетін толық мағыналы атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) тек қана екі түрде: не түбір сөз түрінде, не қосымша жалғанған формада қолданылады. Былайша айтқанда, қазақ тіліндегі қосымша жалғанған сөздер не тілдің сөздік құрамына енетін туынды түбір сөз (лексикалық бүтін), не белгілі бір сөз табына тән грамматикалық форма болып қалыптасады [4,148-б.].

Сөйтіп, форма тудыратын қосымшалардың белгілі бір жиынтығы парадигмалық түрлену жүйесінің сыртқы көрінісі мен соған сәйкес ішкі мазмұн жағынан грамматикалық мағына білдіруі арқылы грамматикалық

категория құрайды, енді бір тобы бөлігі бір сөз табының өз ішінде семантикалық топтарын жасайды. Қосымшалардың бұл негізгі мәні мен грамматикалық сипаты грамматикаларда форма тудырушы (немесе сөз түрлендіруші) жұрнақтар және жалғаулар деп аталып жүрген қосымша түріне тән болып келеді. Форма тудырушы жұрнақтар мен жалғаулардың грамматикалық мағына білдіруі мен сөз түрлендіру қасиеті жағынан айырмашылығы жоқ деп есептеледі, алайда жалғаулардың сөзге жалғану өрісі кең және де басқа форма тудыратын қосымшалардан синтаксистік қызметі жағынан үлкен айырмашылығы бар, жалғаулар сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстырып, олардың сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары сол байланысқан сөздер арасындағы қатынастар негізінде айқындалып отырады. Мұндай қызметтік қасиеттер жалғаулардан басқа форма тудыратын қосымшаларға тән емес. Сол себепті Ы. Маманов жалғауларды форма тудыратын қосымшалар қатарына қосқанымен, олардың синтаксистік-қатысымдық қызметінің маңыздылығына қарай, жалғаулар деп бөліп атайды [4,146-148-бб.].

С. Исаев қосымшалардың сөздерді байланыстыра отырып, үстейтін мағыналарымен олардан туындайтын қызметіне қарай жіктемесін жасаған. Бұл жіктемеде форма тудырушы қосымшаларды, алдымен, жұрнақтар және жалғаулар деп, ал жалғауларды: субстантивтік, субстантивтік-адвербиалдық және предикаттық деп бөледі. Субстантивтік жалғаулар тек заттық мағынамен байланысты болады және өзге сөз таптарын заттандыру қасиетіне ие. Сол себепті С. Исаев субстантивтік жалғаулар қатарына тәуелдік жалғау мен грамматикалық септіктерді жатқызады. Субстантивтік-адвербиалдық жалғаулар заттық мағынаға қоса үстеулік мағына жасайды, яғни үстеу тудырады және үстеудің қызметін атқарады. Бұл топқа көлемдік септіктер: барыс, жатыс, шығыс септіктері енеді [5, 230-б.].

Дәл осылайша синтетикалық байланысқа түсетін, сөз тіркестеріндегі діңгек компонент болып табылатын кез келген сөз өзге сөздердің онымен байланысқа түсу дәрежесімен санаса отырып, өзіндік семантикалық ерекшелікке ие болады. Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесі негізінен алғанда, көне түркі тіліндегі және қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғау жүйесімен сәйкес келуі заңды құбылыс саналады, өйткені олардың төркіні, қалыптасу кезеңдері, сипаты көбіне ортақ

болып келеді, сондықтан қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септік жалғауларының сыртқы тұлғалары да, мағыналары да, қызметтері де негізінен ұқсас болып келеді. С. Исаев оны қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесінің өте ерте кезде қалыптасып, сөз түрлендіру, парадигмалық сипаты, тұлғалық түрлері, әрқайсысының мағыналық шеңбері, сөйлемде атқаратын қызметі мен сөздер арасындағы грамматикалық қатынастары тұрақталып, кейін жекелеген түркі тілдерінде үлкен өзгеріске түспей енгендігін байқатады деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі көмектес септігі болып табылады [5, 92-б. Сөйтіп, түркі тілдерінде септік жалғауларын грамматикалық және көлемдік септіктер деп екіге бөлуге болатын негіз: олардың білдіретін мағынасы, атқаратын қызметі, шығу, даму тарихымен бірге септік тұлғаларының сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөз тіркесінің типін құрау мәнінің ерекшелігінен де көрінеді. Э. В. Севортян түркі тілдерінде септіктерді бұлай грамматикалық және көлемдік септіктерге бөлуді бір жағынан шартты санайды, сондықтан бұлай бөлуден бас тартуға да болады деп есептейді. Бұл екі топқа бөлінетін септік жалғаулары кейде барыс-бағыттық болып сәйкес келсе де, сонымен қатар әрі грамматикалық әрі көлемдік септік қатарында жүрсе де, өзіндік ерекшеліктері бары байқалады. Бұл оларды грамматикалық және көлемдік септік деп екіге бөлудің ғылыми негізі барын білдіреді деп тұжырымдайды [6, 45-б.].

Грамматикалық септіктерге атау, ілік, табыс септіктері жатқызылады.

Көлемдік септіктерге: барыс, жатыс, шығыс септіктері жатқызылады. Егер грамматикалық септіктер тек заттық мағынамен байланысты болып бір ғана қызмет атқарса, көлемдік септіктер екі түрлі мәнде: заттық және адвербиалдық мәнде, екі түрлі қызмет атқарады; бірде зат есімнің грамматикалық көрсеткіші болып, жанама объектіні білдірсе, бірде өзі жалғанған сөзге бағыттық, мекендік, мезгілдік мағына қосып, пысықтауыш қызметін атқарып үстеуге де айналдырады, осындай қызмет оларды көлемдік септіктер деп бөліп атауға негіз болады. С. Исаев септіктерді бұлайша бөлу кейбір түркологтардың еңбектерінде орын алғанымен, қазақ тілі морфологиясы бойынша зерттеулерде жалғасын таппағандығын көрсетеді [5, 96-97-бб.].

Э. В. Севортян септік жүйесіндегі бұл ерекшеліктермен қатар, көне түркі, көне ұйғыр, көне және жаңа өзбек ұйғыр тілдерінде көлемдік септік тұлғаларының есімдік сөз табында грамматикалық септік тұлғаларының үстіне жалғанатынын көрсете келе, осы аталған тілдер үшін грамматикалық септік тұлғаларының қалыптасуы - алғашқы, ал көлемдік септіктердің одан кейінгі құбылыс екендігін айтады [6, 50-б.].

Бұны қазақ тіліндегі өзіндік үлкен ерекшелігі бар көмектес септігінің қалыптасу жолы арқылы түсінуге болады. Басқа түркі тілдерінде көмектес септігінің мағынасы көбіне септеулік шылау арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі көмектес септік тұлғасы: -мен, бен, пен септеулік шылаудан қалыптасқан: бірлән, білән > бінән, мінән, бынан > -мынан, -менен, -пенен > -мен, -бен, -пен [5, 96-97-бб.]. С. Исаевтың пайымдауынша, «сыртқы тұлғасы жағынан бұл мен, бен, пен жалғаулық шылауларына ұқсас болғанымен, одан жасалмаған. Бәлкім, жалғаулық шылау мен септеулік шылау төркіндес болып, бір сөзден тарап, бөлек-бөлек қалыптасып дамуы мүмкін. Сөйтіп, көмектес септік жалғауы кейін ғана қалыптасып, септік жалғау жүйесіне кеш енді. Оның бұл ерекшелігін көмектес септік жалғауының сырт тұлғасы да аңғартады: біріншіден, сингармонизм заңына бағынбайды, жалғаулардың жуан буынды нұсқасы жоқ, екіншіден, дыбыс үндестігіне қарай нұсқалануы да ерекше... Көмектес септіктің осындай ерекшеліктері жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінен де көрінеді; көмектес септігі тікелей түбірге жалғанбайды: мен - мен + і+ мен, сен+і+мен т.б. Бұл жердегі түбір мен көмектес жалғауының арасындағы -ны, -ні тұлғасы ілік септік сөздің түбіріне ғана емес, ілік септік тұлғасына жалғанған болу керек деген тұжырым тудырады» [5, 92-93-бб.].

Бұл тұжырымнан септік жалғауларының қалыптасу үдерісі тарихының көріністері аңғарылады. Грамматиканың заңы бойынша, сөз түрлендіруші қызмет атқаратын қосымшалар сөзге бір рет жалғанады, бірінің үстіне бірі жалғанбайды, бұл олардың сөйлемдегі атқаратын қызметіне байланысты, грамматикалық мағына түрленгенімен, негізгі қатысымдық мағына шешуші роль атқарады. Мысалы: Бөгенбай батырдың қанталаған дөңгелек көзінен от шашырағандай жалт-жұлт етеді. Әйтсе де баптап-таптап сөйлеген сөзі мен ажар-әлпетінен аса сабырлы-салмақтылық аңғарылады. Ұзақтың әңгімесі аяқталысымен

жұрт гуїлдесіп кетті. Айтқаныңның бәрі дұрыс. Екеуінің аузынан шыққан сөзді Жүсіп қағып алып, ерсілі-қарсылы аударып тұр (Қ. Жұмаділов). Мұндағы бірінші сөйлемде шығыс септігі жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, ол тұрақты тіркес құрамында тұр, ал екінші сөйлемде адамға тән «салмақтылықтың» нысанын көрсетіп, жанама толықтауыш жасап тұр.

Бұдан қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауынан басқа септіктердің қатысым әрекеті қажетіне орай функционалдық қызметтерінің сараланғаны, ал көмектес септігінің қалыптасу үдерісінде екендігі байқалады деуге болады. Түркі тілдерімен шығу тегі бір бола тұра, қазақ тілі септік жалғаулары қалыптасуындағы бұл ерекшеліктер қазақ тілінің өзіндік табиғатын танытатын фактор саналады. Көмектес септігі көлемдік септіктерге қызметі жаңынан ұқсас болғанымен синтаксистік мағынасы жағынан ерекшеленеді, соған орай ол құралдық септік аталады. Сонымен қатар, қазақ тілінің септелу жүйесі: жай септеу және тәуелді септеу болып бөлініп, оның септелудегі ерекшеліктері айқындалып, емлесі қалыптасып нормаға түскені де белгілі. Септелу жүйесінде қазақ тілінің табиғатына қайшы келер жайт байқалмаған. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің септелуі (мен, ме+нің, маған, ме+ні, менде, ме+нен, мен+і+мен), тәуелді септеудегі өзгерістердің (добым, добым+ның, добым+а, добым+ды, добым+нан, добым+мен; добың+а, добы+на, добы+н т.б.) себебі тарихи-семантикалық тұрғыдан түсіндіріліп келеді. Септік жалғауларының тіл иесі үшін үйлесімді, әуезді болуының себебі оның қазақ тілінің табиғатына бойынша емлеге түсірілгені екендігін тіл жанашыры А. Байтұрсынұлының мұраларын қайта-қайта зерделеп қарағанда, көз жеткізуге боатыны айқын.

А. Байтұрсынұлының септік жалғауларына қатысты айтқаны да осы қазақ тілінің табиғатына сай емлеге үйлестіру болатын. «Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ» деп, сөзге барыс және жатыс, шығыс септіктерінің жалғану ерекшелігі туралы төмендегіше тұжырымдайды:

біріншіден, «... ... я болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң, «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма деген сықылды... Сөздің

ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгереді. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тілдің табиғатынан қарағанда, қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал»-«малдай» дегенде «н» жоқ; «малды» - «малындай» дегенде неге «н» қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата», «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «-лар» бірдей болу керек деген емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғатың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған» дей келе, көптік жалғауының -лар/-дар нұсқаларының қолданысын салыстырады: «малдар» мен «маллар». «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады, «маллар» дегенде, «тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын», өйткені қос дауыссыз тіл таңдайдың алдына тіреліп, ауыз қуысын бітеп тастайды. «Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады, қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады» [7,91-94-бб.], -деп, тіл әуезділігі дыбыстың артикуляциясы мен акустикасында екеніне назар аудартады;

екіншіден, қазақ тілінің табиғаты бойынша тәуелді септеудің үшінші жағына барыс және шығыс септіктерінің жалғануы туралы дәлелдерінде А. Байтұрсынұлы: «Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң біз де «атасынан» деп жазып жүрміз. ... Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? Атасыға-атасыдан- атасыдай деп жазса, түсінбес пе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса, татарша болмайды. Қазақ та солай: -ның, -ны, -лар, -лық, -лы орынсыз жерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған» [7,94-95-бб.] деп, тәуелі септеудегі барыс септігінің қалай жалғануы керектігін көрсеткен:

1) атасы - атасыға - атасы+на

аты - атыға - аты+на

қолы - қолыға - қолы+на

2) атасы - атасындан - атасы+нан

аты - атындан - аты+нан

қолы - қолындан - қолы+нан

Мұндағы үшінші қатар тіл «табиғаты қалауынша» қазақ тілінің заңдылығы екені анық, сонымен қатар, тіл «табиғаты тартуынша» ол берік байланыс саналатын матасуды құрайды, дыбыс үндестігі жалаң емес, тәуелдік жалғауының үшінші жағы (-ы/сы) білдіретін меншік мағынасы да бар, ол заттың үшінші жақтағы субъектіге қатыстылығын танытады. Ал қазіргі күні «қазақша болмайтын», тіл табиғатын түсінетін жандардың құлағына түрпідей тиетін, жас ұрпақтың тілін бүлдіретін, әсіресе, жасанды акцент жасап «сән» қуып жүргендерді мүлдем жатқылатын, қалыптасқан норманы бұзушылық байқалады:

біріншісі - жоғарыда аталған барыс, жатыс, шығыс септіктерінің қолданысы (Елбасы+ға хат жолдады. Бірнеше отбасы+ға көмек берілді. Асуман ханым бүгін Рашидтің шарапханасы+на ән салады («Гүллі ханым») Отбасы+да ойдың ала-құлалығы шығып қалмай ма?);

екіншісі - көмектес септігінің қолданысы (Стоматолгтар ассоциациясы+мен ұсынылған. Президенттің теле-радио кешені+мен әзірленген (Тележарнама);

үшіншісі - шығыс септігінің қолданысы (Ашуынды мен+нен алдың («Жүрек жарған», Астана). Сен+нен ұят болды («Көңіл күйі»). Бұл қолданыста «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастаса, «меннен, сеннен» дегенде тілімізді тістейміз;

төртіншісі - көмектес септігінің қолданысы (Мен+i+мен ересің («Жау жүрек мың бала»). Деректер көрініп тұрғандай, бұлардың бәрі де БАҚ құралдарынан алынған.

Тілдегі әлем бейнесі адамның сезім мүшелері қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тіл - ақиқат болмыстың бейнесі, адамның әлем туралы білімінің қалыптасу және

өмір сүру формасы. Әлем бейнесі – адам дүниетанымының басты элементі, шынайы болмыс туралы адамның түсінігі [3,18-19-бб.], одан әлемнің ұлттық бейнесі түзіледі. Тіл - сол ұлттық бейне көрінісі. Тіл иесі қоғаммен бірге азды-көпті өзгеріске ұшырайды, көп жағдайда ол «тіл табиғаты қалауынша», белгілі заңдылықтар бойынша жүзеге асады. Ол - ықшамдау құбылысы екені белгілі.

Осы құбылыстың бір ғана көрінісі -«барады ма? болады ма? келеді ме?» т.с.с. Шашатарыңыз түседі ме? Олар үйге келіпті ме?», қазіргі күні жаппай қолданысқа айналып барады деуге болады. Ықшамдау құбылысының да мақсаты - тіл әуезділігі, тілді қисынына келтіріп жұмсау жолын көрсету.

Енді бір көңіл аударатын «құбылыс» - -лық/-лік жұрнағының жоқ жерде «активтенуі» мен етіс жұрнақтарының қолданысы. Бұған дәлел: әсем+ді+лік, көркем+ді+лік т.б. жаса+л+ын+ды, зертте+л+ін+еді, ата+л+ын+ады т.б. тәрізді қолданыстар. Қазақ тілі жалғанбалы тіл екен деп кез келген жерден сөз жасай беруге, түрлендіре беруге бола ма? Сөзжасамның да, түрлендірудің де қалыптасқан заңдылығы бар емес пе? Жоғарыда аталған сөздер - біреу-екеу болғанымен, актив қабатқа жататын сөздер, ал басқа қолданыстар - жастар күніне неше рет естіп, қолданылып жүргендер. Алаштың ардақтысы, тіл жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы: «Адам ана тілін жасынан естуінше үйренеді. Сонан соң, тіл танытқыш кітаптардан оқиды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып,өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды» демекші, қазіргі ұрпақ кімнен үйреніп тіл иесі болар екен?

А.Байтұрсынұлы тәрізді ұлт жанашырының: «Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң,оның түбі тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой - қата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ дегендік болады» деген жан айқайының білім нәрін Ана тілінде беретін, Адам болу ұстанымын Ана тілінде үйрететін ұлттық мектеп бағдарламаларын

«жаңартып», тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан жүйелі құрылымын шашып-төгіп «үйретіп» жүрген бүгінгі қазақ аспанында жаңғырып тұрғаны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.- Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007.- 336 б.
3. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы.-Алматы: Қазығұрт, 2014.-392 б.
4. Маманов И. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Арыс, 2007.- 488 б.
5. Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің лексика-грамматикалық сипаты.- Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
6. Севортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка.-М.: Наука, 1955.- 38 с.
7. Байтұрсынұлы А.//Алаштың тілдік мұрасы.-Алматы: «Кие»лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009.- 15-96-бб.

БӨЛІМ 3

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СЕМАНТИКАСЫ

БАЛҚИЯ ҚАСЫМ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СЕМАНТИКАСЫ

Балқия Қасым

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
профессоры,*

филология ғылымдарының докторы

Алматы, Қазақстан

e-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru

Кіріспе. Қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселенің бірі – морфология саласы. Морфологияның аясында зерттелетін етістік – қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделілерінің бірі. Оның күрделілігі лексика-семантикалық сипатынан, грамматикалық формалары мен категорияларының көптігінен, функционалдық қызметінен айқын көрінеді.

Етістік осы жалпы мағынасы арқылы барлық басқа сөз таптарынан ерекшеленеді. Өйткені етістіктің қимыл мағынасы ешбір сөз табының мағынасына ұқсамайды. Ол тек жалпы тіл атаулыға ғана қатысты емес, қазақ тіліне қатысты қағида. Сондықтан да ең көне заманның өзінде тіл білімінде алдымен етістік пен есім сөздер танылған. Оның ішінде етістік әлем тілдерінде басқа сөз таптарынан жігі анық бөлінген сөз табы болып саналады. Ол тек қазақ тіліне ғана қатысты емес, жалпы тіл атаулыға қатысты қағида.

Тілдің әрбір құбылысын зер сала зерттеу түркологияда кең орын алуына байланысты *күрделі етістік* деген терминге сыйғызылып жүреген тіл бірліктерінің ерекшелігі ашылып [1], олардың тілдің ұқсас құбылыстарынан аражігі қазақ тіл білімінде дәлелденіп, ғылыми айналымға енді. Түрколог А.Юлдашев ең бірінші аналитикалық етістіктердің ерекшелігін ашып қарастыруға [2], қазақ тіліндегі АЕФ-ті алғаш зерделеген проф. Н.Оралбаева [3]. Бұл арада көптеген зертеушілердің бір пікірде болғанын, алайда оларды атауда терминдік бірзділік болмағанын айта кеткен жөн. Бірде күрделі етістік, бірде тұрақты сөз тіркестері құрамында қаралып жүрген тіркестердің ерекшелігі арнайы зерттеліп, олардың тіл біліміндегі орны айқындала түсті.

Негізгі бөлім. Күрделі етістіктер – сөз жасаудың көне тәсілінің нәтижесі. Проф. Б. Қасым қазақ тілі күрделі етістіктерге өте бай екенін, оның бірімен-бірі жалғаса немесе бір мезгілде жасалатын қимыл атаулары адам санасында тұтас күрделі бір қимыл, бір ұғым болып бейнеленуі, олардың біртұтас лексикалық бірлікке ауысуын қалыптастырған деген тұжырым жасайды [4]. Етістіктің мұндай лексикалық единицаларының өзінің жасалу жолы бар, онда да сөз жасауға тірек болатын, ұйытқы болатын тілдік бірліктер бар, ондай бірліктердің күрделі сөз құрамында алатын тұрақты орны бар. Мұндай тілдік бірлікке күрделі етістіктің екінші сыңары (компоненті) жатады. Күрделі етістіктің екінші сыңары қазақ тілінде 30-ға жуық етістік бар. Бір топ зерттеушілер оларды құранды етістіктер, екінші топ күрделі етістік, үшінші топ аналитикалық етістіктер деп атайды. Бұл зерттеушілердің бәрі де есім-көмекші етістік моделімен жасалған етістіктердің компоненттері етістіктерден жасалған күрделі етістіктерден ерекше екенін дәлелдеген. Қазақ тіл білімінде күрделі етістік құрамынан аналитикалық формаларды бөлініп шығуы ғылыми тұрғыдан дәлелденді [5].

Етістіктің осындай сан қырларын зерттеуге арналған еңбектер аз жазылмаса да, оның грамматикалық категория ретіндегі барлық ерекшелігі танылып, толық зерттелді деуге бола қоймас. Өйткені етістіктің лексика-семантикалық сипатын, грамматикалық ерекшеліктерін, функционалды-коммуникативті қызметін зерттеуде толықтыра түсуді қажет ететін тұстар, сондай-ақ жекеленген мәселелердің төңірегінде ала-кұла пікірлер

де кездеседі. Соның бірі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылымдық жүйесі болып табылады.

Категория түрлері тілдік бірліктерді топтауға негіз болатын белгілердің, қасиеттердің сипатына қарай ажыратылады. Тілдік бірліктерді грамматикалық және лексикалық категорияларға топтастыруда белгілі бір ұқсастық бар. Жалпы лексикалық категорияларға жіктеуде тілдік бірліктің лексикалық семантикасы, ал грамматикалық категорияларға жіктеуде оның грамматикалық сипаты басшылыққа алынады. Мәселен, ұғыммен байланысты болып, белгілі бір мағынаны білдіретін сөз лексикалық мағынасы арқылы басқа сөздерден дараланатын болса, екінші жағынан жалпы грамматикалық ортақ мағына арқылы өзара топ құрап, бірігеді. Категория түрлері тілдік бірліктерді топтауға негіз болатын белгілердің, қасиеттердің сипатына қарай ажыратылады. Тілдік бірліктерді грамматикалық және лексикалық категорияларға топтастыруда белгілі бір ұқсастық бар. Жалпы лексикалық категорияларға жіктеуде тілдік бірліктің лексикалық семантикасы, ал грамматикалық категорияларға жіктеуде оның грамматикалық сипаты басшылыққа алынады. Мәселен, ұғыммен байланысты болып, белгілі бір мағынаны білдіретін сөз лексикалық мағынасы арқылы басқа сөздерден дараланатын болса, екінші жағынан жалпы грамматикалық ортақ мағына арқылы өзара топ құрап, бірігеді. Осы тұрғыда әлемдік тіл білімінде өзіндік дифференциалды көрсеткіштері бар тілдік категориялардың негізінен жалпы үш түрін көрсету орныққан көзқарас деуге болады. Олар:

- лексика-семантикалық категория;
- лексика-грамматикалық категория;
- грамматикалық категория.

Мәселен, С.Исаев грамматикалық категорияны екіге бөліп қарайды: лексика-грамматикалық категория және таза грамматикалық категория [6, 64]. Таза грамматикалық категория деп қарастырғаны – морфологиялық категория. Ғалым мұнда түбір семантикасын өзгертпей, оған ешқандай қосымшамағына үстемей, тазаграмматикалық мәннемесе мағына үстейтін шартты негіз етіп алады. Ал лексика-грамматикалық категорияларда жалғанған қосымша түбірдің лексикалық мағынасына өзгеріс енгізеді.

Сөйтіп, лексика-семантикалық және грамматикалық сипаттарына қарай олар таза грамматикалық категориялардан ерекшеленеді. Автор екінші топтағы категориялардың қатарына етістіктің етіс формаларын, болымсыз етістікті, салт және сабақтылық категориясын және күшейтпелі етістік тұлғаларын немесе көріністі жатқызады. Бұл тұста автордың күшейтпелі етістік немесе *көрініс* деп отырғаны, біздіңше, *қимылдың өту сипаты* категориясына қатысы бар сияқты. Алайда ол еңбегінде қимылдың өту сипаты терминін қолданбайды. Мәселен, «Қазақ грамматикасы» атты 2002 жылы жарық көрген соңғы іргелі академиялық грамматиканың етістікке қатысты бөлімінің авторы – С.Исаев [7]. Ғалым етістіктің грамматикалық сипатын және етістік тұлғаларының жүйесін түсіну үшін олардың (етістіктің сөз табының) сөйлеудегі қолданылу ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажеттігін айтады. Ол етістіктердің қолданысына талдау жасай келе, таза грамматикалық категориялар деп жақ категориясы, рай категориясы мен шақ категориясын ғана көрсетеді [7, 512-527]. С.Исаев бұл категориялардың жоғарыда санамалап көрсетілген грамматикалық (морфологиялық) категорияларға қойылатын талаптарға толық жауап бере алатындығын негізге алған. Яғни бұл категориялардың грамматикалық мағынасы өзара қарама-қайшылыққа құрылған мағыналардың парадигмалық жүйесін жасай алады.

Грамматикалық формаларының көптігі мен мазмұнының байлығы жағынан және қызметтерінің әлеуеті мен сан-салалығы жағынан етістіктер тілдегі сөз таптарының жүйесінде ерекше орын алады. Етістіктің бұл ерекше орны, біріншіден, оның формаларының бәріне де тән, бәріне де ортақ, бәрінде де болатын жалпы сипаттармен, екіншіден, сол формалардың өзді-өздеріне ғана тән, өзгелерінде жоқ жеке ерекшеліктерімен байланысты. Өйткені етістік формаларының бәріне тән, бәріне ортақ, жалпы сипаттары оларды (формаларды) етістік деп аталатын үлкен категориясының айналасына шоғырланатыны жалпы белгі болса, әр формаға тән жеке ерекшеліктер оларды алды-алдына саралап, бір-бірінен ажырататын семантикалық және грамматикалық сипаттарының көрсеткіші есебінде қызмет етеді.

Құрамы жағынан етістік түбірлер негізгі (оқы, айт, біл т.б.), туынды (шеге-ле, сан-а т.б.), біріккен (әкел - алып кел, сөйт - солай ет т. Б.)

қосарланған (бөліп-жару, сылап-сипау т.б.) тіркесті (қор ету, жек көру т.б.) түбірлер болып келеді.

Етістік сөйлемде негізгі мәнде де, көмекші мәнде де қолданылады. Жеке тұрғанда лексикалық мағынасы бар түрін немесе күрделі етістіктің негізгі мәнін емес, грамматикалық мәндерін білдіретін сыңарын көмекші етістік деп атайды. Көмекші етістіктің мәнді, мәнсіз (Маманов Ы) [8] немесе толымды, толымсыз (Ысқақов А) [9] түрлері болады.

Функциялық етістіктердің ерекшелігі, бұлар басқа сөз таптарының грамматикалық функциясын екінші атқарады, яғни басқа сөз таптарымен мәндес болып келеді. Соған орай бұлар **үш топқа** бөлінеді. Бірінші тобы зат есімге бейім болып келеді. (тұйық етістік, -ғы формантты етістік, -с формантты етістік). Екінші топқа жататындары мағынасы, қызметі жағынан сын есімге бейім болады (есімше формалар). Үшінші топқа жататын функциялық етістік тұлғалары үстеуге бейім болады да, қимыл үстеу деп аталады [10, 65]. Бұған көсемше формалары, шартты рай формасы жатады. Осы функциялық етістіктердің жіктелуі арқылы етістіктің рай, шақ формалары пайда болады.

Сөйтіп, етістік категорияларын мынадай тәртіппен сатылап бөлуге болады. Бірінші орында **түбір етістіктер**, екінші орында **модификациялы етістіктер**, үшінші орында функциялық етістік тұлғалары, төртінші орында рай, шақ категориялары. Ы.Маманов қазақ тіліндегі барлық етістіктердің тізбегін көрсетеді [11, 300].

Етістіктің грамматикалық категорияларындағы мағынаны танытудың ерекше тәсілі – **аналитикалық форманттар**. Осы мәселеге қатысты ғылыми мақала, монографиялық зерттеулер жарық көрді. Олардың ішінде етістікке арналған Н.Сауранбаевтың, С.Аманжоловтың, Ы.Мамановтың, А.Қалыбаеваның, Н.Оралбаеваның, Б.Қасымның, Қ.Мамаділовтің, К.Қарымбаеваның т.б. еңбектерді атауға болады. Қазақ тілінде олар көсемшелі негізгі етістік пен көмекші етістіктердің тіркесуі арқыла жасалады. Профессор Н.Оралбаеваның зерттеуінен қимылға қатысты құбылыстардың тілде берілу табиғатына, семантикасына, етістіктің мағынасының байлығына, бейнелілігіне, шындық өмірдегі адам әрекетін дәл суреттеу шеберлігіне, аналитикалық форманттармен дәлдікпен беруін талдаған. Ғалым оларды төмендегіше жіктеген:

- ◆ қимылдың жасандылығын білдіретін тілдік бірліктер -ған бол, мысалы, айтқан бол, сұраған бол, көрген бол;
- ◆ толық орындалмаған қимылдың білдірілуі -а жазда, мысалы, құлай жаздады, кетіп қала жаздады, ұра жаздады, айта жаздады;
- ◆ қимылдың бағытталуының білдірілуі -п ал, -п бер, мысалы, тойып алдым, көшіп алдым, жазып бердім, алып алдым, қайтып бердім;
- ◆ қимылдың ерекше ынтамен жасалуы -ып бақ, мысалы, шыдап бақ, айтып бақты, жылап бақты, тыңдап бақты;
- ◆ қимылдың немқұрайды жасалуы -а сал, -а отыр, - е жүр, мысалы, айта сал, сөйлей отыр, жаза сал, оқи сал, байқай жүр, көре сал, тыңдай отыр;
- ◆ қимылдың күтпеген жерден жасалуы -а қой, -а кет, -а қал, мысалы, баса қойды, сезе қойды, айта қойды, жабыса кет, отыра кет, келісе кетті, елеңдей қалды, сезе қалды, сұрлана қалды;
- ◆ қимылдың қысқа, батыл жасалуы -п таста, -п жібер, - п түс, - п қал, мысалы, айтып таста, айтып жібер, қойып жібер, күліп жібер, жазып таста, тіліп түсті, қауып түсті, айқаса түсті, айтып қал;
- ◆ қимылдың ерекше қарқынмен жасалуы -п кеп жібер, -п кеп қал, мысалы, айтып кеп жіберді, періп кеп қалды;
- ◆ қимылдың созылуы, қайталануы -е бер, -е түс, мысалы, айта бер, ойнай түс;
- ◆ қимылдың жасалуына шек қойылу -е тұр, мысалы, күте тұр, оқи тұр, жата тұр;
- ◆ қимылдың жасалуға бейімділігін білдіру -ғалы отыр, -ғалы жатыр, -ғалы тұр, -ғалы жүр, -йын де, мысалы, барғалы отыр, айтқалы жатыр, барайын деп отыр;
- ◆ қимылдың динамикалық қалыптан статикалық қалыпқа көшуі -ып қал, отырып қалды, тыңдап қалды, ойланып қалды, жатып қалды;
- ◆ бір қимылдың соңынан ілесе екінші қимылдың жасалуы -е сала, -а сала, -а салып: ала сала, келе сала, бара салып, оқи сала,

түсіне сала т.б. [12]. *Аналитикалық формант* деп қосымша мен көмекші етістіктің бірлігінен тұратын, категория мағынасын білдіретін күрделі морфологиялық көрсеткіш аталады. Мысалы, Апам болса, ауданда *сырқаттанып жатыр*. Ақбөпе екеуміз таңертеңнен *айтып жүрміз* (С. Жүнісов). Осы екі сөйлемдегі сырқаттанып жатыр, айтып жүрміз деген аналитикалық формалы етістіктер -ып жатыр, -ып жүр деген аналитикалық форманттар арқылы нақ осы шақ мағынасын білдіреді.

Қазақ тілі етістіктің аналитикалық формантына өте бай. Етістікте 70-тен аса аналитикалық формант бар: -а ал, -п бақ, -п ал, -п бар, -а бар, -а баста, -е бер, -п бер, -ған бол, -п бол, с- біл, -п біт, -а жазда, -п жат (-ыр), -е жөнел, -п жүр, -е жүр, -п жібер, - йін де, -са игі еді, -са екен, -ға еді, -са еді / екен / жоқ, -п кел, -е кел, -п кет, -а кет, -п көр, -е көр, -п қал, -а қал, -п қой, -а қой, -п отыр, - а отыр, -п өт, -п сал, -а сал, -п таста, -п тұр, -а тұр, -п түс, -е түс, -п шық, -а шық, -п сала бер, -п кеп жібер, -п кеп қал, -ғалы отыр, -ғалы жат (-ыр), -гелі жүр, -ғалы тұр, -а сала (-а салып), -қоя бер, -п келе жат, -п бара жат, -п болып қал, -ғы кел, -ушы болма, -а көрме, -ған болса, -р болса, -п жүре бер, -п кеп кет, -п сала бер, -п кеп бер, -уге бол т.б.

Аналитикалық форманттар функционалдық қызметте қолдану мақсаттарына қарай әр түрлі мән-мағыналар мен қосалқы түрде ұғынылатын әркілі реңктерге ие болады. Мысалы, төменде келтірілген көсемшенің -п және -й жұрнақтары арқылы жасалған жалаң аналитикалық форманттардың салыстыра берілген тілдік деректерден көруге болады:

1. -п ал форманты жетекші етістікке жалғанғанда, субъект өзге істі қоя тұрып (осы), әрекетті әуелі өзі үшін, өз мүддесі үшін жүзеге асырып алуды қалатындай мән (реңк) үстейді. Мысалы: көріп алды: жұлып алды; сыпырып алды; ұйықтап алды; сөйлесіп алды; жазып алды т.б.
2. -п бар форманты жетекші етістікке амалдың бірте-бірте я үдеуін, я бәсеңдеуін білдіретіндей реңк үстейді. Мысалы: (күн) шығып барады; таусылып барады; кеш батып барады; ауыл көркейіп барады т.б

3. -п бер форманты жетекші етістікке амалады бөгде адам үшін істелетініндей реңк үстейді. Мысалы: айтып бер; жазып бер; сөйлесіп; шешіп бер; түсіндіріп бер; көрсетіп бер т.б.
4. -п кел форманты жетекші етістікке амалдың бірте-бірте я дамуын, я бәсеңдеуін білдіретіндей реңк жамайды. Мысалы: өсіп келеді; көркейіп келеді; есейіп келеді (-п бар формантымен синонимдес).
5. -п қал форманты жетекші етістікке амалдың бірден басқа күйге (динамикадан статикаға) көшкенін білдіретін реңк қосады. Мысалы: 1) жатып қалды; ұйықтап қалды т.б. 2) шаршап қалды; қорқып қалды; шошып қалды т.б. -п кетті (шаршап кетті; қорқып кетті т.б.) формаларына мағынасы жақын (жығылып қалды; құлап қалды).
6. -п сал форманты жетекші етістікке амалдың бірден именбей білдіретін реңк үстейді. Мысалы: айтып салды; суырып салды; шығарып салды;
2. -п бар форманты жетекші етістікке тіркескенде, оған өзінің негізгі мағынасын қосады, бірақ жетекші етістік көмекші етістік арқылы алатын амалдың не мақсатын, не одан бұрын жол жөнекей істелетін амалды білдіреді. Мысалы: ала бар; қарай бар; көре бар; тыңдай бар; оқы-и бар т.б.
7. -п кет форманты жетекші етістікке амалдың бірден я кенеттен басқа күйге немесе қалыпқа көшкенін білдіретіндей реңк үстейді. Мысалы: шаршап кетті; шөлдеп кетті, үсіп кетті; суып кетті; қайнап кетті; басып кетті; қорқып кетті т.б.
8. -п көр форманты жетекші етістікке амалды жүзеге асырып байқау я жүзеге асырып көру мағынасын көрсететін реңк қосады. Мысалы: ашып көр; айтыа көр; жазып көр; сөйлеп көр; тыңдап көр; оқып көр; татып көр т.б.
9. -п қой форманты жетекші етістікке амал- шығар; құрап шығардың нәтижесін күтеріліктей раймен тиянақтап орындауды алдын ала ескертетіндей реңк үстейді. Мысалы: айтып қой; жазып қой; оқып қой; тазалап қой т.б.

10. -п таста форманты жетекші етістікке амалды құлшына, жігерлене мүдірмей тез істеуді білдіретіндей реңк жамайды. Мысалы: жазып таста; сыпырып таста; бітіріп таста; өшіріп таста т.б.
11. -п түс форманты жетекші етістікке амалды шұғыл орындау реңкін жамайды, сондай-ақ бұл форманттың -п кеп түс деген күрделенген түрі де қолданыла береді, бірақ күрделі формант амалды әрі кенет, әрі өте шұғыл істеу реңкін күшейтінкіреп түсуді білдіреді (ыршып кеп түсті; атқып кеп түсті; оршып кеп түсті т.б.).
12. -п шық форманты жетекші етістікке амалды ақырына дейін аяқтау тындыру мәнін үстейді. Мысалы: айтып шық; ақтап шық, дәлелдеп шық; бояп шық т.б.
13. -п баста (аналитикалық формант емес)
14. -п біл (аналитикалық формант емес)
15. -п бақ (аналитикалық формант) формантты жетекші етістікке амалды шын ықыласпен, тыңғылықты ниетпен тынбай істеу мағынасын үстейді. Мысалы: айтып бақ; көріп бақ; естіп бақ (түсіндіріп бақ; істеп бақ) т.б.
16. -п біт (аналитикалық формант) формантты жетекші етістікке амалды шегіне жеткізу, аяқтап болу мағынасын қосады. Мысалы: айтып біт; жазып біт; жинап біт; тасып біт т.б.
17. -п жібер (аналитикалық формант) формантты жетекші етістікке амалды бірден кенет орындау я жүзеге асыру реңкін жамайды. Мысалы: айтып жібер; алып жібер; күліп жібер; жылап жібер; айқайлап жібер т.б.
18. -п қара (аналитикалық формант) формантты жетекші етістікке амалды жүзеге асырып көру мағынасын үстейді, сондай-ақ, белгілі интонациямен айтып, зіл тастау, сес беру, сақтандыру тәрізді мағына үстейді. Мысалы: айтып қара; оқып қара; тыңдап қара; барып қара; аяғыңды басып қара т.б.
19. -й ал форманты жетекші етістікке тіркескенде, оған сол амалды жүзеге асыру я орындау мүмкіндігін (бар, жоқ) білдірерліктей

- реңк қосады. Мысалы: бітіре аласың ба, бітіре алмайсың ба? Шыдай алған екен; үйден шыға алмадым т.б.
20. -й бер форманты жетекші етістікке амалды амалды тоқтаусыз жүзеге асыра беруді нұсқайтындай реңк жамайды. Мысалы: жаза бер, көре бер, сөйлей бер, тыңдай бер, ала бер, түсіндіре бер т.б.
21. -й кей форманты жетекші етістікке дәйім -й (-а, -е) немесе -ып (-іп, -п) формасында тіркесіп, сол амалды аяқтау және одан кейін жүзеге асырылмақшы әрекетті бастау қарсаңында болатын кідірісті аңғартатын реңк қосады. Мысалы: сөйлей келе; қорыта келе; баяндай келе; сөйлей келіп; баяндай келіп т.б.
22. -й қал форманты жетекші етістікке амалдың кенеттен басқа күйге немесе динамикалық процестің статикаға көше қойғанын білдіретін реңк қосады. Мысалы: жата қалды; ұйықтай қалды; шошып қалды; келе қалды т.б.
23. -й сал форманты жетекші етістікке амалдың нәтижесін күтпей-ақ бірден тез немесе жүрдім-бардым жүзеге асуын білдіретіндей реңк қосады. Мысалы: ала сал; жаза сал; оқи сал; қоя сал; жия сал; іше сал; біле сал т.т.
24. -й кет форманты жетекші етістікке амалдың кенеттен, лажсыздан, ырықсыздан басқа қалыпқа я күйге көшкенін білдіретіндей реңк қосады. Мысалы: қисая кетті, сұлай кетті; құлай кетті, жантая кетті т.б.
25. -й көр форманты жетекші етістікке амалды орындауды я жүзеге асыруды өтіну, тілеу, сұрау реңкін жамайды. Мысалы: айта көр, қарай көр, сұрай көр, біле көр т.б.
26. -й қой форманты жетекші етістікке амал (ойла-п шығар; қала-п жүзеге асыруды (асыра қоюды) аңғартатындай реңк қосады. Мысалы: айта қой; көре қой; біле қой; тыңдай қой; жаза қой; тазалай қой; апара қой т.б.
27. -й таста форманты жетекші етістікке амалды басқа бір әрекеттен бұрын жол-жөнекей тындыра салу мағынасын үстейді. Мысалы: сілтей таста; көтере таста; лақтыра тастап; орай тастап; түйрей тастап т.б.

28. -й түс форманты жетекші етістікке амалды бөгелмей тағы да я үстей, я жалғастыра, күшейте, я бәсеңдете, солғындата істеу реңкін жамайды. Мысалы: айта түс, біле түс, көре түс, қарай түс, отыра түс т.б.
29. -й шық форманты жетекші етістікке амалды басқа бір әрекеттен я бұрын, я онымен жарыстыра тындыру мағынасын қосады. Мысалы: қостап шық; ақтап шық; жаза шық т.б.
30. -й баста форманты жетекші етістікке амалдың басталуын білдіретін мағына жамайды. Мысалы: жиыла бастады; кірісе бастады; көріне бастады; жүре бастады т.б.
31. -й біл (аналитикалық формант) формантты жетекші етістікке амалды жүзеге асыра алу қабілетіне ие болуын аңғартатындай мағына қосады. Мысалы: біле біл, жаза біл, түсіне біл, түсіндіре біл т.б.

Түбір етістікте негізгі қимыл мағынасы беріледі. Оған қосылған етіс көрсеткіші қимылдың объектіге, субъектіге қатысын білдіреді. Келесі кезеңде не бірнеше объектіге ортақ қимылды, не объектісіз, субъектінің өзіне жасалатын немесе субъектілердің әсері арқылы бөгде біреу жасайтын қимылдың қалай жасалғаны, қандай сатыда екені көрсетіледі. Объект мен субъектінің қатысы арқылы белгілі тәсілмен қимылды жасау субъектінің қолынан келетін я келмейтін, не ондай қимылды жасауды субъектінің ұнататын я ұнатпайтын модалділік көрсеткіштері арқылы беріледі. Мысалы: Сен оларды әрі қарай оқы+т+а бер+е аласың. Мұндағы оқы етістігіне өзгелік етістің -т жұрнағы жалғанып, сол арқылы оқу қимылын бөгде біреуге жасату мағынасы берілсе, оған қосылған -а бер форманты (қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіші) оқу қимылын біреуге жасатуды созу мағынасы қосылды, етістік оқу қимылын береуге жасатудың жалғасуын, созылуын білдірді. Одан кейін модалділік категориясының -а бер форманты қосылып, оқу етістігі қимылды біреуге жасатуды әрі қарай созу субъектінің қолынан келетінін білдіреді.

Қорытынды. Етістіктің аналитикалық форманты деп жетекші етістікке қосылып айтылатын қосымшалар мен көмекші етістіктен құралған, етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты

мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштерді айтамыз. Олай болса, аналитикалық форманттар негізінде жетекші сөзге қосылған бір қосымша мен бір көмекші етістіктен құралды. Аналитикалық форманттар тілімізде өте жиі қолданылады. Сондықтан олар сан жағынан көп. Бірақ соған қарамай, олардың компоненттерінің орны мейлінше берік, құрамы тұрақты болады. Аналитикалық форманттардың компоненттерінің тұрақтылығына байланысты, әрбір аналитикалық формант белгілі бір құрамда, белгілі бір мағынаны білдіретін формант түрінде қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасымова Б. Сложные глаголы в современном казахском языке. Автореферат дисс. ...канд.филол. наук. – Алма-Ата, 1992. – 22 с.
2. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – М.: Наука, 1965. – 276 с.
3. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.
4. Қасым Б.Қ. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.
5. Оралбаева Н. Аналитические формы глагола в современном казахском языке. Автореф. дисс. ...докт. филол. наук. – Алматы, 1971. – 75 с
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. –Алматы: Рауан, 1998. – 305 б.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.
8. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1966. – 183 б.
9. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1991. – 381 б.
10. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 307 б.
11. Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 490 б.

12. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі егістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 196 б.

БӨЛІМ 4

ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

ЖАПАРОВА АИДА

ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Жапарова Аида

Филология және көптілді білім беру институтының оқытушысы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы

E-mail: ayida-japarova@mail.ru

Қазіргі жаһандану үдерісінде түрлі ғылым салалары бір-бірімен ықпалдасып, бірінің жоғын екіншісі толықтырып, байытып, жаңалап отыр. Салалық ықпалдасудың нәтижесінде ғылымның жаңа бағыттары пайда болып, оның өзі жаңашылдық идеялардың жаршысы болуда. Осы бір үрдіс әлемдік тіл білімінде де көрініс тауып отыр. XX ғасырдың орта шенінде тіл білімінде алғаш көрініс тапқан этнолингвистика саласымен бірге енді тіл мен мәдениетті сабақтастыра қарастыратын жаңа пән пайда болды. Ол – лингвомәдениеттану. Тіл біліміндегі лингвомәдениеттану мен этнолингвистика бір-біріне ұқсас салалар. Дегенмен олардың өз алдына атқаратын қызметтері де жоқ емес.

Тіл мәдениетпен тығыз қарым-қатынаста дамиды. Осы екі бағыттың сабақтасуы негізінде лингвомәдени логика пайда болды да, ол XX ғасырдың 90-шы жылдарында толыққанды қалыптасқан лингвистиканың тәуелсіз бағытына айналып үлгерді.

Лингвомәдениеттану атауы соңғы отыз жыл уақыт бедерінде В.Н.Телия басшылығындағы фразеологиялық мектептің жұмысына, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.В.Воробьев, В.Шаклеин, В.А.Маслова және т.б. зерттеушілердің еңбектеріне байланысты пайда болды.

Орыс ғалымы В.А.Звегинцев тілдің мәдениетпен, халықтық әдет-ғұрыптармен, қоғамның немесе тұтастай ұлттың әлеуметтік құрылымымен байланысын зерттеуге бағытталған бағыт ретінде сипаттайды [1].

Лингвомәдениеттанулық бағыттың негізін салушылар тілді мәдениеттің «табиғи» субстраты ретінде түсіндіреді. Ол әлемнің психикалық реттелу құралы және этникалық көзқарасты бекіту құралы ретінде қызмет етеді. Адамзат мәдениеті – бұл әртүрлі этникалық мәдениеттердің жиынтығы, өйткені әртүрлі халықтардың бірдей қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері түрліше болып келеді.

Қазіргі тіл білімінің даму бағыты қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесіндегі жаһандану үдерісіне төтеп берудің негізінде ұлттық тілдің табиғаты мен асыл қазынасын сақтау үшін тілдік бірліктерді тіл мен таным тұтастығы, тіл мен мәдениет сабақтастығы, лингвофилософиялық құндылықтар жүйесінен зерделеуді қажет етеді.

Әлемнің тұтас бейнесі тілде сақталған деген қағидатқа сәйкес соңғы жылдардағы ғылыми ізденістердің даму бағыты антропоэзектік ұстанымды негізге алып, тілдің табиғатын адам табиғатымен тығыз сабақтастыра қарастыру арқылы «адам-қоғам-мәдениет» ұштағанын қалыптастырып отыр.

Бұлбағытта тіл бірліктері таза лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылым тұрғысынан ғана қарастырылумен шектелмей, ұл тілінің этномәдени ерекшеліктері, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, когнитивтік, социоллингвистикалық, психоллингвистикалық, концептуалдық жүйелермен сабақтастыра зерделегенде ғана ұлт тілінің асыл қазыналары мен қайнар бұлақтары жан-жақты ашылады [2, 13].

Тіл тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Сондықтан тілдің көп қырлы сан-салалы қызметін, адам және оның ақыл-ойымен, аялық білім қорымен, ұлттық дүниетанымдық көзқарасымен, тілдік санадағы этномәдени стереотиптік болмыс-бітімімен сабақтастыра қарастырудың өзектілігі

жоғары. Өйткені тілдің кешенділігі қауымдық топтың этномәдени ерекшеліктерімен, жеке индивидтің дүниетанымдық көзқарасымен қатар сол тілде сөйлеуші қоғам мүшелерінің когнитивтік санасында, генетикалық табиғатында, психофизиологиялық болмысында, әлеуметтік жағдайы мен географиялық ортасында, гендерлік жүйесінде өзіндік көп қырлы кешенділік сипатымен көрініс береді.

Кез келген этнос пен қауымдық топтың, халықтың, ұлттың өзіндік болмысы мен дүниетанымы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани және материалдық мәдениеті оның тек жанды тілі арқылы ғана дәйектеледі. Яғни кез келген тіл белгілі бір ұлттың эталондық көрсеткіші болады. Оған этномәдени біртектілік, ұжымдық сана, территориялық біртұтастық, қауымдық құрылым тоғысады.

Тілдің сапалық белгісі коммуникативті қасиетке ие ақпарат беруші таңбалар жүйесінен ғана тұрмайды, ол осы кешенділік сапаның бәрін қамтитын ұлттық мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Мәдениет – жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын күрделі ұғым. Мәдениетті жасайтын және оны тұтынатын – адам. Сондықтан мәдениет, ең алдымен, адам әлемі ретінде саналады. Өйткені мәдениеттің қандай түрі болмасын онда адамның ақыл-ойы, парасаты, наным-сенімі, дүниетанымы, эстетикалық талғамы заттандырылып, материалдық және рухани игіліктер көрініс табады.

Мәдениет деген сөз қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. О баста арабтың «маданият» деген сөзі «қала», «қалалық» деген ұғымды білдірген. Мұның өзі ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениеттанушылардың атап көрсеткеніндей мәдениетке берілген анықтамаларды альтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. «Мәдениет» ұғымын талдауды мәдениеттанушылар көне заманнан бастайды. Көне заманда мәдениет «жерді өңдеу» деген ұғымды білдірген. Бұл тұста көзге түсетін нәрсе – мәдениет пен табиғатты қарсы қоюшылық. Кейінірек Цицеронның еңбектерінде (б.д.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп «жанды

жетілдіру» деген ұғымда жұмсалды. Уақыт өте келе Еуропада мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «кабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарда қолданыла бастайды.

Сондай-ақ бүгінгі ғылымтануда – заттық мәдениет, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, этнос мәдениеті, этникалық мәдениет, ұлттық мәдениет, шығыс мәдениеті, постфигуративтік мәдениет (дәстүрлік мәдениет), конфигуративтік мәдениет (замандастық мәдениет), предфигуративтік мәдениет (жас ұрпақтық мәдениет), тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, тамақтану мәдениеті, киіну мәдениеті, төл мәдениет, жалпы адамзаттық мәдениет, аймақтық мәдениет, жазу (жазба) мәдениеті, кәсіби мәдениет, т.б. Мұның сыртында көркемөнер мәдениеті, экологиялық мәдениет, оқу мәдениеті, ғылым мәдениеті, экономикалық мәдениет, т.б. сияқты топтастырушылық та бар.

Демек, мәдениет адамзаттың адам болуынан бастап, оның бүкіл рухани ізденісі, шығармашылығы, тәжірибесі жинақталған мындаған жылдардың жемісі. Бұл орайда Н.В.Гончаренконың мына бір пікірін келтіруге болады: «Мәдениет – адам ақылының ұлы жеңісі, табиғаттың дүлей күшін, тағылықты, надандықты бағындырып, өзіне деген өшпенділікке, қараңғылық пен теріс күштердің әсеріне төтеп берді, мұны жоғары дәрежелі жетістіктерінің мәңгілік шежіресінің көрінісі деуге болады. Бұл жеңіс - оның шын мәнісіндегі алғашқы мақтанышы болуға лайық жеңісі» [3, 14].

Рухани құндылықтарға ұлттық дүниетаным мен діл, ұлттық психология мен моральдық-этикалық нормалар, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, ырым-жоралғы және т.б. жатады. Рухани мәдениетке С.Темірбеков, ең алдымен, адамгершілік құндылықтарын жатқызады. Зерттеушінің пайымдауынша, ар-намыс, парасаттылық, адамгершілік, сенімділік, мейірімділік, кішіпейілділік, кешірімділік және тәуелсіздікке, еркіндікке, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс, өзін-өзі бағалау сияқты құндылықтар жинағы – халықтың рухани мәдениетінің негізі, іргетасы. Мәдениеттанушы ғалым: «Мәдениеттің қалыптасу кезеңі адамның адам болуынан, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қажет қарапайым норма, ереже, тыйым, бұйрықтардан басталады, ал рухани мәдениетке

жатқызатын әдебиет, өнер, дін, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б. кейінгі уақыттың жетістігі», - деп жазады [2].

Заттық (материалдық) мәдениетке адамның өмір сүруіне қажетті ішер асы, киетін киімі, тұратын баспанасы, көлігі, қолөнерінің бұйымдары, ауыл шаруашылық және мал шаруашылық құрал-саймандары, өнім өндіретін шикізаттары, қару-жарағы, аңшылық, саятшылық жабдықтары, саз аспаптары, ыдыс-аяқ, жиһаз, т.б. жатады. Яғни «материалдық мәдениеттің шындық өмірдегі, күнделікті тұрмыстағы заттармен тығыз байланыста қаралатыны белгілі» [4]. Демек материалдық мәдениет заттар әлеміне барып саяды. Этнографтар табиғат сыйынан тыс, адам қолынан шыққанның бәрі мәдениеттің айғағы бола алады деп санайды.

Қазақ халқының рухани болмысы мен ой-арманы, қиял-ғажайыбы, іс-әрекеті нәтижесінде күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті құрал-сайман, киім-кешек, қару-жарак, тұрмыстық заттар мен қолөнер бұйымдары сияқты сан алуан материалдық заттар әлемі дүниеге келгені белгілі. Яғни, ұлт мәдениетінде рухани мәдениет пен материалдық мәдениет етене тығыз байланыста дамыған. Әйтсе де бүгінгі ғылымтануда шартты түрде болса да рухани мәдениет және материалдық мәдениет деп топтастыру кездеседі.

«Тіл мен мәдениет біртұтас» деген қағидатқа сәйкес, қазақ тілінің ұлттық мәдениетін танытатын рухани және материалдық лексиканың барлық жиынтығын іштей сала-салаға жіктеп, жүйелеп, сал алуан ұғым-түсініктердің мән-мағынасын ашып, этностың дүниетанымдық таным-талғамы тұрғысынан түсіндіру тіл ғылымы үшін қашан да өзекті мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі тіл ғылымындағы лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың рөлі ерекше.

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара қатынасының тілдегі көрінісін қарастырады. Ол – тілдік және тілдік емес (мәдени) мазмұнды бірліктерді біртұтас құрылым ретінде кешенді әдістемелер көмегімен және қазіргі заманның басты бағыттары мен мәдени ұстанымдарын негізге ала отырып жинақтаушы түрінде зерттейтін кешенді ғылым.

В.А.Маслова бұл жаңа саланың ұлт мәдениетін тануда этнолингвистикамен сабақтас, ұштас екенін алға тартады: «Лингвокультурология – эта отрасль лингвистики, возникшая на стыке

лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке. С ней тесно связана этнолингвистика и социоллингвистика, причем настолько тесно, что это позволяет В.Н.Телия считать лингвокультурологию разделом этнолингвистики» [5, 14].

Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні. Лингвомәдениеттанудың антропоэзектік бағыты тіл мен мәдениеттің байланысын, тілдің мәдениетті сақтау, сипаттау, жарыққа шығару кешенділігін зерделейді.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ұлт мәдениеті үшін бір-бірімен етене тығыз байланысты ғылыми іргелес пән екенін А.Сейілхан төмендегідей пікірмен дәйектейді: «Лингвомәдениеттану этнос мәдениеті мен сол тілде сөйлеуші халықтың лексикасының мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, жұрт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп келешекке танытатын, тілдік деректерді ұлттық нышанда жарата да, жарқырата да алатын, этнолингвистика пәнімен ағайындас, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық, әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар кешенді пән» [6, 23].

Соңғы жылдарғы ұлт мәдениетін зерттеу үрдісі этнолингвистикалық бағытта кеңінен қарастырылып келеді. Этнолингвистика – этнос дүниетанымын тек тіл феноменінің өзіндік мүмкіншіліктері арқылы зерттеуді мақсат ететін ғылым. Ол – ХХ ғасырдың басында этнография мен тіл білімінің ұштас жақтарының бірігуінен тіл мен этнос мәдениетінің өзара қарым-қатынасын зерттеумен айналысатын тіл біліміндегі антропологикалық, этносемантикалық бағыт ретінде өмірге келгені белгілі. Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу. Осы мақсатта этнолингвистиканың басты мәселелері этностың ұлттық рухани бейнесі мен өзіндік болмысын оның тіл байлығы (тіл әлемі) арқылы танып білу, этнос тілінің лексикалық байлығын түгел қамтып зерттеу.

Тіл бірліктерінің астарында ұлт мәдениетінің рухани және материалдық қасиеттері, лингвомәдени асыл қазыналары жан-жақты көрініс беретіндіктен, бұл мәселенің шешімін іздеуші - этнограф, философ, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы, психолог ғалымдар да әр дәуірде сан алуан ой-пікірлер айтты. Бұл бағытта зерттеудің алғашқы нышандарын XVIII-XIX ғасырлардағы немістің мәдениеттанушы-этнограф ғалымы Иоган Гердердің еңбектерінен бастау алатынын атауымызға болады. Ол ұлттың рухани-мәдени құндылығы – миф, таным-түсінік, тіл, моральдік нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын уақыт пен кеңістік аясында қарастыруға ерекше назар аударды.

Лингвистика тарихында тіл мен мәдениет сабақтастығының ғылыми-теориялық негізін алғаш рет неміс ғалымы Вильгелм фон Гумбольдт алға тартты. Ол рухани және материалдық мәдениеттің ұлттық сипаты тек жанды тілде ғана көрініс беретінін, тілдік белгіге ішкі форманың тән екендігі және тілдің адам мен қоршаған орта арасын байланыстырушы дәнекер қызметінің зор екенін төмендегіше тұжырымдады: «Халықтың тілі - оның рухы, ал оның рухы - оның тілі, онсыз және оған тепе-тең келетін нәрсені көз алдына елестету мүмкін емес» [7, 89].

Тіл мен мәдениет сабақтастығын этнолингвистикалық тұрғыдан алғашқылардың бірі болып америкалық ғалымдар Э.Сепир мен Б.Уорф зерттеді. Олар жергілікті үндістердің бірнеше тайпаларының тілдерін зерттеп, ондағы тілдік элементтерді оның мәдениетімен, антропологиясымен, этностық сипатымен байланыстыра қарастырды. Америка үндістерінің тілдік ерекшеліктеріне жүргізілген бұл зерттеуді «тілдік ықтималдық пен детерминизм» гипотезасы деп атады. Кейіннен бұл тіл білімінде «Уорф гипотезасы» деген атауға ие болды.

Тіл мен мәдениет сабақтастығының Еуропада өсіп-жетілуіне неміс ғалымы Лео Вайсгербер де өз үлесін қосты. Оның айтуынша: «Народ в ходе своей истории строил свой язык, закладывал в него то, что представлялось ему ценным в его внутренних и внешних судьбах, в его исторических и географических условиях, в процессе становления и роста духовной и материальной культуры для того, чтобы осмыслить мир и овладеть им» [8, 19].

Қазақ тіл ғылымында тіл мен мәдениет сабақтастығы академик Ә.Қайдар бастаған этнолингвистикалық бағытта жан-жақты зерттелуде. Бұл – қазақ тіл білімі үшін ұлттың ментальдық ерекшелігін, өткені мен бүгінгінің іліктес екенін жаңа қырынан таныта бастаған тың саланың бірі. Этнолингвистика ғылымының қазақ топырағында қалыптасып дамуына, өсіп-өркендеуіне Ә.Қайдар, И.Копыленко, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Р.Сыздық, Г.Қосымова, Ж.Балтабаева, А.Тымболова, Н.Уәлиев, Б.Қалиұлы, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Ғ.Аронов, Р.Шойбеков, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, Р.Иманәлиева, К.Күркебаев сияқты ғалымдар өз үлестерін қосып келеді. Этнолингвистика туралы сүбелі зерттеу жүргізіп, көптеген шәкірт тәрбиелеген Ә.Қайдар бұл тың сала туралы ең алғаш әрі нақты, әрі жүйелі тұжырым жасады: «Этнолингвистика – этностың нысандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тілі арқылы қалыптасып, қорланып, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы» [9, 5].

Ә.Қайдар этнолингвистика ұғымын екі объектінің – этнос пен оның тілінің ортасынан туындаған ғылым саласы дей отырып, «этнос» атты күрделі ұғымды этнолингвистика мақсатына орай «этнос болмысы», ал тілдің орнына «тіл әлемі» деген термин-ұғымдарды қолдануды жөн көреді.

Академик Ә.Қайдар бастаған қазақ ғалымдары этнолингвистика ғылымының бүгінгі даму үдерісін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» үштігінде қарастырып, оларды іштей жіліктей отырып, 30 макротопқа, 200 микротопқа бөліп, үлкен идеографиялық классификация жасап жатқан «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты төрт томдық этнолингвистикалық сөздіктің ғылыми маңызы мен ұлттық құндылығын аса жоғары деп бағалаймыз [10].

Бұл салада Е.Жанпейісовтің қазақтың этномәдени лексикасына тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізіп, көптеген пассив қабатқа енген көнерген сөздер мен тіркестерге сан алуан қырынан жаңа нәр беріп, этномәдени сипатын ашып көрсеткен монографиясы мен еңбектерінің құны аса зор.

Жалпы, ұлт мәдениетінің рухани және материалдық лексикасын кешендік сипатта зерделеуде этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың бүгінгі тіл ғылымындағы когнитивті лингвистика, әлеуметтік тіл білімі, концептология, семантика, этимология, тіл тарихы, диалектология, прагматика сияқты тың бағыттармен тығыз сабақтастықта зерттелуі бұл пәндердің ғылыми мазмұнынан мол ақпар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. Часть I. – Москва: «Просвещение», 1964. – 466 с.
2. Күркебаев К.Қ. Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Гончаренко Н.В. Гений в искусстве и науке. – Москва: Искусство, 1991.
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва, 2001.
6. Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық негіздері. Фил. ғыл. канд. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2001.
7. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - Москва, 1984.
8. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989.
9. Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
10. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I том. Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009.

БӨЛІМ 5

«МАН» ТҮБІРІ: «МАҢҒЫСТАУ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУЫ

ҚОРТАБАЕВА Г.Қ.

«МАН» ТҮБІРІ: «МАҢҒЫСТАУ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Қорғабаева Г.Қ.

Филол.ғ.к. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Әлем халықтары тілдерінде жалқы есімдер әлемі – ең әдемі, ең қызықты, сырға толы жұмбақ әлем, ғажайып әлем. Грамматикалық тұрғыдан жалқы есімдерге – қоршаған орта, табиғат, қоғамдағы заттар мен құбылыстарға берілген ат немесе атау деген дефиниция берілген [1, 3].

Тарих көкжиегіне көз жіберсек, ономастика ғұламалар назарын ерте аударған. Орта ғасырда, түркі тілдес халықтардың әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылымының шарықтау шағында әл-Фараби (X ғ.), Әл-Бируни (X-XI ғғ.), Дулати (X ғ.), Бабыр (XI), кейінірек ғалымдар В.В.Радлов, Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Е.Алекторов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.В.Катанов, А.Левшин С.М. Тянь-Шанский, еңбектерінен құнды деректер табуға болады.

Түркі халықтарының, өркениеті, бүгінгі ұстанып отырған салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бай есімдер тарихы – ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мұра, алтын қазына. Батыста – Қаратеңіз, Азау, Теріскей Қап, төменгі Еділ, Түскей Орал, Каспий маңы алқаптарында, шығыста – Тұран, Алтай, Саян, Байқал, Қиыр Шығыс өңірлерінде халық даналығындағы аңыз бен ақиқаттай боп жеткен мифтік бейнелер, тарихи тұлғалар, ел аузындағы есімдерде біртұтас халық тарихы, психологиясы, географиясы, этнографиясы, мәдениеті жатыр.

Түркітілдес халықтардың өнерін, мәдениетін біртұтас кешенді түрде зерттеу – қазіргі жаһандану үрдісінде өзекті мәселе. Осы бір байырғы ортақ мәдениетті тану мен сақтап қалу түркі ұрпақтарының әлемдік өркениеттегі алар орнын айқындауда ерекше маңызды. Халықтардың тарихи туыстастығы оның тарихы мен тілінде ғана емес, ономастикалық жүйесінде сақталған.

Қазіргі түркітанудың жетістіктері мен жаңа бағыттары әрбір түркі халықтарының өзіндік рухани тәжірибесіне сәйкес маңызды міндеттер мен қызмет атқаратын тарихи-тілдік деректерді зерттеуге жаңа талаптар қойып отыр.

Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық жүйедегі тілдік-ономастикалық деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің негізгі арқауы.

Белгілі бір аймақтың топонимиконын тарих қалыптастырады, сөйтіп, дәуір топонимдері сақталады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын ономастикалық бірліктерде ұлтымыздың мәдени кодтары жатыр.

Жалқы есімдердің семантикасында ұлттық құндылықтары сақталған, нақтырық айтқанда, басқа заттарға ұқсатып, салыстыра атайтын бейнелік топонимдер бар, оларды ғалымдар В.Г.Костамаев пен Е.М.Верацагин «тарихи-әлеуметтік тұрғыдан коннотациялы» дей келе, Хиросима – жай ғана жапон қаласы емес, ядролық жарылыс құрбаны, Киев – орыс қалаларының анасы, яғни символдық мәнге ие екендігін айтады [2,59].

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-салғастырмалы әдістер, ономастикалық деректер, этимологиялық принциптер басшылыққа алынды.

«Маңғыстау» сөзіне тарихи-тілдік этимологиялық талдау жасау үшін, алдымен түркітанушы ғалымдардың алдыңғы буын өкілдерінің ескерткіштердегі лексикалық бірліктерді талдау мәселесі туралы көзқарастарымен танысып, олардың тұжырымдарының негізінде өзіміз зерттеген еңбектегі лексикалық бірліктерге талдау жасағанды жөн деп ұйғардық.

Бүгінгі тілтанымдық зерттеулер үрдісі бұрынғы заманнан бастау алған, халық сана-сезіміне сіңіп, жадында жатталған жалқы есімдер тарихына үнілу, олардың табиғи сырын ашып, тілдік қолданыс аясын анықтау, ұлт мәдениетімен сабақтастыра салыстыру тіл тарихының ұлт тарихынан да ұзақ екендігі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар тоғысында қарастырылады. Сондықтан осы мифологиялық танымды тарихи, географиялық, фольклорлық, лингвистикалық мәліметтермен ұштастыра отырып, кейбір мәселелерді шешуге пайдаландық.

“Ман” түбірінен туындаған онондік атаулар

Түркі ономастикасы бойынша алғашқы еңбектер қатарына Махмұт Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегін атауға болады.

Осы еңбегінде «Маңғыстау» сөзіне түсінік берген Махмұт Қашқари: «Маңғыстау сөзінің «ман» бөлімі өгіз – түркімен тілінде төрт жастағы қойдың аты» деп, «Маңғыстау» атауы – түркімен жеріндегі «Қой қыстау» деген географиялық атау деп анықтама берген.

Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың қара ойын жалғастырып жатқан он төрт құлама жалдың негізгісі «Маната» деп аталады. Бүгінде ернек қабырғасын жарып кетіп жатқан бұл асфальт жолдың салынғанына көп болған жоқ. Осы құлама жолдың екінші аты – «Қаратүйе-Маната». Манатаға ұқсас Манатау деген топонимді алсақ, «Манатау» – Құрманғазының осы жерге келгенде шығарған күйі және «Манатау» – Кіші жүздік жетірудағы Жағалбайлы руының ұраны.

Соңғысының маңғыстаулық Манатаға қатысының бар жоқтығы белгісіз, дегенмен оны да есім этимологиясын ашуға пайдаланып көруге болады. Ал осы Ман-Ата аймақ үшін қандай маңызға ие? Ең әуелі – оның есімінің, яғни «Ман» сөзінің бүтін жартыарал мен облыс, тарихи аймақ – Маңғыстаудың өз есімімен ұқсас болуы.

«Маңғыстау» атауының шығуы мен тарихы жайлы түркімен ғалымы Гурман Алманиязов: «Маңғыстау» көптеген авторлардың топшылағанындай түрін өзгерткен «Мың қышлак» емес, ешқандай өзгерісі жоқ түркімендердің әдеттегі қолданып жүрген, сөйлеп жүрген ман - “үлкен, кең ұлан” деген төркінін сақтаған. Сонда бұл жарты арал түркімен халқының «байтақ, мол» және «кишлак» деген сөздері әуелде

«кең қыстау», «ұлан байтақ қыстау» деген шаруашылық өмірінен алынған географиялық атау деген пікірі М.С.Буйнаковский көзқарасымен ұштасып жатыр .

Академик М.С.Буйнаковский «Маңғыстау және Үстірттің физикалық географиясы» деген кітапшасында: «А.Б.Борнеман и М.Д. Спиридинов пишут: Правильно называть этот полуостров не Мангишлак а Маңғыстау, как его и называет все местные казахское население, что означает 1000 кстау – зимовок или вечная кстау». В слове же Мангишлак искажено введено узбекское слова «кишлак» чуждое казахскому населению» [3, 67].

Қазіргі Маңғыстау жерінде «ман» деген түбірдің ертеден қалыптасқан сөз екенін «Маната» (үлкен), Отман (биіктен от жағып, қарауыл қарайтын тау басы), «Маңсуалмас» (мол сулы құдық) деген жер атаулары дәлелдейді. Маңғыстаудың ең биік шоқысы Отпан тау болып есептеледі. Жаугершілік заманда ел іргесіне жау тигенде адайлар Отпан тау басына от жағып белгі берген. Оны көрген батырлар келісімді жерге жиылып, бас біріктіріп, жауға соққы берген. Сондықтан Отпан тау ел бірлігінің символы болып келді. Зерттеуші Б.Көшімова пан/ман-үндіевропалық тау деген сөз, мағынасы «от тауы» дегенді білдіретінін айтады [4,186].

X ғасырда өмір сүрген белгілі араб географы Әл-Истахри Сиях-Кух Маңғыстау туралы: «Мен бұл аймақта Сиях-Кухтан басқа адам мекендейтін жерді білмеймін. Тек сол өңірде ғана түркілердің бір тайпасы тұрады, олар бұл жерге оғыздармен болған қақтығыстардан кейін қоныс аударып әдеттерін игеріп, тұрақтап қалды» деп жазған.

Ибн Наджиф Бекран: «Маңғышлақ – түркілердің бір тайпасы, олар осы жерге оғыздармен болған татуластық салдарынан қоныс аударып бескүн шығанағына жаяу жерге Сиях-Кухтан қоныс тапты. Оларды маңғышлақтың адамдары деп атайды, олардың өз билеушісі бар, оны хан деп атайды» деп жазыпты.

Араб-мұсылман дәуірінің авторларына тән олқылық – олардың бір аймақ туралы уақыт өзгеруіне карамастан бірінікін бірін пайдалана беру үрдісі болғанымен, Бекран Әл-Истахрид көшіре отырып, оған толықтыру енгізген. Бұл толықтыру – Маңғыстау түбегін және оған жапсарлас аймақтарды оғыздарға дейінгі мекендеген белгісіз тайпаның маңғышлақ деп аталуы.

Топонимст ғалым Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігінде» (1985) Маңғыстау атауының шығу тегі туралы 4 қисын келтірілген.

1. Маңғыстау «мың қыстау» тіркесінен шыққан;
2. Ноғайдың «менк» деген тайпасының атынан ауысқан;
3. Көне түркі тіліндегі «мен» төрт жастағы қой сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасқан;
4. «Маңғыштағ» «Құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді.

Осындай символдық атаулар мен тілдік деректер зерттеуші С.Қондыбай еңбектерінде айрықша көрініс тапқан. Серікбол Қондыбай «құбыжықтарға» қатысты болжамды дұрыс деп санайды. Шығыс түркі және моңғол мифологиясында «маңғыс», «мангус» айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Моңғолдарда ол тек зұлым, зиянды сипатқа ие болса, түркілерді екіұдай жақсы-жаман қасиетке ие ретінде баяндалады.

Серікбол Қондыбай өзінің қысқа ғұмырында төсекте таңылып жатып, тарих, фольклор, география, этнография, лингвистика, әдеби материалдарды мифологиялық реконструкция тоғысында ұштастырып, 80-нен аса ғылыми мақала жазып, соны қадам, үлкен белеске көтерілді. “Еуразияның ұлы даласында дәурен сүрген салтанатты – көшпелілер өркениетінің тарихы мен мәдениетін, түркі тектес халықтардың адамзат тарихындағы өзіндік орнын жаңаша парықтаған бұл еңбектер байсалды ой-тұжырымдарымен жұртшылық назарын аударып білді” деп пікір жазды көрнекті қазақ ғалымдары Қ.Салғараұлы мен А. Сейдімбек [5,7].

Ман ата: тарихи тұлға ма мифтік бейне ме?

Серікбол Қондыбайдың айтуынша, бір жағынан, бұл – тарихы тым қарапайым, «дерегі жоқ» делінетін өлке, сондықтан осындай ізденістер жүргізуге қажетті сынақ алаңы бола алады, екінші жағынан, Маңғыстау – ізденістер жүргізуге қажетті фольклорлық базасы сол сақталған өлке, ал фольклорлық материалдар біздің жағдайымызда ең басты мифологиялық қайнар көз болып табылады.

С.Қондыбай «IX-X ғ.ғ. Маңғышлақ тайпасының аты мен бүгінгі әулие Ман-атаның арасында тікелей байланыс бар» деп есептейді. Өйткені көшпелі топонимика дәстүріндегі ат қою тәсілі бойынша белгілі бір сөздердің артына «қышлақ» деген анықтама жалғану үшін әлгі сөз:

- 1) нақты тарихи тұлғаның аты (ру басы, әулие, хан);
- 2) ру аты, яғни этноним;
- 3) белгілі бір шежірелік, мифтік есім (ру атасы) болуы қажет.

Осы шартқа сүйенсек, Ман-ата – белгісіз тарихи тұлға (хан, батыр, ру көсемі, би, абыз), аңыздық тұлға (мифтік шежірелік аталардың бірі) немесе нақты ру тайпалардың есімі болып шығар еді. Осы жорамалды С.Қондыбай “оғыздарға дейінгі әуелі Үстірт пен Сам өңірін кейін Маңғыстауды мекендеген халықтың аты – «ман» болғандықтан, олардың аударылып, оғыздар жалпылама түрде «манның қышлақтары» деп атап, кейін бүкіл аймақтың атауына айналдырып жіберген” деп түйіндейді.

Ман ата – IX-X ғ.ғ. үстірттік және маңғыстаулық ман жұртының өкілі болып табылады. Ол – сол жұрттың реалды тарихи тұлғасының есімі ме, әлде мифтік түсініктеріндегі тұлға ма? – оны дәл айту мүмкін емес. Тұлғаның мифтік генезисі тұрғысынан қарағанда, маңғыстаулық Ман-ата үндіарий мифологиясындағы бірінші адам – Ману деген бейнемен бір текті болуы әбден мүмкін [5, 33] деп жорамалдайды зерттеуші С.Қондыбай.

Маңғыстау топонимиясын зерттеп жүрген ғалым Б.Көшімова ман топоформанты тау және өзен деген мағынаны беретін үндіевропалық сөз болса, Маңғыстау атауы тау қыстауы немесе “таулы қыстау” деген мағына береді деп топшылайды. [4,59].

«Ман» сөзінің адам мағынасында түркі есімдерінде (Отман, Ақман, Қараман, Айтман, Алып-Манас, Алпамыс, Манашы), қазақ тілінде (көрер+мен, майтал+ман, орал+ман, шабар+ман) қолданылуына қарап осы тұжырымды негіз етіп алған. Бастысы – Ман-ата Маңғыстаудың Жер-су иесі іспетті символдық координаттары болып табылады. Біріншісі «Вара» танымдық жүйесінің түсініктері.

С.Қондыбай «Есен-ата – Асан қайғы, Орманбет, «ман» (Манашы, Маната, Отман, Қараман, Ақман т.б.) сияқты образдардың түп-қайнары осы мәдениетте жатыр» деп санайды [6, 29].

Екіншісі – сопылық мәдениеттің далалық исламдық қағидаларға сәтті бейімдей алуы. Ежелгі Маңғыстау – үстірттік және жан-жақтан қашып келген жеке адамдар мен ру-тайпалардың діни түсініктері, халифтері мен эпостары тек осы сопылық ислам уағызшыларының арқасында бірыңғайланып, ортақ түсініктер мен образдарға айналды. Ежелгі әр түрлі сипатты мифтік образдар енді бірыңғай, стандарт бейнелі «сопы жағдайына» айналып шыға келді. Біз Баба түкті Шашты атаның да, Шопан-ата мен Шақпақ-атаның, Масат-ата, Түкті-ата мен Қалипаның, Қапам мен Қараман-атаның, Есен-атаның және басқалардың қай-қайсысының образдарына ежелгі алуан-түрлі мифтік сипат алғандығын айтуға болады.

Тарихшы ғалым Э.А.Абланова «Орта ғасырлық тарихта, яғни оғыздар заманында түбекте қыстауға тек 3-жастағы еркек қойды ғана қалдырғанын, «Маң»-түбірі нақты 3-жастағы малдың аты екені, осыдан келіп «Маң» түбіріне «ғышлақ» сөзінің жалғанғандығы, ал екінші болжамда оғыздар жер атын өздеріне дейінгі көшпенділерден мирасқа алып қалғанын, яғни «Маң» халық, ел, адам, «ғышлақ», «қыстау» мекен, иелік деген түсінік, осы жерден келіп, «Маңғыстау» адам, ру, ел, халық мекені, иелігі деген жер аты шыққан» деп жорамалдайды [7].

Нәтиже.

Зерттеушілер пікірін жинақтай келе, мынадай көзқарастарды жинақтаймыз:

1. Бірінші «Маң» атауын «мың» сан есімімен байланыстырушы зерттеушілер (Вамбери, М. Мендикулов, О. Туманович),
2. Екінші көзқарасты жер атауын көне түркі тіліндегі «Маң» түсінігі «қой» малы деген түсінікпен байланыстырады (М.Қашқари, Ғ. Мұсабаев, М. Әбдіқалықов),
3. Үшінші «Маң» түбірі «үлкен, кең, ел қыстағы» деген көзқарас (С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдықов, Ғ.Амманиязов, М. Тұрсынова, Ү. Қыдыралин),

4. Төртінші «маң», «маңғыш» айдаһар, яғни мифонимдер, мифтік аңызбен байланыстыра суреттейтін Е. Қойшыбаев, С. Қондыбай тұжырымдамалары.

Қорытынды.

Міне, киелі өңірдің топонимиялық тізімінде осындай атаулар жинақталған. Әйгілі шығыс зерттеушісі, академик-ғалым В.В.Бартольд «түркі тілдес халықтар арасында топоним атаулары өзінің карапайымдылығымен, әрі тарихи деректілігімен, жерінің қасиетіне сәйкес аттарын дәл тауып қоятын тапқырлығына таң қалдырып отырады» деген пікірімен мақаламызды қорытындылаймыз.

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде 362 әулиелі жер – Маңғыстау атауының шығуына байланысты шыққан түрлі қисын-жорамалдар мен пікірлерді сарапқа алып отырмыз. Маңғыстау – бұл тек қазақ халқына қатысты тарих беттері емес, өз кезеңінде ноғайлар түгін түтетіп аруақтарын жерлеген, түркімендер Отан еткен, қалмақтар жерін жайлаған, Хиуа хандығы “меншігім” деп көз тіккен бірнеше халықтың біте қайнасып өмір сүрген мекені. Бүгінгі күні бұл аймақ – республика үшін маңызды экономикалық шикізат орталығы болса, өткен дәуір өрлеуінде халықтар конфедерациясының ядросы ретінде тарихтан өз орнын алып, бірнеше дала халқына баспана болып, талай соғыстарды басынан өткерген ноғай-қалмақ-түркімен-қазақ этномәдени бірлестігінің рухани бесігіне айналған өлке.

Әулиеге деген сенім екі мың жыл бойына киелі Маңғыстауда үзіліссіз келеді. Әр топонимикалық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспетті екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым Маңғыстау топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Ежелгі заманнан бері Каспий маңын, оның шаруашылығын, геологиясын, географиясын, тарихын зерттеушілердің қайсысы болмасын «Маңғыстау» сөзінің шығу төркініне тоқтамай кетпейді, бірақ қазірге дейін түрліше талқыға түсіп, бірізділікке түскен емес. Топонимдерді жинақтау, зерделеу, семантикасын ашу – халық үшін де, ғылым үшін

де маңызы жоғары, олардың арасынан да аса маңызды тарихи ақпар беретіндері табылып қалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қортабаева Г.Түркі ономастикасы. – Алматы, 2017.
2. Верацагин Е.М., Костамаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М: Русский язык, 1990
3. Қортабаева Г.Қ. Мифологиялық таным: С.Қондыбай еңбектеріндегі тілдік және тарихи деректер. 2013.
4. Көшімова Б.А. Маңғыстау топонимиясындағы ежелгі тілдік қабат // Сөз семантикасы: лексикография, семасиология, терминология. Алматы, 2009
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
6. Қондыбай С. Казахская мифология. – Алматы: Нұрлы әлем, 2005.
7. Абланова Э.А. «Маңғыстау» жер атауының шығу тарихы. / Қазақ өркениеті=Казахская цивилизация, 5-11 б.С., 2009. - № 1

БӨЛІМ 6

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНДАҒЫ СИНГАРМОНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

КАЙДАРОВА ГУЛАЙЫМ ҚАБЛАҚАТҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ ФОНЕТИКАСЫНДАҒЫ СИНГАРМОНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Кайдарова Гулайым Қаблақатқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Gulyaim.64@mail.ru

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан, Алматы қ.

Лингвист-мамандар түркі оның ішінде қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) құбылысына әрқашан көңіл бөліп отырған. Тілдік құбылыс ретінде оның фонетикалық (артикуляциясы) және фонологиялық (қызметі) сипатына қарай қарастырылған. Фонетикалық теориялардың даму деңгейіне лайық фонетикалық сипаттамасы беріліп, тілдегі қызметі жайлы пікірлер қорытылып жатты.

Қазіргі кездегі жазу ықпалымен өшіп бара жатқан қазақ сөзінің үндесім айтылым үлгілерінің о бастағы төркін дыбысталуын өзара салыстырып қараудың маңызы зор болмақ. Сонда ғана тілдің дыбыс құрамы мен дыбыс жүйесіндегі өзгерістерді анық байқап, тілдің болашағы жайлы болжам жасауға болады.

Сингармонизм құбылысы тіл ерекшелігі ретінде сол кезде-ақ зерттеушілер назарына ілінген. Мысалы, Н.И. Ильминский «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: «Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни

были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречии» □1, 14 б.□. Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: «Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные - п, б, м, у□w□, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и ә) тонкою. Толстые, в отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. те киргизское - русскому тэ» □1, 6 б.□. Автор қолданған «жуан жіңішке» атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы орыс тілінің ықпалымен «твердый/мягкий» атауларының тікелей аудармасын іздемей, «толыстый/тонкий» атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Илминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын аңғарған: «Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. ат, ет. И так как это определяется системою звуков (ерекшелеген – біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком» □1, 8 б.□. Бұл жерде ғалым пікірінің екі жағын атауға болады. Бірінші, дауыссыздардың жуан/жіңішкелігін дауысты дыбыстарға таңып отыр. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын «гармония гласных» деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын зерттеушілер басым деп бағалаған. Екіншіден, дауыссыздардың жуан/жіңішке белгісін тілдің ішкі жүйесінен тауып отыр. Бұл сол кездегі фонетикалық теория деңгейі үшін өте жоғары нәтиже деп қарау керек. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне

сүйенетін болсақ онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Белгілі ғалым В.В.Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген атакты еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын «произносятся при одинаковом положении губ и языка» [2, 2 б.] деп берген болса, оның тілдегі қызметін «...причина возникновения гармонии гласных лежит в морфологии и теснейшим образом связана с внутренней формой урало-алтайских языков» [2, 50-51 б.] деп түсіндіреді. Ғалымның фонетикалық қорытындысы түркі тілдеріндегі сөз тіл мен еріннің тұрақты бір қалпымен айтылады дегенді көрсетсе, ал сингармонизмді морфологиямен байланыстыруын оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз.

Ал В.В.Радлов қалдырған оның негізгі мұрасына келетін болсақ, ол туралы оның атакты «Опыт...» сөздігін қайта бастырып шығарушылар былай деп бағалаған еді: «Опыт словаря тюркских наречий» - итог полувековой работы выдающегося ученого, основателя отечественной школы тюркологии академика Василия Васильевича Радлова (1837-1918) – пользуется всеобщим признанием как единственное в своем роде богатейшее собрание лексики и фразеологии многочисленных живых и древних тюркских языков... материал по многим тюркским языкам и диалектам подчас можно найти только в этом словаре» [От издательства] [2]. Сол ғасырдағы үндесім құбылысынан жан-жақты мәлімет беретін мол мысалды осы сөздіктен таптық. Жоғарыда айтылғандай, сингармонизмнің бұзылмаған үлгісін сол күйінде қағазға түсірген зерттеушілердің ең беделдісі В.В.Радлов болғанын көреміз. Сондықтан да ғалым мұрасын өзіміздің зерттеу нысанымыз ретінде молынан пайдаланғанымызды айта кетуіміз керек. Оның атакты «Сөздігінен» қазақ тіліне қатысты аса бай материал табылып отыр. Ол табылған материалдың құндылығы сол кездегі қазақ сөзінің айтылым үлгісі таза ауызекі сөйлеу тілінен алынғандығында деп есептейміз.

В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге

дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін. Ол туралы «В.В.Радлов, разделяя классическую для тюркских языков восьмерку гласных на две группы – лабиализованные и нелабиализованные, последние, на наш взгляд, вполне обоснованно назвал зубными гласными, так как по его описаниям при воспроизведении нелабиальных гласных именно зубы выступают в качестве передней границы рто-глоточного резонатора» □3, 73 б.□ деп жазады проф. К.Хұсайынов.

В.В.Радлов ұсынған жіктелім ретінің артикуляциялық атауларында ғана айырмашылық байқалады, ал оның ішкі мазмұны осы күнгі жіктелім белгілермен толық сәйкес келеді. Сонымен, біз өз тарапымыздан ғалым ұсынған жіктелім түрлеріне лайық мысалдарды оның атақты «Сөздігінен» тауып, көрнекілеп шықтық.

-ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін:

үйкү, ұмтұл, түйүк, тұмүлдүрүк, жұктұр, жүлүк, жүлдүз, жүлдүздү, жұткүз, жұтүм, жұмүшшү, сүйүк, сулу (сүүлү), шүкүр, бүйрүк, бүрүш, мүрүндүк, мүрүндүктү, ойлү, кондүрт, қобүз, тоқүм, тоғұт, тоғүз, тоғүзүншы, тойүмсүз, торү, толүк, толтұр, тосүрқа, тоздүр, тобүк, дойұр, долү, достүк, жоқтаусүз т.б.;

-ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін:

айқай, ақша, алдау, қара, найза, нақак, тауа, тақта, таңдай, дайра, даула, жайдақ, сайра, айқыш, анды, қайың, нақыш, намыс, тақыя, тақыр, таңырқа, дақыл, дауластыр, жақсы, жаңбыр, жамырат, сауқтыр, ыстық, қыйынды, қытық, тыйын, жыйын, жыртқыш, сыбыр, ыста, қыйықша, тырнақ, дырау, жалауұқ, жыламсыра, сыйрақ, сықақ, сықақта т.б.;

-ауыз қуысының жартылай қалпы, яни еріннен тіл алдына дейін:

күндүз, күртүк, түкүр, түкүрүк, түйүн, түтүк, түтүн, түстүк, түшкүр, түшкүрүк, жүгүрүс, жүгүрүстүр, жүрүстү, сүйүктү, шүйүншү, шүйүншүлө, шүйүншүлөт, шүкүр, шүйкө, бүйү, бүлүндүр, мүжүк, өңөш, өрлө, көйлөк, көк өлөң, көрөк, көлөңкө, көлөңкөлө, көлбөктө, көлдөнөң, көлдөнөңдө, көдө, көсөм, көбөй, көмкөр, нөкөр, төңөрөк, төңөрөктө, төңкөрмө, төрө, төлө, төлет, төлдөт, төсөк, төсөн, төскөй, төбө, дөптө,

жөнөл, жөндө, жөндөндүр, жөтөл, сөйлө, сөйлөт, сөйлөс, бөгөт, бөрткөн, бөлө, бөлөк, бөтөн, бөшкө, бөжөктө, мөңрө т.б.;

-ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін:

нәубәт, жәрія, кәрі, тәрізді, дәрі, іңір, кіріс, кірлі, кірпік, жігіт, сіңір, кіре, кедей, тершең, егін, кекір, кекіл, кекшіл, келін, кесім, негіз, жетінші, семіз, семірт т.б.

«Сөздіктің» құрамындағы лексикалық материалды талдай отырып, үндесімге қатысты көптеген бірегей сөздер таптық, алайда оның бәрін тізіп көрсету мүмкін болмай отыр. Оның үстіне «Сөздік» алпысыншы жылдардың басында қайта басылып шыққан, сондықтан ғылыми көпшілікке таныс. Біз тек қазақ сөзінің бірегей үндесім үлгілерін көрсететін сөздерден ғана мысалдар келтіріп отыруды жөн көрдік.

Сингармонизмнің тілдегі қызметі жайлы жалпы және түркі тіл білімінде әртүрлі пікірлер бар. Соған қарамай негізгі шешім «По мере роста внутренней консолидации слова как основной языковой единицы неизбежно увеличилась и потребность в средствах, которые могли бы противостоять центробежным силам, постоянно сопутствующим агглютинации. Этим централизующим и делимитативным средством и явилась гармония гласных» [3, 124 б.] болып табылады.

Енді сингармонизмнің негізгі тілдік қызметіне қатысты пікірлерге шолу жасап көрейік.

Түркі тілдерінің салыстырма грамматикасын [4] жазған білікті мамандардың пікірінше «Сингармонизм – особый вид согласования звуков. Агглютинирующий тип тюркских языков определяет характер этого согласования. Известно, что словообразование и словоизменение в тюркских языках происходят путем присоединения аффиксов к корневой морфеме. Они наращиваются в определенной последовательности на основе структурно-семантических законов, действующих в конкретном языке. Очевидно, линейный характер наращения аффиксов обусловил и звуковой облик тюркского слова» [4, 433 б.] болып табылады. Сингармонизмнің пайда болуын түркі тілдерінің жалғамалық сипатынан деген болжам бұрында айтылып жүрген. Бұл жердегі негізгі ой түбір мен

қосымшаның арасындағы үндестік байланыста болып отыр. Сондықтан да сөздің өзіне ғана тән әуез белгісі ескерілмей қалып отыр. Сөйтіп сөздің үндестік әуезі дербес сөздің емес, туынды сөз бөлшектерінің басын құрап тұратын лингвистикалық заңдылық ретінде танылады.

Жалпы түркологияда әбден қалыптасып қалған теория бойынша сингармонизмді «гармония гласных» деп қарастыру осы еңбекте де толық орын алған. Мысалы, монография авторлары «Сингармонизм – организующее средство тюркского слова, средство его цельюоформленности, установления границы слова в тюркском речевом потоке. Определяющим элементом в сингармоническом комплексе является гармония гласных, ибо слово состоит из слогов, а основную слогаобразовательную функцию несут гласные, которые в сочетании с согласными образуют различные типы слогов в тюркских языках» □4, 438 б. □ деп жазады. Бұл жерде сингармонизмнің сөздің басын біріктіріп тұратын заңдылық ретінде қарастыруын әбден құптауға болады. Алайда сингармонизмді дауысты дыбысқа апарып телуіне күманмен қарауға тура келеді. Өйткені сингармонизм сегменттік бірлік емес, просодикалық бірлік болып табылады. Сондықтан оның негізін дауысты дыбыс қалайды дей қою қиын.

Сингармонизмнің тілдік табиғатын ашуға тырысқан еңбектер мол. Солардың бірінен «...явление, которое часто называют гармонией гласных и относят только к фонетике под рубрикой ассимиляции гласных, на самом деле гораздо интереснее и структурно содержательнее, чем это кажется на первый взгляд» □5, 191 б. □ деген проф. Реформатскийдің пікірін табамыз. Сингармонизмді дауысты дыбыстардан бөліп алып, оған бағындырмай, өз алдына бірегей текті құбылыс екенін айтты. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, құрылымдық тұрғыдан күрделі тілдік құбылыс екенін анық мегзейді.

Ғалым өзінің ойын әрі қарай жалғастыра келіп, сингармонизмді фонетикалық құбылыс деп қарастыруға болмайтындығын, сондай-ақ оны дыбыс түрленімі деп қарауға да болмайтынын баса ескертеді: «Сингармонизм же в таких языках, как тюркские, - не просто фонетическое явление и тем более не только разновидность ассимиляции, а фундаментальное структурно-типологическое явление, затрагивающее

не только все уровни фонетического яруса структуры языка, но и ярус морфологический» □5, 198 б.□. Проф. Реформатский сингармонизмді іргелі тіл заңдылықтарының қатарына жатқызған алғашқы ғалымдардың бірі болды. Сонымен қатар сингармонизмнің тілдердің жіктелім белгісі ретінде жүретінін де көрсетті.

Мұның өзі сингармонизм теориясының дамуына қосылған үлкен үлес болды.

Түркі тілдерінің білікті маманы проф. Богородицкий сингармонизмге қатысты түбір құрамындағы дауыстылар мен қосымша құрамындағы дауыстыларды бөліп қарау керектігін ұсынады: «...вокализм корня представляет одну существенную особенность сравнительно с вокализмом придаточных морфем: в нем гласные выступают каждый в своей индивидуальности без чередования с другими гласными, тогда как в придаточных морфемах гласные ограничены двумя основными типами – либо гласный широкий, либо узкий, видоизменяющиеся сообразно с вокализмом корневым в отношении палатальности или непалатальности, а также губности или ее отсутствия» □6, 117 б.□. Бұл идея кейін көптеген зерттеушілердің ұстанған теориясы болды.

Осы пікірмен үндес яғни сингармонизмді «гармония гласных» деп түсініп, бірінші буын мен өзге буындарды бір-біріне қарсы қойып түсіндірудің жолын проф. Трубецкой ұсынады: «В тех тюркских языках, где последовательно осуществляется так называемая «гармония гласных», приведенная выше система наличествует в полном, т.е. фонологически значимом, виде лишь в первом слоге слова; во всех прочих слогах тембровые противоположения нейтрализуются и тембровые признаки гласных непервого слога в своей реализации равняются на гласный предшествующего слога» □7, 118 б.□. Бұл жердегі басты көңіл бөлетін мәселе дауыстының басым рөлі болып табылады. «Гармония гласных» идеясы сингармонизмді түсіндірудің негізгі мәні болып қала берді.

Сингармонизм мәселесі о бастан күрделі тілдік құбылыс ретінде танылып келді. Сондықтан оның төңрегіндегі пікір-таластар ешқашан толастаған емес. Содан бірте-бірте оның шын мәні ашыла бастады. Мысалы, әзірбайжан ғалымы проф. Кязимов «сингармонизм в тюркских языках распространяется не только на гласные, но и на согласные» □8,

94 б. □ деген тың пікір қосты. Мұның өзі қазіргі зерттеушілердің ұстанып отырған басты теориясы болып табылады.

Проф. Ж.Әбуов қазақ (түркі) фонетикасының зерттелу жайын талдай келіп, мынадай қорытынды жасайды: қазақ (түркі) фонетикасының бірінші даму кезеңіне ХІХ ғасырдағы зерттелімдерді жатқызады және ол кезде қазақ тілінің дыбыс жүйесін танып-білу қазақтардың сөзін тікелей бақылау (тыңдау) арқылы жүргізілген, соның нәтижесінде қазақ сөзі қалай айтылса, солай жазылып алынған; екінші кезеңге ХХ ғасырдың басындағы зерттелімдерді жатқызады, ол кезде қазақтың көкірек көзі ояу ғалымдары шығып, қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан шынайы талдап шықты; үшінші кезең 50-70 жылдар, ол кезде қазақ фонетикасында «европацентристік» бағыт басым болды; төртінші кезең 70-90 жылдар, ол кезде қазақ фонетикасында сингармониялық көзқарас толық қалыптасты □9□. Қазақ фонетикасының даму барысын сөз еткенде осы бір жіктелімді ұстағанды жөн көрдік. Сингармонизмге деген жаңа және шын мәніндегі шынайы көзқарас қазақ тіл білімінде толық қалыптасып болды деуге болады.

Мысалы, проф. М.Жүсіпұлы «Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек еді. Ал, бұлардың ұйтқысы – сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады»

□10, 7б. □ деп, болашақ зерттеушілердің алдына күрделі мәселе қояды. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз

құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) камтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады» Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін камтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Қазақ тіл біліміндегі сингармонизмнің табиғатына деген көзқарас, негізінен, жалпы түркі тіл біліміндегі пікірлермен ұштасып жатады. Көп жағдайда оның тілдегі қызметі сөз болмай, фонетикалық сипатына ғана көңіл бөлінеді.

Соңғы кездегі ғылыми еңбектердің басты тұжырымдарын проф. С.Мырзабековтың еңбектерінентабамыз. Ғалым талдауларында оқулықтар мен оқу-құралдарында қабылданып жүрген үндестік (сингармонизм) заңының негізгі қағидалары жан-жақты талдап көрсетілген. Қазақ тіл біліміндегі үндестікке қатысты анықтамалар осы жерден табылып отырғандықтан және өзге пікірлер аздаған ғана айырмашылығы болғаны болмаса, осы мазмұндас болғандықтан бәріне бірдей тоқалып жатпаймыз. Мысалы, «Тіліміздегі сөздердің бірыңғай жуанне жіңішке, сондай-ақ бірыңғай еріндік не езулік буынды болып, араларында қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруын дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы дейміз. Бұл заң – дыбыстау мүшелерінің үнемді қимыл-қозғалысының нәтижесі. Буындар мен дыбыстардың өзара үндесуінің нәтижесі – үндестік (сингармонизм)» [11, 138-139 б.] дейді проф. С.Мырзабеков. Бұдан біздің түсінетініміз үндестік заңы ретінде қазақ тіліндегі буын үндестігі де, дыбыс үндестігі де бірге қарастырылады. Жуан буыннан кейін жуан буын, жіңішке буыннан кейін жіңішке буын келетінін буын үндестігіне жатқызса, қатаң дыбыстан кейін қатаң дыбыс, үнді дыбыстан кейін үнді дыбыс т.б. келетін тіркестерді дыбыс үндестігіне жатқызады. Сонымен қазақ тіліндегі буын мен буынның, дыбыс пен дыбыстың фонетикалық тіркесу заңдылықтарын түгелдей үндестік заңына саяды.

Біз қазақ тілі біліміндегі үндестік заңының құрамында қарастырылып жүрген дыбыс үндестігіне де тоқталмаймыз. Біз үшін қазақ тіліндегі буын үндестігіне қатысты мәліметтер маңызды болып табылады.

Қазақ(түркі)сингармонизмінің зерттелу тарихында «Радлов дәуірінің» (XIX ғ.) орны бөлек. Өйткені сингармонизм жайлы мәліметтердің бастау көзі сол кезден басталады. Сол кездегі зерттеушілердің бәрі дерлік сингармонизмнің фонетикалық сипатын, яғни сөздердің бір келкі жуан немесе біркелкі жіңішке айтылатынын аңғарған, В.Радлов болса, оның фонологиялық қызметін де яғни сөзқұрауыштық рөлін көрсеткен.

Ол кезде қазақ тілінің негізгі зерттелім көзі ретінде оның естілім үлгілері пайдаланылды. Сондықтан да сөз қалай айтылса, солай хатқа түсіріліп отырды. Мұның өзі сөздің фонетикалық тұрпатын, әсіресе жуан-жіңішкелік үлгілерін, дәл пайымдауға мүмкіндік берді. Ал сөздің еріндік айтылымына келгенде зерттеушілер қалдырған мәліметтерде ала-ғұлалық байқалады.

Екі-үш буынды түбір сөздердің еріндік үлгісі түгел сақталғанымен, қосымшаларға келгенде бірде белгіленіп, бірде белгіленбей қалған. Соған қарамай көп буынды сөздердің құрамындағы еріндік буындар аяғына дейін таңбаланған мысалдарды көптеп табуға болады.

Зерттеушілер өздері пайдаланған жазу үлгісін қазақ тіліндегі үндесім заңдылығына әрқашан икемдеп отыруға тырысқан. Соның нәтижесінде олар қалдырған жазу үлгісінен қазақ сөздерінің сол кездегі айтылым үлгісінің фонетикалық ерекшеліктерінен мол хабардар болуға болады.

Дегенмен, қазақ сөзінің, буынының, дыбыс тіркесінің, сондай-ақ сөз құрамындағы дыбыстардың артикуляциясы жайлы ішінәра ғана мәліметтер кездестіреміз. Оның үстіне сол бар мәліметтердің өзі сингармонизм тұрғысынан сипатталмай, бірлі-жарым негізгі артикуляциялық белгілері ғана сөз болған.

Енді болса, қолымыздағы жазба мәліметтерге сүйене отырып, қазақ сөзінің артикуляциялық пішіндемесін жасап, соның негізінде сингармонизмнің сөз, буын, дыбыс тіркесі және дыбыс деңгейіндегі сипаттамасын беретін боламыз. Мұның өзі сол кездегі сингармонизм заңы теория жүзінде қалыптаса қоймаса да қазақ тілінің негізгі

заңдылықтарының бірі ретінде зерттеушілер назарына іліне бастағанын дәлелі болады. Қазақ сөзінің сол кездегі үндесім жазба үлгілері кейінгі дәуір зерттеушілеріне бағдар болғанын атап өту керек.

Жоғарыда қазақ тіліндегі жалаң үндесім деп сөздің бірыңғай әуезбен айтылуын атаған болатынбыз. Жалаң үндесімді сөздердің құрамындағы буынкұрауыш дауыстыларға қатысты буын әуезі түрленіп отырады. Сондықтан жуан дауысты дыбыс буан құрауыш болса, онда ол буынды жуан үндесім буын деп, жіңішке дауысты болса – жіңішке үндесім буын деп, ашық дауысты болса – ашық үндесім буын деп, қысаң дауысты болса – қысаң үндесім буын деп, ерін дауысты болса – ерін үндесім буын деп, езу дауысты болса – езу үндесім буын деп атауды ұсынамыз. Әрине бұл атауларды дәстүрлі буын түрлерімен (ашақ, тұйық, бітеу) шатастырмау керек. Дәстүрлі буын атауларының үндесімге тікелей қатысы жоқ.

Үндесім буындардың әуезі таза түрінде кездеспейді, олардың әуез түрлері күрделі болады.

Буын сингармонизмі жуан-жіңішке және езу-ерін әуездерінің араласуынан құралады. Сонда буын әуезінің түрлерінің құрамы түгенделеді:

- жуан езулік әуезді буын;
- жуан еріндік әуезді буын;
- жіңішке езулік әуезді буын;
- жіңішке еріндік әуезді буын.

Енді осы буын әуездеріне қосалқы әуездер үстеліп, буын әуезі одан әрі күрделене түседі:

- жуан ашық езулік әуезді буын;
- жіңішке ашық езулік әуезді буын;
- жуан қысаң езулік әуезді буын;
- жіңішке қысаң езулік әуезді буын;
- жуан қысаң еріндік әуезді буын;
- жіңішке қысаң еріндік әуезді буын.

Қазақ тіліндегі үндесім түрлерін сипаттаудың негізгі ұғымдары осы атаулардан туындайтын болады.

Зерттеушілер түбір сөздердің құрамындағы үндесім көрінісіне көп көңіл бөлген және де түбір сөздердің үндесім белгілерін дәл анықтап отырған. Сондықтан да түбір сөздердің жазылымы үндесім жазылым болып шыққан. Өйткені олардың негізгі зерттеу әдісі зерттеушінің естілім қабілеті болған, сөз айтылымын қалай түйсінсе солай дәл қағазға түсіріп отырған. Әлі жазудың ықпалына ұшырамаған қазақ тілі ауызекі сөйлеу ортасында қалыптасқан күйі зерттеуші назарына іліккен. Зерттеушілер қалдырған тіл (сөз) мұрағаттарының біз үшін басты құндылығы осында болып табылады. Үнжазба мен ұнтаспа жоқ кезден қалған бірден бір дерек көзі деп бағалаймыз.

Сөздердің жалаң үндесімін құрайтын үндесім буындардың әуезі біркелкі болып шығады. Олар не бірыңғай жуан езулік, не бірыңғай жіңішке езулік, не бірыңғай жуан еріндік, не бірыңғай жіңішке еріндік әуез болу керек.

Жалаң үндесімді сөздердің ең ақиқат кездесетін түрі бір буынды сөздер болып табылады. Бір буынды сөздердің құрамындағы дыбыстардың үндесімі бірыңғай таза әуез болып шығады. Ал екі және көп буынды сөздердің әуезіне ашық-қысаң қосалқы белгілері үстеледі де олардың әуез түрі күрделеніп кетеді.

Үндесім (сингармонизм) құбылысын тек дауысты дыбыстардың үлесіне беріп қою фонологиялық тұрғыдан дұрыс болып шықпайды. Егер үндесім құбылысын қазақ тіліндегі бүтін сөздің құрауыш бірлігі деп қарайтын болсақ, онда үндесім заңы қазақ тіліндегі сөздердің бәріне бірдей тән болу керек. Олай болатын болса, үндесім заңдылығы бір буынды сөздерге де, көп буынды сөздерге де тән болып шығады. Ендеше сингармонизм тұрғысынан бір буынды сөздер мен көп буынды сөздердің фонтика-фонлогиялық мәртебесі бірдей болып шығады.

Үндесім құбылысын буын (сөз) құрамындағы дыбыстардың бәріне тән заңдылық деп қарайтын болсақ, онда үндесім талдау бір буынды сөздерден басталу керек. Ол үшін біздің арнайы теориялық ұстанымымыз бар.

В.Радлов «Сөздігінде» кездесетін бір буынды үндесім сөздердің әуез түрлері:

- жуан езулік әуезді сөздер: ат, ас, тас, қыс, сыз т.б.
- жіңішке езулік әуезді сөздер: ән, кім, кел, ет, іс т.б.
- жуан еріндік әуезді сөздер: ұн, құс, он, бол т.б.
- жіңішке еріндік әуезді сөздер: көз, көл, түн, үз, өт т.б.

Екі және көп буынды сөздердің жалаң үндесім әуезінің түрлері күрделеніп тарамданып кетеді:

- жуан ашық езулік әуезді сөздер: ата, бала, дайра, нақақ т.б
- жіңішке ашық езулік әуезді сөздер: ...
- жуан қысаң езулік әуезді сөздер: тығын, тыйын, қызық т.б.
- жіңішке қысаң езулік әуезді сөздер: тілек, іні, т.б.
- жуан қысаң еріндік әуезді сөздер: отұр, отұн, т.б.
- жіңішке қысаң еріндік әуезді сөздер: түлкү, түймө, түйүн т.б.

Бұл жерде қазақ тілтанымындағы соңғы зерттеулердің нәтижесіне лайық дауыстылардың құрамында «ашық, еріндік дауысты дыбыстар жоқ» деген пікірді ұстанып отырмыз. Ал осы бүгінге дейін еріндік, ашық дауысты деп жүрген дыбыстарымыз дифтонг дауыстылар болып шықты. Дифтонг дауыстылардың басым сыңары қысаң дауыстылар болғандықтан оларды қысаң әуезді топтағы сөздердің құрамына енгізіп отырмыз.

Қазақ тілінің ертедегі зерттелімдерінде сөздердің аралас үндесімі де сол айтылым үлгісінде қамтылған. Бір сөздің құрамында екі түрлі әуездің тіркес ретінің кездесуі қазақ тілінде жиі кездеседі. Бірақ аралас үндесім сөздердің үндесім реті шектеулі болады. Сөздің құрамында жуан езулік әуез бен жуан еріндік әуез ғана немесе жіңішке езулік әуез бен жіңішке еріндік әуез ғана кездесе береді. Жуан езулік әуез бен жіңішке езулік немесе жіңішке еріндік әуездің, жуан еріндік әуез бен жіңішке езулік немесе жіңішке еріндік әуездің кездесімі (немесе керісінше) жоқ (бұл жерде жазба тілдің әсерінен болып жатқан жасанды сөз әуезін ескермейміз).

Қазақ тіліндегі жалаң аралас әуезді үндесімнің түрлері:

-жуан езулік әуез бен жуан еріндік әуезді сөздер: алғу, ауұздүк т.б.

-жуан еріндік әуез бен жуан езулік әуезді сөздер: олар, тұмау т.б.

-жіңішке езулік әуез бен жіңішке еріндік әуезді сөздер: елүү, кетүү т.б.

-жіңішке еріндік әуез бен жіңішке езулік әуезді сөздер: күнә, жүдә т.б.

Соңғы жылдары қазақ фонетикасының атаулар құрамы жан-жақты толықтырыла бастады. Соның нәтижесінде көптеген жаңа атаулар пайда болды, ол атаулар, негізінен, қазақ тілінің төл сөздері негізінде жасалып жатыр. Сонда да болса, олардың мағына-мәні (ұғымы) көпшілікке әлі түсінікті бола қойған жоқ. Сондықтан ол атауларға түсініктеме беріп кету керек болып отыр.

Бұл тұста біз проф. Ә.Жүнісбек ұсынған атаулар тізбегін ұстанып отырмыз. Ғалым, мысалы, дәстүрлі фонетикамызда дыбыстың жасалу орнының да, үндесім әуезінің де бір атаумен аталып келе жатқанын айта келіп, оны екіге бөлуді ұсынады: дыбыстың жасалу орны қосымшасыз (ерін дауысты – губной гласный, ерін дауыссыз – губной согласный т.б.), ал үндесім әуезі қосымша арқылы (еріндік дауысты – огубленный гласный, еріндік дауыссыз – огубленный согласный). Сөйтіп қазақ фонетикасындағы термин-атауларды жүйелеудің бір тәсілі ретінде қабылдадық.

Үндесім (сингармонизм)

Үндесім дыбыс

Үндесім дауысты

Үндесім дауыссыз

Жалаң үндесім

Аралас үндесім

Фонетикалық үндесім (сингармонизм)

Ерін[дік]

Ерін[дік] үндесім

Ерін[дік] үндесім дауысты

Ерін[дік] үндесім дауыссыз

Езу[лік]

Езу[лік] үндесім

Езу[лік] үндесім дауысты

Езу[лік] үндесім дауыссыз

Езу[лік]-ерін[дік] үндесім

Ерін[дік]-езу[лік] үндесім

Еріндік –

Еріндік дауыссыз

Әуез

Езу[лік] әуез

Ерін[дік] әуез

Жуан езу[лік] әуез

Жіңішке езу[лік] әуез

Жуан ерін[дік] әуез

Жіңішке ерін[дік] әуез

Жуан ерін[дік]-езу[лік] әуез

Жіңішке ерін[дік]-езу[лік] әуез

Жуан езу[лік]-ерін[дік] әуез

Жіңішке езу[лік]-ерін[дік] әуез

Дыбыс

Жуан дыбыс

Жіңішке дыбыс

Жуан езу[лік] дыбыс

Жіңішке езу[лік] дыбыс

Жуан ерін дыбыс

Жіңішке ерін[дік] дыбыс

Жуан езу[лік] дыбыс

Жіішке езу[лік] дыбыс

Жуан ерін[дік] дыбыс

Жіңішке ерін[дік] дыбыс

Дауысты

Жіңішке езу[лік] дауысты

Жуан езу[лік] дауысты

Жіңішке ерін[дік] дауысты

Жуан ерін[дік] дауысты

Дауыссыз

Жіңішке ерін[дік] дауыссыз

Жуан ерін[дік] дауыссыз

Жіңішке езу[лік] дауыссыз

Жуан езу[лік] дауыссыз

Жуан ерін[дік] дауыссыз

Жіңішке ерін[дік] дауыссыз

Ілгерінді дауыссыз

Кейінді дауыссыз

Үндестік заңының қазақ тіліндегі көрінісі сөздегі дыбыстардың негізгі артикуляциясына қарай жіктеледі. Үндестіктің қазақ тіліндегі ең басты варианты тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпынан туындайды. Ол туралы: «Дыбыстардың бір сөз көлемінде бірыңғай жуан болып келуін, немесе бірыңғай жіңішке болып келуін тіл үндестігі дейді» [12, 143 б.]. Ал оның екінші варианты еріннің қалпына байланысты: «Дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін ерін үндестігі дейді. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарында да еріндіктер тұруға тиіс» [12, 150 б.].

Қазақ сөздерінің үндесім үлгілерін талдағанда зерттеушілердің ұстанатын негізгі артикуляциялық ережесі осы тектес болып шығады.

Қазақ тіліндегі үндестіктің екі варианты бірдей бағаланып жүрген жоқ. Сөздің жуан-жіңішке варианттары толық қабылданғанымен, сөздің еріндік-езулік варианттары жартылай ғана ескеріліп келеді. Тіптен зерттеушілер арасында жазудың ықпалымен жойылып бара жатқан ерін үндестігіне қатысты «Қазіргі қазақ емлесі еріндік дауыстыларды тек бас (бірінші) буында ғана жазып, айтуымыз да сонымен шектеліп жүр. Тіпті қазақ тілінде ерін үндестігі жоқ деудің алдында тұрмыз» [12, 8 б.] деген алаңдаушылық та жоқ емес.

Қазіргі қазақ тіл білімінде, оқулықтар мен оқу-құралдарында үндестік заңын тек дауыстылармен байланыстыру басым, тіптен үндестік заңына қатысты дауыссыздар ескерілмей қалып жатады. Оны жоғарыда келтірілген сілтемелерден де байқауға болады, үндестік табиғаты сөз болғанда тек дауысталарға мән беріледі.

Бертін келе сингармонизм құбылысына деген көзқарас едәуір өзгерді. Ең бастысы сингармонизм сөздің бүкіл өнбойына тән просодикалық бірлік деп қаралды. Ондай жағдайда сөз құрамындағы буындар немесе түбір мен қосымшалар алдыңғы сегментке қарап үндесіп отырады деген анықтама жоққа шығарылады. Сондықтан сөз құрамындағы буын реті (буын мен буын) мен түбір-қосымша тіркестерінің өзара үндесу заңдылықтары синтагматикалық (тіркестік) құбылыс деп қаралмайды.

Сонан соң іргелес дыбыстардың өзара үндесуі (қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң, үндіден кейін үнді) сингармонизм құбылысының

құрамынан алынып тасталды.

Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі үндесу құбылысы екіге бөлінді: сөздің өнбойына тән үндесу сингармонизмге жатқызылды да сөздің әуез тұрқына қарай үндесім деп аталды; ал іргелес дыбыстардың өзара үндесуі сингармонизмнен шығарылды да дыбыстың әуез тұрқына қарай үйлесім деп аталды. Үндесім құбылысы сөзге тән просодикалық бірлік яғни жоғары сөздік деңгейге тән болса, үйлесім құбылысы дыбысқа тән ассимилятив бірлік яғни төмен дыбыстық деңгейге тән деп қарастырылады. Тілдегі екі деңгейге (просодика және сегмент) тән құбылыстарды бір ұғымға сыйғызуға болмайды деген көзқарас қалыптасты.

Осы бағыттағы талдаудың өзіне тән ұғымдары мен оларға тән атаулары қалыптаса бастады: сөз құрамындағы дыбыстардың сөздегі орнына қарамай өзара әуез икемделімі үндесім деп аталады; іргелес дыбыстардың сөздегі орнына қарай өзара артикуляциялық икемделімі үйлесім деп аталады.

Қазақ тіліндегі сингармонизмге қатысты А.Байтұрсынұлы пікіріне арнайы тоқталған жөн: «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» [13, 390 б.]. Сингармонизм құбылысы жуан-жіңішкелік деп қана жіктелгенімен, ғалым берген анықтаманың біз үшін аса мәнді жері «сөз ішіндегі дыбыстардың бәрі...» деген тұсы болып табылады. Өйткені А.Байтұрсынұлы сингармонизм құбылысын тек дауыстылармен байланыстырып отырған жоқ, дауыссыздарды да қамтып отыр. Қазақ тіліндегі үндестік құбылысы үшін дауыссыздардың да жуан-жіңішке болғаны керек.

А.Байтұрсынұлының пікіріне жақын анықтаманы Х.Досмұхамедұлының белгілі еңбегінен табамыз. Ғалым пікірінше «Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада... Қазақ тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ» [14, 143-144 б.]. Мұнда да «сөздің ішіндегі дыбыстардың

бәрінің...» деген сөзінен дауысты-дауыссыздарды түгел қамтып отырғанын көреміз.

Сол кездегі, сондай-ақ одан кейінгі кездегі (тіптен осы күнге дейінгі) жалпы және түркі фонетикасында мызғымай келе жатқан, үндестікті тек дауыстылармен байланыстырып отырған «гармония гласных» теориясымен салыстырғанда жоғарыдағы А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының ұсынған ғылыми шешімнің аса дәлдігін ерекше атауға тура келеді. Және әрі қарайғы талдаулар осы ізбен жүргізілу керек екендігін, сонда ғана қазақ сөзінің фонетикалық табиғаты жайлы ақиқат нәтижеге қол жеткізуге болатынын естен шығармаған жөн деп ойлаймыз.

Сингармонизмнің фонологиялық рөлін яғни тілдегі қызметін түбір мен қосымшаның басын біріктіріп отыратын тілдік заңдылық ретінде таныған проф. Қ.Жұбанов болып табылады: «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингармонизм дейміз... Бірінде – түбір мүшенің соңғы буыны жуан айтылса, қосымшалардың бар буыны да жуан айтылады; түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, қосымшалар да жіңішке айтылады» [15, 208 б.]. Сөз құрамындағы морфологиялық сегменттер әуезінің жуан-жіңішке болып түзілуін «үндесу» деп анықтайды. Ең бастысы тілдік бірліктердің басын біріктіретін заңдылық деп сингармонизмнің қызметін арнайы атап беріп отыр.

ҚазақтіліндегісингармонизмніңшынайыкөрінісіретіндеС.Мырзабеков ертеректе шыққан сөздіктерді атайды және сингармонизмнің қазақ сөзінің айтылымындағы маңызын дәлелдеудің құралы ретінде пайдаланады. Солардың бірі жайлы «Н.И.Ильминскийдің сөздігі – тұңғыш қазақша-орысша сөздік. Бұл – фонетика үшін де құнды еңбек. Біз бұдан қазіргі орыс графикасына негізделген жазуымыздың тәй-тәй басқан алғашқы адымын көреміз, орфоэпия, орфографиямыздың даму жолын зерделейміз. Сөздердің бірыңғай жуан немесе жіңішке болып келуі түркі тілдерінің бәріне, оның ішінде қазақ тіліне де тән екенін айтып қана қоймайды, сөздігі арқылы дәлелдейді» [15, 8 б.] деп жазады.

Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған сөздер де сол кезде жарық көрген, қазақ сөзінің айтылым үлгісінің таза кезін көрсететін мысалдар болып табылады.

Үндесім құбылысының өз фонологиялық мәртебесінде ескерілмеуінің салдарынан қазақ (түркі) тіліне тән көптеген фонетикалық (дыбыстық) құбылыстар аңғарылмай қалып отырды.

Қазақ тілінің іргелі заңдылықтарының бірі сингармонизм мәселесінің зерттелу жайының ұзақ тарихы бар. Қазақ сөзінің айтылым үлгісін ауызекі күйінде бақылап, естілім күйінде қағазға түсіру бұдан бір жарым ғасыр бұрын басталған. Содан бері қарай түркі тілдерінің бірегей фонетикалық құбылысы ретінде зерртеушілер назарынан тыс қалған емес.

Зерттеушілер назарына алдымен іліккен қазақ сөзінің бірыңғай әуезділігі болды. Бірыңғай әуезділікке байланысты зерттеушілер арасында үлкен айырым пікір жоқ. Алайда оның табиғатын ашыуға келгенде оған зерттеушілердің бәрі бірдей ден қоймаған.

Бір тобы бірыңғай әуезділіктің бар екенін ғана атап өтсе, енді екінші бір тобы оның тілдегі қызметін іздеген, ал үшінші бір тобы бірыңғай әуезділіктің артикуляциясын табуға тырысқан.

Алғашқы зерттеулер танымдық деңгейде қалып отырған. Негізінен тіл үйрету бағытындағы оқулық-сөздіктер ретінде дайындалып, сөздер мен олардың құрамындағы дыбыстардың айтыдымы төнрегіндегі мәліметтер берумен шектеледі. Фонетикалық мәліметтерде жүйелі толықтық пен бір ізділік жағы жетіспей жатады.

Көне түркі жазуынан қалған деректер - тілдің сол тұстағы айтылым қалпын жазудың айнытпай көрсететінінің айғағы. Сингармонизмге құрылған көне түркі жазуы түркі сөздерінің о бастағы үндесім айтылым үлгілерінің беріге дейін бұзылмай келе жатқандығын дәлелдейді.

Жазба мұраларда қазақ сөзінің үндесім айтылым үлгілеріне қатысты маңызды материалдар табылды. Қазіргі кездегі жазу ықпалымен өшіп бара жатқан қазақ сөзінің үндесім айтылым үлгілерінің о бастағы төркін дыбысталуын өзара салыстырып қараудың арқасында тілдің дыбыс құрамы мен дыбыс жүйесіндегі өзгерістерді анық байқап, тілдің болашағы жайлы болжам жасалды.

Алғаш дауыссыздардың жуан-жіңішкелігін дауысты дыбыстарға таңылды. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын «гармония гласных» деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын зерттеушілер

басым деп бағалаған. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, онда дауыссыздардың жуан-жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Сөздіктер мен оқулықтардың құрамындағы лексикалық материалды талдай отырып, үндесімге қатысты көптеген бірегей сөздер табылды. Біз тек қазақ сөзінің бірегей үндесім үлгілерін көрсететін сөздерден ғана мысалдар келтіріп отыруды жөн көрдік.

Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Алайда қазіргі қазақ тіл білімінде, оқулықтар мен оқу-құралдарында үндестік заңын тек дауыстылармен байланыстыру басым, тіптен үндестік заңына қатысты дауыссыздар ескерілмей қалып жатады.

Сингармонизм теориясының өзіндік пән ретіндегі қалыптасқан дәуірі өткен ғасырдың соңы болды. Қазақ тілтанымында сингармонизм құбылысына арналған зерттеулердің көпшілігі осы кезде пайда болды. Сингармонизм құбылысы түркі, оның ішінде қазақ, тілі үшін бірегей белгі ретінде танылып, оның басты лингвистикалық қызметі ретінде сөзқұрауыштық (просодикалық) рөлін ғалымдар жаппай мойындады. Қазақ тіліндегі дыбыс талданым сингармонизм тұрғысынан қолға алынды. Мұның өзі қазақ тіліндегі байқалмай келген жаңа фонетикалық құбылыстардың басын ашуға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы жаңаша анықталып, оның жүйесі жаңаша сипатталып шықты.

Бертін келе сингармонизм құбылысына деген көзқарас едәуір өзгерді. Ең бастысы сингармонизм сөздің бүкіл өнбойына тән просодикалық бірлік деп қаралды. Ондай жағдайда сөз құрамындағы буындар немесе түбір мен қосымшалар алдыңғы сегментке қарап үндесіп отырады деген анықтама жоққа шығарылады. Сондықтан сөз құрамындағы буын реті (буын мен буын) мен түбір-қосымша тіркестерінің өзара үндесу заңдылықтары синтагматикалық (тіркестік) құбылыс деп қаралмайды.

Сонан соң іргелес дыбыстардың өзара үндесуі (қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң, үндіден кейін үнді) сингармонизм құбылысының құрамынан алынып тасталды.

Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі үндесу құбылысы екіге бөлінді: сөздің өнбойына тән үндесу сингармонизмге жатқызылды да сөздің әуез тұрқына қарай үндесім деп аталды; ал іргелес дыбыстардың өзара үндесуі сингармонизмнен шығарылды да дыбыстың әуез тұрқына қарай үйлесім деп аталды. Үндесім құбылысы сөзге тән просодикалық бірлік яғни жоғары сөздік деңгейге тән болса, үйлесім құбылысы дыбысқа тән ассимилятив бірлік яғни төмен дыбыстық деңгейге тән деп қарастырылады. Тілдегі екі деңгейге (просодика және сегмент) тән құбылыстарды бір ұғымға сыйғызуға болмайды деген көзқарас қалыптасты.

Сөз артикуляциясы құрамындағы дыбыстардың артикуляциясынан құралады. Сондықтан сөз артикуляциясын бір тұтас құрылым деп қарауға болады, басқаша айтқанда дыбыстардың өз ара үйлескен артикуляциялық тізбегі сөз артикуляциясы болып шығады. Алайда дыбыстың негізгі артикуляциясының сөз артикуляциясына еш қатысы жоғы байқалды. Сөз артикуляциясының көрсеткіші ретінде дыбыстардың үстеме артикуляциясына қатысты белгілер пайдаланылады.

Алдымен сөз құрамындағы дыбыстардың үстеме белгілері артикуляциялық және естілім тұрғысынан анықталады, оның үлгілері әртүрлі болып шығады: үндесім әуезінің ішкі құрылымына қарай артикуляциясы кейінді-ілгерінді, ашық езу-қысаң езу-емеурін езу-доғал ерін-сүйір ерін болып келеді; естілім әуезінің ішкі құрылымына қарай жуан езулік-жіңішке езулік-жуан еріндік-жіңішке еріндік болып келеді. Сонда сөздің жалпы артикуляциялық тізбегінің әуез артикуляциясы мен естілімі осы белгілердің араласымынан құралады. Әуез белгілердің саны көп болғандықтан олардың араласым мүмкіндігі де мол.

Тарихи фонетика теориясы тұрғысынан дыбыстар, буындар, сөздердің айтылым үлгісінің даму және қалыптасу желісін көрсетуге, сөздердің өткендегі просодикалық айтылым үлгісінің фонетикалық бейнесін қалпына келтіруге, тарихи және қазіргі айырым белгілер теориясына, дыбыстардың фонологиялық (фонемалық) өрісінің тарылу-

кеңею теориясын дамытуға, сөз формасы мен мағынасының түрленуіне себеп болатын фонетикалық құбылыстардың басын ашуға қосылған үлес болып табылады. Қазақ сөзінің қазіргі айтылым үлгілері мен жазба (орфографиялық) үлгілерінің арасындағы қайшылықты реттеуге дәлел болады. Қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесінің, буын түрлері мен олардың дыбыс құрамының, сөз сингармонизмінің үндесім варианттарының түрленім жолдарын байыптауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1860.
2. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. Лейпциг, 1882 (неміс тілінде).
3. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. –Алма-Ата: Наука, 1981. –171 с.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. –М.: Наука, 1984. –484 с.
5. А.А.Реформатский. Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма. // Исследования по фонологии. –М.: Наука, 1966. –С. 186-198.
6. В.А.Богородицкий. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Казань, 1953. С. 220.
7. Н.С.Трубецкой. Основы фонологии. –М.: Аспект пресс, 2000. –353 с.
8. Ф.А.Киязимов. Принципы сингармонизма в азербайджанском языке. Изв., т. 13, вып. 1. Москва, 1954
9. Абуов Ж. Перцептивная фонетика. –Алматы: КазГЮА, 1999. –226 с.
10. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. «Ғылым», Алматы, 1998. 215 бет.
11. С.Мырзабеков Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. «Сөздік-Словарь» Алматы, 1999.

12. Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке. Алма-Ата, 2011
13. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. «Ана тілі», Алматы, 1992.
14. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы шығармалары. Алматы, «Ана тілі», 1998. 139-154 б.; Аламан. Алматы, 1991.
15. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Ғылым», Алматы, 1999. 581 б.

БӨЛІМ 7

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

ОТАРБЕКОВА ЖӘМИЛА КЕРІМБАЙҚЫЗЫ,

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Отарбекова Жәмила Керімбайқызы

филология ғылымдарының

кандидаты, профессор міндетін атқарушы.

Қазақстан Республикасы. Алматы қаласы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

zhotarbekova@gmail.com

Қазақ тілі лексикасының толығында, жаңа сөздер жасауда қос сөздердің алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда тіліміздің лексикалық қабаты жинақталып әр алуан сөздіктер жасалды, олардың дыбыстық құрылысы мен грамматикалық сипаты танылды, көптеген сөздердің этимологиясы (шығу төркіні) зерттелді. Этимологиялық зерттеулер, яғни тіліміздегі сөздердің төркінін табу арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірде басқа халықтармен жасаған қарым-қатынасын немесе ертеректегі жай-күйін танымыз. Өйткені, тіл лексикасының тарихынан сол халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің, мәдени-рухани өмірінің, өзге ел-жұртпен аралас-құралас болғандығының ізі, сәулесі көрініп тұрады. Тілдің даму барысында кейбір сөздердің көнеленіп қолданылмай, негізгі сөздік қордан түсіп қалуы сияқты, қос сөздердің кейбірі қосарлану арқылы жаңа мағына тудырып, бұрынғы өз мағынасын жоғалтып не мағынасынан алшақтап кетуі заңды нәрсе. Ал бірқатар сөздер басқа тілден кіріп, қазақ тілінде қос сөздердің сыңары болып қалған немесе өз мағыналарынан алшақ, жаңа мағынада жұмсалады. Бұл жұмыста

түркі тілдеріне ортақ қос сөздердің көне сыңарлары, басқа тілден енген компоненттері сөз болмақ.

Туыстас тілдерде көп сөздердің ортақ болуы заңды құбылыс. Кейбір өзгешеліктерге қарамастан қазіргі қазақ тіліндегі біраз сөздер жалпы түркі тілдеріне ортақ. Қазіргі түркі тілдері о баста бір тілден шыққаны айқын. Тілдің даму процесінде кейбір бөлек тілдерде бірқатар сөздер өзгеріп, не жаңа мағынаға ие болып, не жоғалып отырады. Әсіресе қазақ тілі сияқты жаңа түркі тілдері көп өзгеріске ұшыраған.

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген бірқатар қос сөздердің сыңарлары бұл тілде осы кезеңде дербес мағынасы жоқ, не күңгірт тартқан, жеке қолданылмайды. Тек қос сөздің құрамында айтылып, екінші сөзбен қосарлану арқылы жаңа мағына тудырып тұрады немесе сирек қолданылып, мағынасы сараланып ашылмайды. Ал осы сөздер кейбір түркі тілдерінде өз мағынасында жеке сөздер болып қолданылады немесе көне түркі жазбаларынды қолданылған.

Талқылау

Қатын-қалаш, қыз-қырқын, қыз-қыршын

Қатын-қалаш. Бір топ әйелдер деген ұғымды білдіретін қос сөз. Қос сөз құрамындағы «қатын» тіркесі жалғыз қазақ емес, түркі тілдерінің көбінде ежелден қолданылып келе жатқан сөз болғандықтан, ол бәрімізге түсінікті болса керек. Тек ескере кететін жайт – оның ертедегі ұғымы «ханым, ханша, қыз» тәрізді жағымды қалыпта көрінген де, кейін арабтардан ауысқан «әйел» сөзінің тілімізде қалыптасу барысында байырғы қатын тұлғасының қадірін кетіріп, жағымсыз кейіпте ғана қолданылады.

Біздің ерекше көңіл аударғалы отырғанымыз жеке тұрып қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз – «қалаш» сөзі болмақ.

Кәләш татар, башқұрт тілдерінде жас келіншек, қалыңдық мағыналарында жұмсалады. Тува тілінде када – нағашы апа (тетя) мағынасында қолданылады, ал тәуелдік жалғаудың үшінші жағында кадазы болады, кадай әйел, қатын мағынасында. Чуваш тілінде хаташ күйеудің, не қалыңдықтың ата-анасы. Қазіргі ұйғыр тілінде қайаш –

туған-туысқан мағынасында. Ескі түркі жазбаларында қадаш (қаташ, қатас) жолдас, туыс мағынасында айтылады /1,409/.

Қазақ тілінде бұл сөздер фонетикалық өзгеріске түсіп, қалаш болып қос сөздің құрамында ғана жұмсалып қалған, д, т, и, л, болып алмасқан. Кейбір көне жазбаларда адаш-қадаш болып қосарланып айтылады.

Осыған сәйкес тағы да бір топшылау бар. Түркі тілдеріне жақындау тұрған манжур тіліндегі «халаша» сөзі «қылымсыған әйел», ал «хэши» тіркесі «әйел» мағыналарын білдіреді. Алғашқы «халаша» сөзі мағынасы жақын «қатын» сөзімен тіркесіп, қос сөз жасайды да, үлкен өзгеріске ұшырамайды. Тек «халашаның» соңғы «а» дыбысы түсіп қалғанын байқауға болады. Ал «хэши» сөзі қосарланып келіп, қос сөз жасалса, «л» әрпі екі буынның ортасына түскен болып шығады. Бұл жерде қатын-қалаш тіркесі мағынасы жағынан әйел-әйел дегенді білдіреді /2,48/.

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген қыз, қызыл, қыршын, қызық, қызу, көрсе қызар, қырмызы, қызба т.б. сөздердің түбірі о баста біреу-ақ – қыз (қыр). Қазіргі қазақ тілінде қыршын жеке сөз болып жұмсала береді. Жас, уылжыған деген мағынада. Ал көне жазбаларда (Махмуд Қашқари) қыркын деген сөз кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегідей бұл сөз қыз сөзімен қосарланып айтылады.

Қыз-қыркын. Қыркын көне түрік тілінде күң, еріксіз деген мағына береді/3/. «Құдатғу білікте» кездесетін қырғы қызыл деген мағына береді.

Бұлардың түбірлері қыз (қыр) болғанда, екінші жартысы (қын, шын) қосымша болуға тиіс. Ескі жазбаларда күң деген сөз кездеседі.

Жеті юз ер болып елсіреміс қағансырамыс бұдының, күнедміс құладмыс бұдының, түрк төрісін ычғынымыс бұдының ечим апам төрісінше жаратмыс, бошғурмыстөліс тардыш (бұдының анта етміш) /1, 30-б/.

Күң сөзі қыр (қыз) сөзімен бірігіп кеткенге ұқсайды, сөйтіп, қыркын деген еріксіз қыз мағынасында жаңа біріккен сөз болып қалыптасып кетуі керек.

Қыршын деген сөздің соңғы –шын бөлігі еркелету, кішірейту қосымшасы деп шамалауға болады. Мұндай сөз тудыратын қосымша көне түркі жазбаларында кездеседі /4. 105-б/.

Абысын-ажын. Далада малшы атауы бір-біріне кездесе, қосак басында қатындар кездесе, ат үстінде азамат кездесе, ас үстінде үй-іштері – абысын-ажын күң кездесе, тегіс сөйлейтін сөзі осы болды. /М.Ә./.

Көне түркі жазбаларында ачі, ачы (старший родственник, родственница, старшая бабушка, дядя, предок) /5.92/ ажун /4.73/ кездеседі.

Оғурмыш (или оғрамыш) (а) катун ағлажур өчі (а) сізе /5. 63/. Ел етиіс жабғу оғлы Сабра тамған чур Жоға інісі білге Сабра тамған таркан ачім атым /5. 9/.

Ажын алтай тілдерінде қолданылады. Ойрот тілінде очы деп әкесінің інісін, інісінің қыздарын, ұлдарын және немерелерін айтады.

Қазіргі қазақ тілінде және басқа түркі тілдерінде қолданылатын әже деген сөзбен түбірлес болуы керек. Махмұд Қашқаридың сөздігінде де бұл сөздер кездеседі ача-ака, ката қиз ачі (әже) – кексе хотин /1. 114/.

Көне түрік жазбаларында кездесетін әблік (жена) /5. 60, 91/ абысын сөзімен түбірлес болар.

Ем-дом. «Тәуіп келін қанша ем-дом жасаса да, ештеңе істей алмады». (М.Дүй.). Сөйлем ішіндегі қос сөздің бірінші сыңары бәрімізге түсінікті. Ем сөзі тілімізде жеке қолданыла береді. Ал екінші сыңарын біз тек осы қос сөздің құрамында ғана кездестіреміз.

Біршама түркі тілдерінде, атап айтқанда, хакастарда, сары ұйғыр тілдерінде «том» сөзі біздің тіліміздегі «дәрі» мағынасын береді. Бұларды былай қойғанда манжур тобындағы тілдердің бірінде «доо» тұлғасында «дәрі» ұғымын білдіреді. Чуваш, тува тілдерінде «им», «эм» сөздерінің өзі біздегі «дәрі» дегенді білдіретінін айтқымыз келеді. Бізге парсылардан «дәрі» сөзі ауысып, «ем» сөзін ығыстырып, оның сәл өзгеше мағына алуына себепші болған.

Жауын-шашын. Жаңбыр, қар сияқты ауа-райының құбылыстары осылай да атала береді. Көп жылдың күзінде кездесетін ол араның жауын-шашыны биыл жоқ (С.М.).

Жаңбыр болсын, қар болсын – жалпы алғанда «жауын» болып айтылады. Сондықтан мына қос сөздегі мағына мен шыққан тегі белгісіз болып отырғаны - «шашын» сөзі қазақтарда қос сөз құрамында ғана кездескенімен, тува сияқты түркі тілінде: «чаьс» немесе «чаашкын» - «жаңбыр» мағынасында айтылуымен ғана тынбай, кейінгі «чааскын» тіркесі қар, жаңбыр, шық, ылғал сияқтылардың бәріне де қолданылады. Қырғыз, ұйғыр, өзбек тілдерінде де «шашын» тіркесі жеке қолданылмай, дәл біздегідей қос сөз құрамында ғана кездеседі.

Ағайын-анжы, айып-анжы. Сыртқы түрі ұқсас болғанымен, шындығында бұл екеуі екі бөлек сөз. «Ағайын» сөзімен қосарланып тұрған «анжының» о бастағы тұлғасы - әжі (енжі). Бұл сөз көне түркі жазбаларында, әсіресе, моңғол тілінде жазылған нұсқаларда жиі қолданылғанын көреміз. Негізгі мағынасы – ұзатылған қызға (ұлға емес) беретін жасау, енші. Ондай енші жер, дүние-мүлік, қызметші, малшы, жалшы, көрші-қолаң түрінде болған. Академик Б.Я.Владимирцов өзінің «Моңғолдардың қоғамдық құрылысы» атты кітабында мынадай бір мәлімет келтіреді: Керей Уан ханның інісі қызын ұзатқанда таңдаулы аспазы Әші-Темірмен қоса екі жүз адамды әнжіге берген. Кейін ол адамдардың біразы жаңа «иелерімен» жақындасып, тіпті қыз алысып, туыстасып кеткенге ұқсайды. Атақты Шыңғыс ханның нөкерлерінің көбі-ақ бір кезде әжесіне әнжі болып келгендердің ұрпағы екен. Міне, енді келіп олар ағайындасып кетеді, яғни, «әнжі» сөзі көрші-қолаң, жалшы деген мағыналардан жақын, туыс деген мағыналарға ауыса бастайды, сөйтіп барып «ағайын» сөзімен синоним құрады. Ағайын деген сөздің әсерінен «әнжінің» жіңішке дауыстылары жуандап кеткен, сөйтіп ол «анжы» тұлғасына ие болған. Қазақ тілінде бұл сөз «ағайынмен» қосарланып қана жұмсалатын болған.

Ал «айып» сөзімен қосарланып қолданылатын «анжының» мағынасы мүлде бөлек. Көне түркі жазбаларында «анжы» сөзі (етістік) айыптау, жазалау мағынасында, ал «анжы» (есім сөз) – айып, күнә, кіна мағыналарында қолданылғанын көреміз. Яғни бір кезде тілімізде қолданылған анжы сөзінің орнын кейін арабтан енген айып сөзі басқан да, ол тек қос сөздің құрамында ғана сақталып, бізге жеткен /6/.

Уақ-түйек, ұсақ-түйек, ауыс-түйіс, ауыс-күйіс

Ішіне қақ қатқан сонау қатты жаулық болмаса, ет пен терінің арасында жүретін уақ-түйек өкпені жуып- шайып. /М.Ә./ Қайнаға, не дегеніңіз, ініңіздің есі-дерті ұсақ-түйек нәрсе жеткізу, елдің қажет-мұқтажын камдау /Х.Е./ Кеміріп өне бойы кедейді жеп,

Байларға ауыс-күйіс болмайды екен. /А./

Қазіргі қазақ тіліндегі ұсақ, ұсату, уақ, уату, ұсақтау сөздері түбірлес. Тек дыбыстар кейбір фонетикалық өзгерістерге түскен. Ал, алыс, алмасу (алыс-беріс) дегендердің де түбірі – ал қазақ тілінде қолданылады. Ал түйек сөзі түйін сөзімен түбірлес. Тегі бұлардың түбірі о баста түй болуы керек. Бұл сөз «Құдатғу білікте» кездеседі. /1. 290,433/.

Қазіргі тілімізде бұл сөздер түйір, түйін түрлерінде жеке сөз болып қолданылады.

Уайымдамаңызшы, Екатерина Дмитриевна, бір түйір нәрсе жоғалған жоқ... /Т.А./ Әлсіздігім, сенің басыңды билей алмай, екі ойда болу емес, өз өмірімнің бір шешілмеген түйіні болғандықтан. /М.Ә./

Жамау-жасқау, ескі-құсқы, темір-терсек, тері-терсек

Біреу аңға серілікпен шығады, біреу оны күн көрісіне жамау-жасқау етеді. /Ғ.Мұс./ Бастарына ескі-құсқы ораған әйелдер ғана емес, сақалды ерлер де бар. /М.Ә. / Сабың, сірінке, темір-терсектен өзге мәнді нәрсе болмай тұр. /Х.Е./

Берген соң тері-терсек ит те алады,

Бұлындай берекесіз арбашының. /А./

Жасқау - жабу, көрсетпеу, бүркеу сөздермен синонимдес. Шыққан төркінін дәл айту қиын, әйтсе де жабу, жасқану, жамау сөздерімен түбірлес деп жобалауға болады.

Түрік тілінде құшақ деп кішкене белбеу, ұсақ-түйекті айтады. Қазақ тілінде қайғы, дерт мағынасында құса деген сөз бар. Қазіргі қазақ тілінде шайдың бұзылып кеткенін, темірдің ірігенін құсық дейді. Осылардың шыққан тегі бір болу керек. әуелде бұл сөз ескі, ұсақ деген мағына білдіру керек деген жорамал жасауға болады.

Терсек сөзінің этимологиясы терімен байланысты болса керек. Соңғы –сек бөлігі сөз тудырушы қосымша болуы мүмкін, өйткені, көне жазбаларда мұндай сөз тудырушы қосымша бар/4. 117/.

Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында бұл қос сөз тұтас қолданылады. Ұйғыр тілінде төмүр-тесәк, қырғыз тілінде темир-тезек, т.б. /7. 101/. Ойрот тілінде терсек-терсийек – тышқан (крот) мағынасында жұмсалады.

Жас-желең, жігіт-желең, кәрі-құртаң, бала-шаға

Әйгерім, Кәкітай, Ербол, Баймағамбет! Сен төртеуің, ендеше ауылдағы анау көрші малшылар қорасындағы барлық үйлердің шалкемпірлерін, жас-желеңін түгел жиып әкеліп, бұлардың ән-сауығын бірге тыңдаңдар. /М.Ә. /. Бүгінгі күн осындай ғып, дақпыртын көрген кәрі-құртаң, жігіт-желең, қатын-бала, әрине бұл уақиғаны оңайлықпен ұмытпайды /М.Ә./ . Әйел, бала-шағаңыз бар шығар? /Х.Е./

«Қазіргі қазақ тілінде» желең башқырлардың ауызекі тілінде (йелен) жігіт деген мағынада қолданылады делінген. Онда Н.К.Дмитриевтің еңбегіне сүйенеді. Ал қазіргі тілімізде желең, желбегей сөздері жеңіл, ашық (киім кию) мағынасында жұмсалады. Қазақ тілінде жас келін, келіншектер жамылып жүретін шапанды желек деп атауы да осы мағыналардан шықса керек. Және бір ерекшелігі – желең жас сөзімен қатарлас жүреді, оған жеңіл, сауық, ойын мағыналарын үстеп отырады. Желең сөзінің кейде жеңіл киім мағынасында жұмсалуды да сол мағынасына байланысты болар, ал шыққан тектері бір деп жорамалдауға болады. Әсіресе көркем әдебиетте сөздердің ауыспалы не үстеме мағынада жұмсалуды жиі кездеседі.

Сол кезде шақша сақалды бір кісінің бешпетшең желең келе жатқанын көріп, жұрттың бәрі соған қарап жымыып күледі /Т.А./ . Енді міне желек астында желігін жасыра алмай, күнде-күнде ән шырқап, төбеке ойнап отыр /М.Ә./ .

Бұл сөздердің бұрынғы кезде тіпті желмен түбірлес болуы да ықтимал. Бұл пікірді, әрине, үзілді-кесілді дұрыс деп айтуға болмайды, өйткені, нақты дәлел жоқ. Бұл тек жорамал ғана. «Құртаң» сөзі туралы да үзілді-кесілді пікір айту қиын. Қазіргі қазақ тілі кітабында «кәрі-құртаң» тек малмен байланысты ғана қолданылады, құртаң сөзі құрттан шыққан

болар /8, 204/ Әдеби тілімізде көбіне адаммен байланысты айтылады. Мұндағы дәлел бар болғаны түбірлерінің ұқсастығы.

Кәрі кісінің әдетте денсаулығы кем болады, ал қазақтар аурудың көбін құрт деп түсінген, мүмкін құртаң содан барып шыққан шығар. Бұл да әлі жеткіліксіз.

Қазіргі қазақ тілінде қарт сөзінің қартаң түрі қолданыла береді. Ол, әдетте, сыпайылық, болжалдылық мағыналарында айтылады. Ағайындардың кейбірі қартаң тартқан адамдар болған. /М.Ә./ .

Тілдің дамуында бір дыбыстың екінші дыбыспен алмасуы кездесіп отырады. Тіркес ішінде «а» дыбысының «ұ» дыбысына айналып кетуі таң қаларлық жай емес. Сондықтан құртаң сөзінің түбірі қарт, кәрі сөздері емес пе екен деген болжау туады. Соңғы сөздер көне, ескіден келе жатқан сөздер, өйткені, көне жазбаларда ұшырап отырады. /1.412/.

Қазақ тілінде жеке тұрып айтылмаса да, басқа бір түркі тілдерінде «шаға» сөзінің жеке мәні мен мағынасы бар. Түрікмен тілінде «чага», түрікше «чаға» сөздері біздің тіліміздегі «бала» мағынасының орнына жұмсалады. Моңғол тілінде «шаға» сөзі кішкентай деген мағынаға ие. Ал М.Қашқаридың сөздігінде чар: чар-чармақ деп алынған. Кейбір дыбыстық өзгешеліктері болса да, осы күнгі түркі тілдерінде «бала» мағынасында қолданылатынын түркологтар бір ауыздан мақұлдайды. /9.77; 7. 103/.

Қару-жарак, қарым-қатынас, ұры-қары

Ойбай-ау, атам заманнан бері қару-жарак ұстауға үйреніп қалған қазақтар құралдарын тапсырмай жатыр, хикматтың бәрі осында емес пе, Яковлев мырза? /Х.Е./ Мен барып қарым-қатынасымызды анықтап келейін. /Т.Л./ Бірақ, бірен-саран ұры-қары, баскесері болмаса, қалың ел ергені жоқ. /Ғ.Мұс./

Қазіргі түсінігімізше қазақ тілінде қар (ы) сөзі қолдың шынтақтан жоғары бөлігі. Кейбір еңбектерде қар – моңғол тілінен енген делінген. Көне құжаттарда түгел қолды да атаған, ұзындық өлшемі қызметін де атқарған. /1.412/. Мысал ретінде Шортанбайдың мына өлеңін келтірсек те болады:

Жұртты жеген Шортанбай

Енді қалдың мінекей,

Бес қары бөз бұйырмай.

Кейбір жазбаларда қолды қарағ деп атаған. /5.97/.

«Қарым-қатынас» дегенде қарым сөзінің осыдан шыққаны даусыз, өйткені алыс-беріс қол арқылы болады, таныс-туыстар бірін-бірі көргенде, құшақтасып амандасады. Бір кездерде қар (ы) күштің де символы болғанға ұқсайды, одан келіп қару, қарысу сөздері шыққан.

Қар(ы) сөзі басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Қарақалпақ тілінде иықтан төменгі бөлік, қар әсілік (қарре), қырғыз тілінде иықтан шынтаққа дейінгі қолдың бөлігі мағынасынан басқа, ұзындық өлшемі, бір метрге жақын мағынасында, түрік тілінде іс, жұмыс, қимыл мағыналарында айтылып, жұмсалады.

Қару-жарак. Қазіргі тілімізде бұл қос сөздің екеуінің де дербес мағынасы бар және жеке-дара қолданыла береді. «Қару» сынары найза, қылыш, садақ т.б. құралдарды білдірсе, «жарак» сөзін де осылай ұғынамыз. Бірақ ертедегі тіл ерекшеліктеріне назар аударсақ, «қарудың» да, «жарактың» да өз алдына меншікті мағыналары болған.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде «карвы йа» - иіліп жасалған садақ, жақ дегенді білдіреді. Осы тектес сөздің ауысып қолданылатын мағынасын моңғол тілінен кездестіреміз. «Харвуул» - садақ оғы. Ерте заманда «йарак» немесе «йарық» сөздері батырлар киетін сауыт ұғымында қолданылған. Осы сөз қазақ тілінде «жарак» болып қалыптасқан. Қазіргі «қару-жарак» қос сөзінің әр сыңарының орнына осыларды қойып көрсек, «садақ-сауыт» деген ұғым шығады.

Сонымен қатар, «жарак» көне жазбаларда соғыс құралы, кейде әскер мағыналарында қолданылған /1.385/. Жасақ сөзі де осымен төркіндес болса керек.

Ұры-қары тіркесіндегі қары бұл жөнінен кейбір күмән тудырады. Қары жеке қолданылғанда, жат мінез, жаман іс мағынасын береді.

Қатының қар болса, заманың тар болар (мақал).

Кейбір жазбаларда қарыш жаулық, дұшпандық, ұрыс болатын жерге шығу мағынасында айтылған. /1.412/. бұл сөздердің төркіні қара (түс) сөзімен жақын ба деген жорамал туады. Шынында да заттың түсі әуелде заттың өзінен барып туған, кейін ғана жалпы сын мағынасына ие болған қазіргі қазақ тіліндегі қара жүрек дегендегі қара, қарақшы сөздерінің шығу төркіні жақын болар деп жорамал жасауға болады. Сол сияқты бұлармен қарғыс, қарғау сөздері де сыбайлас, бұлардың түбірлері де «қар» болуы керек. Сондықтан да «қар» сөзі қол мағынасынан кең, ал кейін әр мағынаға ауысуы болар. Қазақ тілінде қар (ы) сөзіне қосымша жалғанып, туынды сөз жасайды: (ұрлық) қарлық. Бұл да жоғарыдағы пікірімізді аша да дәлелдей түседі. Бұл сөздің осы мағынасы қазақ тілінде қазіргі кезде көнеленіп, дербестігін жоғалтқан, тек екінші сөзбен қосарланып қана ұры сөзінің жетегінде жұмсалады.

Өсек-аяң, әзіл-оспақ

Кісіні өлердей қажытатын өсек-аяңнан аулақ жүрмін. /Ө.Қ/. «Елеусіз ендігі кеңесті зілсіз әзіл-оспақ жағына қарай аударуға тырысты /Ж. /.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде өсек-аяң ойдан шығарылған ұшқары лақап, жалған әңгіме деп берілген /10.1/. Қос сөз құрамындағы «аяң» сөзінің жеке-дара қолданылатын кездері бар, бірақ мағына жағынан басқаша ұғымға ие болады. Қазақ тілінде ақырын, саспай жай жүруді, аяң, аяңдау дейді /10.1/. Ал өсек те бір жерде жатпай, тарай береді ғой. Мүмкін осы жағынан осы сөздер туыстас. Екінші, аян хабарлау, айту, сөзді жеткізу мағыналарында да жұмсала береді. Одан басқа аян сөзі сын есім қызметінде айқын, белгілі, мәлім мағыналарында айтылып, аян беру діни ұғымша түсте әулиелердің, не шешен-ойшылдардың, аруақтардың хабар, бата беріп, жөн сілтеу мағыналарында қолданылады/10.1/. Талдап отырған сөзіміз осылармен төркіндес, түбірлес болуы ғажап емес. Әзірше, қос сөздің екінші сыңарына тұлғасы әрі мағынасы жағынан ұқсас сөзді тек қырғыз тілінен ғана кездестіре аламыз. Оларда «айың» немесе «аяң» дыбыс құрамындағы сөздер «өтірік, өсек, жалған сөз» ұғымында қолданылады. Егер біз қос сөздің екінші сыңарының («аяң») орнына осылардың бірін қойсақ, «өсек-өтірік», «өсек-жалған», «өсек-өсек» мағыналары шығады.

Қазақ тілінде оспақ сөзі жеке қолданыла береді. Зат есім қызметінде тура айтпай, астарлап, жұмбақтап айтылған сөз мағынасын береді/10.2/. Кейде сөз, әңгіме т.б. сияқты зат есімдермен тіркесіп сын есім мағынасында да жұмсала береді. Енді бірде белгісіз, болжау сөз, тіпті өтірік, бағдарлау мағыналарында да жұмсала береді. Бұл сөздің қайдан шыққанын, этимологиялық төркінін айту қиын.

Дел-сал, есі-дерті, қайғы-дерті, мең-зең

Даланы жым-жырт, дел-сал қып,

Түн басады салбырап. /А./

- Ат табылады ғой, Игнатий Иванович, ә? – деді Меңдікерей есі-дерті ілгері аса беруде болып. /Х.Е./

Қайғы-дертің мейлі мың,

Саудаға салмақ өзіңе ар. /А./

Көңілдің жүгін қиял қыл,

Ызаға тұтқын бой мең-зең. /А./

Қазіргі қазақ тілінде делбе сын есім қызметінде адамның денесін қыздырып ауыртатын аурудың аты. /10.1/. Делебесі қызу тіркесі желігу, козу, алып ұшу мағынасында қолданылады. Сонда бұлардың түбірі дел болуы керек. Қазіргі түрік тілінде дели ақылсыз, ойсыз, ессіз мағыналарында қолданылады. Осымен қатар дал сөзі де қолданылады. Қатты ойлану, қиналу, не істерін білмей сенделу мағынасымен қатар, жартылу, өзгеру, паршалау, бүліну, т.б. мағыналарды білдіреді. Шынымен-ақ барлық қызық, күткен өмірі осындай дал болып, қаңғып қалумен өткені ме? /М.Ә./

Осы түбірден туған далақтау, далаң-дұлаң, далба-дұлба, далбалақтау т.б. сөздер дел-сал сөздерінің мағынасына жақын. Бірінде жуан, екіншісінде жіңішке дауысты дыбыстарының жұмсалуына қарамастан, бұл сөздер түбірлес емес пе екен деген жорамал жасауға болады. Енді бірде осы екі сөз бірігіп (қосарланып) те жұмсала береді. Делдал екі адамның арасын келістіру үшін жүретін кісі, дел-дал болуы - не қыларын, қайтерін білмеді, дел-сал болды. /10.1/. Тілімізде «а» дыбысының «е» дыбысына және керісінше орын алмасып, бірінің орнына екіншісі жұмсала беруі жиі кездесіп отырады.

Дел-сал қос сөзінің әуелгі түрі ел-сел болуы керек,-дейді профессор С.Кеңесбаев /3, 41/.

Сал сөзін де аурумен байланыстыруға болады. Сал ауру - бөкесін баса алмай, төсек тартып жатып қалатын ауру түрі; сал-сал болды – сай-сүйегі сырқырады, буын-буынына баса алмады; сал сүйек – дененің әлсіздігі /10.2/. Әсіресе әйелдердің қақ-қақ, кір үсті-бастарын сал-сал деп те айта береді.

Башқұрт тілінде сал көнерген, ескірген, шашы ағарған сияқты мағыналарды жұмсалады. Ноғай тілінде «сел» - тынық, ақырын, жай; якутша «эл-дээл» - бейқам, салақ мағыналарында кездеседі. Тувалардың «салгаа» сөзі де «бейқам, салақ» ұғымын береді. Осы сөздердің түбірі қазақ тілінде қос сөз құрастыра отырып, түпкі мағыналарын жоғалтпай сақтаған. Мұнан «дел-сал» қос сөзінің әр сыңары «ақырын, бейқам, салақ» мағыналарын білдіріп тұрғанын көреміз.

Салақ, салдақы, салдама, салқам, салқар т.б. сол сияқты сөздердің ерте кезде бір түбірден шығуы мүмкін. Олай дейтініміз бұл сөздер тек мағыналық жағынан бір-біріне жақын сөздер ғана емес, сонымен қатар түбірі сал болып екінші бөліктері не қосымша, не фонетикалық өзгеріске түсіп, бірігіп кеткен жеке сөз деуге әбден сияды.

Қазіргі тілімізде дерт аурумен байланысты айтылады, әсіресе денеге бөртіп шығатын аурулардың түрін атаған. Сонымен қатар, бұл сөз арман, қайғы, қасірет, ынта мағыналарында да жұмсалады. Сондықтан да дерт сөзінің қайғы сөзімен қосарлануы соңғы мағынасынан келіп шығады.

Әсіресе ішінде сол дерттен тыным алғызбайтын жалынды шок жатқанда, Ғайшаның сөз қылуы әбден дұрыс емес пе? /М.Ә./.

Көне түркі жазбаларда («Құдатғу білік») дерт сөзі кездеседі. Онда ауру, денені басқан ауырлық мағыналарында жұмсалған. С.Е.Малов бұл сөзді парсы тілінен енген сөз деп қарайды /1.377/. Қазақ тілінде қос сөздің сыңары ретінде қолданылғанда, ол сөз көбінесе ауыспалы мағынасында, қос сөздің бірінші сыңарына қарай ауыса қоданылады. Ес адамның бір психологиялық мүшесі болса, дерт сөзі соны толықтырып, экспрессивтік мағына қосарлап тұрады.

Мең-зең қос сөзі қазіргі қазақ тілінде басы қатты ауырып, тұла-бойы дел-сал болған деген мағынада қолданылады. Бұл сөздер жеке-жеке түбір қалпында тілімізде көбіне кездеспейді. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген біраз сөздер осы түбірден туған болса керек. Олар: меңдеу - әлі құрып, дәрмені кету, қалжырау, сырқаты ауырлап әлсіреу: меңдуана – бас айналдырарлық иісі бар, сары араласқан ақшыл көк гүлді көбіне дәрі-дәрмек ретінде қолданылатын улы жабайы өсімдік; меңіреу – сын есім қызметінде,- түк білмейтін кеше, су ма /10.2/. Бұл соңғы келтірілген сөздердің түбірі мең сөзі, ал екінші белгі не қосымша, не бірігіп кеткен бүтін сөз. Мысалы, меңдуана сөзі мең сөзіне –дуа (дауа) сөзінің бірігуі арқылы жасалған. Ал бірінші сөздің екінші бөлшегі етістіктің аффиксі екені айқын. Бұл айтқандарымыз мағына жағынан да сәйкес келеді.

Зең сөзін де осы жолмен қарауға болады және бұл сөз мағыналық жағынан жоғарыдағы талдаған сөзімізге жақын. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген зеңгу, зеңгіп – басы айналып, мең-зең болу: зеңу – шаршағанда, қажығанда бастың мең-зең болуы /10.2/ сөздерінің түбірі зең екеніне дау болмасқа керек. Оны түбірлерінің ұқсастығы мен мағыналарының синонимдестігі де дәлелдей алады. Зең сөзі көбіне жеке қолданылмағанымен зеңгу, зеңгіп, зеңу, зеңіп сөздерінде қосымшалар копарылып, ал сөздің негізгі түбірі сол қалпында қалып отырады. Ал мұны тілімізде басқа да қолданылып жүрген сияқты өлі түбір десек те болады. Ондай фактілер тілімізде қазірдің өзінде кездесіп отыр. Оят-оян-ояу, уат-уан т.б. сөздердің қазір түбірін дәл ажырата қою қиын. Әйткенмен де негізгі түбірі оя деп қараймыз. Біздің талдап отырған сөздеріміз осыған жақын.

Азық-түлік, мал-мүлік

Осы күндері мал тегіс сойылып болып, азық-түлік ас үйлерге әбден жайғасқан.... /М.Ә./ Дәрменді айыптап, мал-мүлік айыбын кесіп, әуелі тонап алып, содан әрі аластап, ел ішінен айдап тастар еді. /М.Ә./

Азық-түлік қос сөзі басқа да түркі тілдерінде қолданыла береді. Ойрот тілінде «түл» деп ет пісіруді айтады. Қазақ тілінде түлік сөзі көбіне малмен байланысты айтылады, малдың төрт түрі. Ал азық сөзі тамақ мағынасында көне жазбалаларда да қолданылған. Мүлік сөзі де көне ескерткіштерде бар. Бірде ол патшалық, мемлекет, қазына мағынасында

келсе, екіншіде ел билеу, патша мағынасында жұмсалады. С.Е.Малов бұл сөздерді араб тілдерінен енген деп қарайды. Бұл сөздер қазіргі тілімізде әбден сіңісіп, төл сөздей болып кеткен. Қазақта көбіне мүлік деп дүние-жиһазды айтады. Осыған қарамастан түлік сөзімен мүліктің ата тегі бір болса керек. Өйткені, қазақтың мінсе көлігі, іші-жесе азығы, жиса дүниесі мал болған. Байлығы да малмен есептелген. Сондықтан да түлік сөзінің азықпен, мүлік сөзінің малмен қосарланып жұмсалуды кездейсоқ емес деп қарау керек.

Осындай этимологиялық зерттеулер екі сыңары да мағынасыз қос сөздердің әуел баста дербес мағынасы бар сөздерден жасалғанын, кейбірінің дыбыстық өзгеріске ұшырау нәтижесінде өзіне тән дербестігінен айрылып, қосалқы мүше ретінде қалып қойғанын көреміз.

Қорытынды

Сөйтіп, қазіргі тіл тұрғысынан түсініксіз, мағынасы күңгірт деген сыңарлардың шығу төркінін қарастырғанымызда, олардың бәрінің мағыналы сөздер екендігіне көз жеткіздік. Түсініксіз қос сөз компоненттерінің дені көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін, қазіргі түркі тілдерінде сақталған сөздер.

Қорыта келгенде, тілімізде мағынасыз сөз жоқ. Әрбір сөздің тарихы мен түп төркінін зерделеп, ашып көрсетсек, түркі тілдес халықтардың тілдеріне ортақ лексиканы анықтап, түркі тілдері сөздігін жасауға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер:

1. С.Е.Малов «Памятники древнетюркской письменности» 1951 ж.
2. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. А.,1991.
3. Кеңесбаев С. Қос сөздерді кейбір жасалу жолдары. Ученые записки КазГос университета. А.,1946.
4. А.М.Щербак «Грамматический строй языка тюркских текстов» М-Л., 1961ж.
5. С.Е.Малов «Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии» М-Л., 1959ж.

6. Исаев С.М. Қос сөздердің көмескі сыңарлары туралы // «Қазақ әдебиеті» 1966, 5 тамыз. №12.
7. А.Кайдаров «Парные слова в современном уйгурском языке» 1958ж.
8. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.
9. Н.К.Дмитриев «Грамматика башкирского языка» М-Л., 1948ж.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері. (10 томдық). №1, №2. 1959-1962.

Қысқартылып алынған шартты белгілер

А. – Абай Құнанбаев.

М.Ә. – Мұхтар Әуезов.

Ғ.Мұс. – Ғабиден Мұстафин.

С.М. – Сәбит Мұқанов.

Х.Е. – Хамза Есенжанов.

Ө.Қ. – Өтебай Қанахин.

МДүй. – Мырзабек Дүйсенов.

Ж. – «Жұлдыз» журналы.

БӨЛІМ 8

ТІЛДІК САНА: ӘЛЕМДІК ТАНЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ДІЛ САБАҚТАСТЫҒЫ

САЛҚЫНБАЙ АНАР БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ

ТІЛДІК САНА: ӘЛЕМДІК ТАНЫМ МЕН ҰЛТТЫҚ ДІЛ САБАҚТАСТЫҒЫ

Салқынбай Анар Бекмырзақұзы

филология ғылымдарының докторы, профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

asalkbek@gmail.com

Кіріспе. Тіл ғылымының мақсаты оның тек құрылымдық, формальдық сипатын анықтаумен, грамматикалық құрылымды талдап, жіктеумен ғана айқындалмайды, сонымен бірге адамның өз-өзін, айналадағы көрінетін және көрінбейтін құбылыстарды тануы барысында қалыптасатын көзқарасы мен пікірін, әлем бейнесіне қатысты қарым-қатынасын мақсатты түрде таңбалайтын атаулардың сыры мен мән-мағынасын, санада қалыптасып, жатталып, қатталып, сақталып есті, жадты негіздей топтастырып, жинақтайтын жүйелейтін кілттік ұғымдарды саралаумен, ұлттық ділді негіздейтін ұғымдарды айқындап, саралаумен де тікелей байланысты. Адам баласын, адамзат қоғамын тілсіз көз алдыңызға келтіре алмайсыз. Күнделікті үйреншікті сөйлеу барысында біз өзіміздің сөзіміздің қайдан шығып жатқанына, айтқанымыздың оң-терісі мен дұрыс-бұрысына мән беріп жатамыз ба? Ал тілдің біздің санамызға, ойымызға әсері қандай? Сөйлеу барысында берілетін ақпараттар легі қалай пайда болады, қайда жинақталып, тілдік бірліктер арқылы қалай таңбаланады деген сұрақтардың көбі ғылымда жауапсыз. Тіл санада қабылданып, танылған зат не құбылыс бейнесін таңбалап қана қоймай, оны тілдік құрылымда қалыптасқан жүйелі құрылымға салып, қалыптап,

түсінікті лебіз қалпындағы мәтінді ұсынады. Тілдік осындай қалып пен құрылымдық безендіру болмаса, ойды қабылдау және түсіну мүмкін болмас еді. Тек бейвербальды амалдарды пайдаланып, толық түсінік ала алмасыңыз белгілі.

Зерттелуі: Тіл адам дүниетанымының, мінезінің, әдетінің, әдебінің қалыптасуына әсер ететін ең басты фактор. В. Фон Гумбольда бұл туралы «человек становится человеком только через язык, в котором действуют творческие первосилы человека, его глубинные возможности. Язык есть единая духовная энергия народа» - деп жазған болатын [Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1984. — 400 с.].

Кез келген ұлттың өмір сүруінің, дамуының басты кепілі – оның тілі, өйткені негізінен, ұлттық код тілде өмір сүріп, рухани болмысын сақтайды. Мұндай философиялық тұжырымдаманы кезінде Гумбольдт ұстанған. Ғалымның пайымдауынша, «тіл - халық қызметінің мәні, адамның рухани белсенділігінің негізі». Бұдан аңғарылатын жайт мынадай: тіл - адам санасына әсер ете алатын басты, ең күшті құрал; тіл - әлемді танудың негізі; біз өзіміз тіл арқылы таныған әлемде ғана өмір сүре аламыз.

Тіл мен ойлау арасын терең зерттеген Эмиль Бенвенист өзінің «Категория мысли и категория языка» атты мақаласын «Применения языка, на котором мы говорим, столь многообразны, что одно их перечисление вылилось бы в обширный список всех сфер деятельности, к каким только может быть причастен человеческий разум» - деп бастайды [Бенвенист Э. Общая лингвистика. - М., 1974. - С. 104-114]. Шынында да, тілдің қабілеті мен қасиетін, қызметі мен қадірін түсініп, түсіндіріп болдық па? Пайымдай алып, байыбына жете алдық па?

Э. Бенвенист Аристотель идеяларына сүйеніп, тілді әмбебаптық семиотикалық құрылымдық жүйе ретінде танып, мынадай тұжырым жасайды: «Никакой тип языка не может сам по себе ни благоприятствовать, ни препятствовать деятельности мышления. Прогресс мысли скорее более тесно связан со способностями людей, с общими условиями развития культуры и с устройством общества, чем с особенностями данного языка. Но возможность мышления вообще неотрывна от языковой способности,

поскольку язык - это структура, несущая значение, и мыслить - значит оперировать знаками языка. [Бенвенист Э. Общая лингвистика. - М., 1974. 114 с.].

Тіл - әлем туралы түсінікті (әлем бейнесін) және адамның өз болмысын танып бағалайтын құндылықтар жүйесін қалыптастырушы. Сондықтан дүниетанымды қалыптастыруда, ділді жүйелеп, негіздеуде тіл маңызды әрі жетекші рөл атқарады. Тіл мен ділдің арасындағы байланысты айқындауда, біз Э. Бенвенист тұжырымдамасын негізге ала отырып, тілді алғашқы модельдеуші жүйе ретінде танып, діл - тілдегі таңбаланған басты ақпараттық құрылымдар мен рухани және мәдени құндылықтарға негізделеді деп танымыз. Яғни, танымның алғашқы белесі тілде таңбаланады, жүйеленеді, діл тілдегі әлем бейнесі мен құндылықтар жүйесі негізінде қалыптасады. Сондықтан тіл мен діл бір-бірімен тығыз байланысты.

Орыстілғылымында ділді лингвистикалық аяда зерттеген В.В. Колесов «менталитет», «ментальность» терім сөздерін бөліп қарастырады. Сөздің ішкі мағыналық құрылымының иіріміне сүңгісек, бұл дұрыс та. Ғалым латынның «mens» сөзінен туындайтын бұл терминнің мағынасын – пайым – ақыл – (даналық емес) – ойлау – ой бейнесі – көңіл күй – рухани астар бағытында дамидынын түсіндіре келіп, ментальдылық менталитет аясынан өсіп шығады деп жазады. «Ментальность возникла на фоне менталитета. Ментальность в нашем смысле - нечто душевно-мягкое, понятие скорее этическое, чем логическое, и даже не понятие, а представление, которому определение дать столь трудно, что никто его и не дает». Это взгляд на мир той человеческой породы, которая ratio ставит на присущее ему место, предпочитая logos — то неуловимое единство мысли и чувства, которое и создает, и крепит русские «общинные предрасположения». [Колесов В. В. Русская ментальность в языке и тексте. 2006: Издательство: Петербургское Востоковедение].

Біз «ментальность» ұғымын «ділдік» терім сөзімен, менталитетті «діл» сөзімен таңбалаймыз. Діл мен ділдік ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты бола тұра, бір-бірінен мазмұндық формалары жағынан айырмасы бар ұғымдар ретінде қарастырылады. «Ділдік» - ана тіліндегі сөздер мен сөзтұлғалар, тілдік категориялар негізінде әлемді тану, ұлттық

мінездің типтік сипаттары мен көріністерін зияткерлік, ізгілік қасиеттері сынды рухани қасиеттерді байланыстырып әлемді қабылдау. «Ділдік» – таза қисын мен ақылға емес, сонымен қатар этикаға да негізделеді.

Діл – жалпы дүниетанымдық бағдар, адам тіршілігінің мәні мен мақсаты болып санатын санамызда қалыптасқан негізгі құндылықтарды айқындайды.

Құндылықтарға:

- этикалық құндылықтар;
- эстетикалық құндылықтар;
- саяси құндылықтар;
- діни құндылықтар;
- моральдық құндылықтар;
- рухани құндылықтар т.б. жатады.

Діл – адам мінезін, мәдениетін айқындайды, яғни жеке адамның немесе белгілі ұжымның санасын бейнелеп, құндылықтар арқылы ұлттық, жалпыадамзаттық деңгейде көрініс табады.

Ұлттық діл (немесе этнос ділі) – халықтың тарихи тұрғыда рухани, экономикалық, этникалық дамуындағы барлық ерекше мінезі мен ерекше белгілерінің күрделі жиынтығы. Кез келген ұлттың ділі оның ұлттық біртектілігін, ұлттық кодын, этникалық жалпылығын сипаттайтын басты белгі ретінде қызмет етеді.

Ділдік – қоғамдық сананың көрінбейтін терең бөлігі. «Ділдік» ұғымында басты субъект жеке тұлға емес, жалпы әлеумет болып саналады. Оның басты мазмұны басты рухани құндылықтар; ойлаудағы, мінездегі, эмоциядағы негізгі стереотиптер, өзіндік әлем бейнесі.

Ділдің қалыптасуымен дамуы, еңалдымен, қоғамдағы құндылықтарға, адами жоғары мұраттар мен мәдениетке, әлеуметтік құрылым мен өмір сүрген ортасы қалыптастырған санаға тікелей байланысты.

Талдау. ДІЛ бастауы – ТҮПБЕЙНЕ (архетип)

ДІЛ – белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымдастыққа енетін адамдар үшін, заманалар легінде қалыптасып, тарихи санада жаңарып, дамып отыратын әдеттердің әлеуметтік-психологиялық қалыптық жиынтығы. Кез келген әлеуметтік құбылыс сияқты, діл де тарихи тұрғыдан өзгеріп отырады, алайда ділдік өзгерістер шапшаң өзгеріп, алмасып жатпайды, уақыт пен кеңістікте болып жататын әртүрлі өзгерістер мен саяси ақуалдарға қатысты адамдардың санасына сіңген әдеттердің жаңаруымен, дамуымен байланысты келеді. Діл - жеке тұлғалардың бойындағы әдет емес, ол жалпы қоғамдық сананы белгілейтін көпшіліктің әлеуметтік-рухани қалпын, болмысын айқындайды. Сондықтан да, ділдің басты нысаны жеке адам емес, жалпы әлеумет. Қоғамдағы ділдің басты көрінісі адамдардың мінез-құлқы, салты мен дәстүрі, діни сенімі, ең бастысы, сөйлеу мәнері мен сөйлеу сипаты арқылы (ым-ишара арқылы да) анықталады.

Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жүгінсек, «менталитет» ұғымы жеке пәннің зерттеу нысаны ретінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап қарастырыла бастаған. «Діл» ұғымының мәні терең және алуан қырлы, сондықтан да ділдің концептуалдық құрылымын талдауда белгілі бір халық мәдениетінің жеке сипаты қарастырылып, сәйкесінше, әртүрлі ғылыми бағыттар қалыптасып дамытылған. Ш. Монтескье, Ж.Б. Вико, И. Гердер, Г.В.Ф. Гегель сынды философ ғалымдар еңбектерінде белгілі бір халықтың «халықтық рухы» туралы идея дамытылған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында бұл идея жалғасын тауып, М. Лацарус, Х. Штейнталь еңбектерінде дамытылады да, «этникалық психология» деген жаңа ғылыми бағыттың қалыптасқанын белгілейтін ғылыми журнал шығарылады. Бұл жаңа ілім Х. Штейнтальдың көрсетуінше, халықтың жан дүниесін зерттеп, халықтың рухани өміріндегі заңдылықтарды анықтауға арналған еді. Штейнталь тіл ғылымындағы психологизмнің негізін салушы болып есептеледі. Оның еңбектерінің негізінде И. Гердер мен В. Гумбольдт идеялары жатады. Лингвист ғалымның ғылыми зерттеулерінің басты нысаны - тілді халық психологиясының көрінісі деп қарастыру және «халықтық рух» тұрғысынан зерттеу болды. Осыған байланысты ғылыми зерттеулерде Штейнтальды этнопсихология мен этнолингвистиканың негізін салушы ретінде бағалайды.

Х. Штейнтальдың ғылыми бағытын психолог әрі лингвист В. Вунд, прагмалингвистика маманы П. Вегенер, сондай-ақ, Г. Пауль зерттеулерінде жалғастырды. Өз еңбектерінде Штейнталь тілдің ішкі формасы туралы ұғымды сақтап, тіл дамуының деңгейлігі туралы идеяны ұстады. Негізгі идеялары «Грамматика, логика и психология, их принципы и взаимоотношения» (Grammatik, Logik und Psychologie, ihre Prinzipien und ihr Verhaeltnis zueinander, 1855), «Введение в психологию и языкознание» (Einleitung in die Psychologie und Sprachwissenschaft, 1871) сынды ғылыми зерттеулерінде қамтылды.

Этнопсихологиялық бағытта жазылған бұл зерттеулерде «менталитет» болмаса «діл» терім сөздері қолданбағанымен, ғалымдардың зерттеулеріндегі көтерілген нақты мәселе осы құбылыстың қыр-сырын тануға арналды.

“Mentalete” терім сөзін алғаш қолданғандардың бірі француз психологы және этнографы Л. Леви-Брюль өзінің “Les fonctions mentales dans les societes inferieures” (1910) (“Ментальные функции в низших обществах”) и “La mentalite primitive” (“Первобытная ментальность”) атты зерттеу еңбектерінде «менталитет» ұғымын талдады. Негізгі мағынасы «ұлттық мінез», «этникалық сана», «ұлттық психология», «дүниетаным», «психология» сияқты ұғымдарды анықтайтын бұл терім сөз осы қолданыстан кейін ғылыми айналыста жұмсала бастады.

Қазақ философиясында «діл» ұғымы философиялық бағытта біршама жақсы қарастырылған. Зерттеушілер «діл» категориясын жеке тұлғадан бастап, әлеуметтік топтардың, этностың, ұлттың әлеуметтік-психологиялық және рухани болмысын анықтайтын негізгі мәдени-тарихи феномен ретінде қарастырады.

Сөз - «Алладан шыққан бу» (Шаһкәрім), ол қоғамды қарым-қатынасқа түсіруші, реттеуші, рухани қалыбын сақтаушы, басқарудың негізгі құралы да. Тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру аз, ол тарихи қалыптасқан дүниетанымды таразылаушы, реттеуші, жинаушы, сақтаушы.

Діл – белгілі ұлтқа, этносқа тән нақтылы тарихи-мәдени жағдайда қалыптасқан дәстүрдің, салттың, дүниетанымының, мінездің, іс-әрекеттердің біркелкі сипаты мен сырын танытатын ұғым. Әрбір

халықтың атадан балаға мирас болып келе жатқан рухани құндылықтар жүйесі бар. Ол замана дамуында бірегейленіп, бүтіндікке ие болып, ұлтқа ортақ дүниетаным, ұлттық ерекше белгі ретінде танылады да, дайын сипатқа ие болады. Бұл түптеп келгенде, этностық сананы, ұлттық сананы қалыптастырады. Демек, діл – ұлттық сананың басты белгілері мен көрінісін танытады.

Діл туралы теориялық мәселелерді қозғамас бұрын оған табиғаты жағынан жақын келетін бірнеше ұғымдарды анықтап алу жөн:

- Мәдени түпбейне (архетип);
- Ұлттық мінез.

Мәдени түпбейне – адам баласының рухани дүниесінің қалыбын қалыптастырушы, бастапқы тетікті ұғымдарын негіздеуші мәдениеттің негізгі бірлігі. Ірілі-уақты ғылыми зерттеулер мен энциклопедиялық еңбектерде «мәдени түпбейненің» қалыптасуы мен дамуы бүкіл адамзаттық мәдениеттің тарихи қоғамдасу үдерісіндегі жүйеленуі мен мәдени тәжірибелерінің шеңберінде орындалатыны аталады.

Мәдени түпбейне (культурный архетип) ұғымын алғаш енгізген ғалым – Карл Юнг. Ол мәдени түпбейне ретінде текпен берілетін және терең тарихи мәні бар мифологиялық символдармен жаңғырған сананың күрделі сипатын атайды. Мифологиялық символдар ретінде ғалым – көлеңке, Анима, Анимус (лат. anima и лат. Animus - «өмірдің бастауы») немесе «жан» ұғымдарын атайды. Бұл терім сөздерді архетиптік бейнелердің белгісі немесе таңбасы ретінде таңбалау үшін Карл Юнгтің өзі енгізген), Ана, Бала, Шал, Дана, Күн т.б. – ұғымдарын алады.

Карл Густав Юнгтің өзі 1875 жылы Швейцарияда шағын Кесвиль деген жерде германиялық священниктің отбасында дүниеге келген. Отбасы «жоғары текті» болғанымен, Карл балалық шағында кедейліктің зарын тартқан деседі. Кейін туыстарының жәрдемімен Юнг өз заманындағы ең жақсы оқу орны саналған Базель гимназиясында оқуға мүмкіндік алады. Гимназияда да, университетте де үздік оқиды, әсіресе философияға ерекше қызығады. Зерттеулерден өзінің іздеген рухани ізгіліктерінің ізін таппаған Юнг философиялық ізденістерге тереңірек ден қояды. Өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Здесь было эмпирическое поле,

общее для биологических и духовных фактов, которое я искал повсюду и нигде не находил. Здесь же коллизия природы и духа стала реальностью» [Юнг. К. Архетип и символ. М. Выш. шк 1991].

Филология факультетінде Ницшені жақсы білетін профессорлар болады, Карл Юнг Ницше философиясына қанығады. «Мы стали богатыми в познаниях, но бедными в мудрости», - деп жазады кейіннен Карл Юнг.

К. Юнг «Архетип – элемент коллективного бессознательного» дейді. Фрейдтің психологиялық зерттеулерін талдай келе, әртүрлі халықтарда кездесетін мифтердің құрылымдары мен сюжеттеріндегі ортақтықты анықтай келе, олардың арасында ортақ ұжымдық түпсаналық бар деген тұжырымға келеді.

Ал мәдениет – осы түпбейненің көрінісі деп бағалайды. Мәдени түпбейне – адам өзі саналық деңгейде түсіне қоймайтын, алайда түпсаналық ақпараттар негізінде орындалатын тұрақты түсінік. Ол адам әрекеттерінің орындалуының негізі, бірақ, екінші жағынан ол адам өзінің, әрекетінің әуелгі түпсаналық қалыптан шығатынын аңғармайды. Түпсаналық қалып - «жасырын».

Карл Юнг «түпбейне» концепциясын ғылыми тұрғыдан тұжырымдау үшін бүкіл ғұмырын сарп еткен екен. Зерттеуші ғалымдар бұл ғылыми мәселені мәдениеттің мәнін ашу немесе психологиялық зерттеулер деп таниды. Жеке тұлға мен оның дамуында (денсаулығында да), маңызды орны алатын әлеуметтік-мәдени үдерістер деп таныған Карл ұстазы З. Фрейд сияқты психиатриялық әдістерді мәдениетпен аналогия жасап, салыстырып, адам қызметінің әртүрлі аясын зерделей келіп, оны жеке тұлға ретінде де, социум ретінде де қарастырады [1. З. Фрейд. Введение в психоанализ. М. Выш. шк 1991. 2. З. Фрейд. Будущее одной иллюзии Сумерки богов М 1990. 3. Фромм. Э. Душа человека.].

К. Юнгтің пайымдауынша, ұжымдық бейсаналық мазмұн гендік ақпарат арқылы тарап, адамның психикасында өсіп дамиды. Туғанда берілетін бұл бағдарлама негізінде әмбебап үлгідегі мінез-құлық, рефлексстер, қабылдау, ойлау, елестету пайда болады, осылайша ұжымдық бейсаналық мазмұн жалпы адамзатқа ортақ алғашқы бейнелер болып қалыптасады. Түпбейне мифтерде, ертегілерде, магияда, алхимияда

көрініс табады. К. Юнг түпбейнеге ерекше мән береді. Оның болжауынша, мифологиялық образдардың, магия мен алхимияның негізгі астарында осы түпбейнелер жатады. Қазіргі мәдениеттану және мәдени философия ғылымы «мәдени түпбейне» ұғымын белсенді қолданады, алайда бұл концепцияны зерделейтін біржақты көзқарас жоқ. Қазіргі ғылымда мәдени түпбейне «рухани дүниені қалыптастырушы модель, мәдениеттің бастапқы элементі» ретінде қарастырылады [Культурология: XX век: Словарь. - С.Пб.: Университетская книга, 1997, с. 38].

Әрбір ұлттық мәдениетте өзінің этномәдени түпбейнесі маңызды рөл атқарады. Ол ұлттың ерекше өзіндік дүниетанымдық болмысын, мінезін, дәстүрін, салтын, көркем ойлау жүйесін, тарихы мен тағдырын да айқындап көрсетеді. Этномәдени түпбейне ұлттық рухани болмыспен сәйкес қарастырылады.

Мәдени түпбейне мәдениеттің, рухани болмыстың тек өткені мен қазіргісін ғана саралап бағаламайды, сонымен бірге мәдени және рухани дамудың болашағына да болжам жасай алады. Ұлттық мәдениеттің өміршендігі түпбейненің бүтіндігімен, еркіндігімен, негізділігімен, бар болуымен, нақтылығымен тікелей байланысты. Мәдени түпбейне мәдениеттің басты әрі негізгі бірліктерін құрай отырып, мәдени өмірдің басты модельдерін де жасайды. Әлемдік ғылымда мәдени түпбейненің екі түрі бар деп есептеледі:

- әмбебап мәдени түпбейне;
- этникалық мәдени түпбейне.

Әмбебаптық мәдени түпбейнеге табиғатты пайдалану (от, су, ауа, топырақ), аласапыран, жаратылыс, ер мен әйел одағының әуелгі бастауы, ұрпақ жалғастығы сынды адамзат санасына ортақ бастапқы бейнелер жатқызылады. Әмбебаптық мәдени түпбейне адамзаттың өмір сүруінің басты әрі тірегі саналатын жалпы мәнді танытады да, оның дамуындағы жалпыға ортақ генезистік құрылымдарды құрайды.

Ал этникалық мәдени түпбейне ұлттық рухани құндылықтар деп танылатын этностың мәдени бүтіндігі мен тектілігін айқындайтын концептік құрылымдардан тұрады. Мәдени түпбейнені зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, әрбір ұлттың мәдениетінде этномәдени

түпбейнелер бастапқы және маңызды рөл атқарады, сөйтіп ұлттық дүниетаным, мінез, көркем шығармашылық, ұлттық болмыс пен оның тарихи санасын белгілейтін басты факторларды анықтайды [Cultural studies. XX century. Encyclopedia: in 2 vols. - St.: Marshmallow, 1998. - Т. 1. 2. Starygin, A.V. Forms of manifestation of catholicity, and eschatology as hell of the Russian national consciousness in literature and folklore: Thesis. ... Candidate. Sc. Science. - Barnaul, 2003. 3. Cultural studies. The twentieth century: the dictionary. - St.: University Book, 1997. 4. Tleuzh, A.D. Ethno-cultural archetypes Adyghe nation: the experience of philosophical and cultural understanding: Dis. Dr. Sc. Science. - Krasnodar, 2007].

Мәдени түпбейнелер адам баласының ежелден келе жатқан танымдық ерекшеліктерінің болуымен де мәнді. Ұлттық мәдени түпбейнелердің ізін табу үшін қазіргі дүниетанымымыз бен дәстүрімізде, салтымызда сақталып қалған мәдени құндылық саналатын ұғымдарды талдап, саралап, қоршаған орта мен адамның қарым-қатынасындағы танымдық ақпараттардың үлгісі ретінде сақталған жұрнағын саралау қажет. Қазақтың мәдени түпбейнесінде мұндай қалдық-жұрнақтардың көрінісі:

- салт-дәстүр ұғымдарының ішкі мәнінде;
- географиялық атаулардың мағыналық құрылымында;
- шаруашылыққа, кәсіпке қатысты ұғымдар мен атаудың құрылымында;
- ырымдар мен тыйымдарда;
- діни ұғымдарда;
- әлеуметтік мәнді атаулар мәнінде;
- мәдени ұғымдарда сақталған.

Мәдени түпбейненің көрінісі қазіргі дамыған, жетілген қалпында ұлттық құндылық, адамзаттық құндылық деп бағаланатын ұғымдардың өзексемасында жатады. Мәдени түпбейне ұлттық құндылықтардың өзегінде жататындықтан, оны этномәдени түпбейне (архетип) ретінде қарастыратын ғалымдар да бар. Мәселен, А.Д. Тлеуж «Этнокультурные архетипы адыгского народа: опыт философского-культурологического осмысления» атты докторлық диссертациясында (Автореф. докт. дисс.,

Краснодар, 2007) этномәдени түпбейнелер ұлттық руханилықтың негізін құрайтынын және белгілі бір этностың мәдени бүтіндігін анықтайтын және қасиетін танытатын негіз екенін дәлелдейді. Қазіргі ғылыми зерттеулерде «мәдени түпбейне» мен «этномәдени түпбейне» ұғымдары синоним ретінде қолданылады.

А.Д. Тлеуждің пайымдауынша, әуелгі образдар халық ауыз әдебиетінде сақталып, жеке тұлғаның қалыптасуына, соның негізінде айқындалатын қоғамдық сананың орнығуына игі әсер етеді. Ұлттық сана-сезімнің өсіп-жетілуінің басты көрінісі – өзінің тарихына, мәдениетіне, дәстүріне, салтына, тіліне деген үлкен қызығушылықтан байқалады дейді ғалым (Сонда, 5-бет).

Қазақ тіліндегі мәдени түпбейнені айқындау, саралау мәселесі тіл мен діл арасындағы байланысты зерделеу үшін ғана маңызды емес, сонымен бірге жеке тұлғаның қалыптасуында дәстүрлік таным формаларын қазіргі жағдайға сәйкестендіре қолданып, ұлттық танымды ірге етіп тәрбиелеу үшін де өзекті. Дәстүрлі ұлттық таным мен білімді тиімсіз немесе «ескіліктің сарқыншағы» деп қабылдамайтын көзқарасты қазіргі таңда батыс білімдарларының өзі қате деп есептей бастады. Мыңжылдықтар легінде қалыптасып дамыған ұлттық болмысты танытар мәдени түпбейне гуманистік ұстанымдарға негізделгенімен де өзекті болмақ.

Қазақ ауыз әдебиетінің көркем үлгілері туралы тарихи, археологиялық, әлеуметтік, философиялық, этнографиялық бағытта зерттеп, зерделеген ғылыми жұмыстар мол. Халық ауыз әдебиетіндегі мәдени түпбейненің сипаты мен мәні, танымдық ерекшелігі, эпостық образдар қалыптастырған кесек мінез бен келбеттің бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы сынды мәселелер зерделенуі тиіс.

Қазақ халқының этномәдени түпбейнесі – рухани мәдениеттің бастапқы негізі, сонымен бірге жаңа тарихи контексте этникалық тәжірибелермен молығып, толығып, қазіргі заман сұранысына сай әлеуметтік тұрғыдан бейімделіп, болашақ жаңалықтарға да орын береді, яғни этномәдени түпбейнені қатып қалған құбылыс ретінде тануға болмайды. Этномәдени түпбейне ауыз әдебиетіндегі белгілі эпостық және лироэпостық шығармалардағы көркем және тарихи бейнелер арқылы қалыптасқан мінез бен мәдени дәстүрді сақтай отырып, оның

даму жолын да көрсетеді. Этномәдени түпбейне қазақ халқының ұлттық болмысы мен жалпы дүниетанымын айқындайтын, әлем бейнесінің өзіндік моделін құрайтын маңызды да мәнді сипатты белгінің бірі. Оның мазмұны мәдени тұрғыдан алғанда ерекше болады да, этномәдени түпбейне философиялық-мәдени білімінің нақтылығы мен жекелігін танытады.

Этномәдени түпбейненің қалыптасуы адамзаттық этномәдениеттің деңгейінде жасалып, жеке халықтың мәдени тәжірибесі мен тарихи жүйеленуінің нәтижесінде құрылады. Жеке тұлға этномәдени түпбейнеге өзінің қатысы бар екенін нақты түйсіне алмаса да, ол сол мәдениеттің өкілі болады және өзінің ісі мен қызметі арқылы сол этномәдени түпбейне арқылы қалыптасқан мәдениетті жалғастырушы, дамытушы ретінде танылады.

Қазақ халқы мәденигенезінің терең тарихи тамыры бар, ол заманалар тоздыра бастаған ғасырлар қойнауына сіңіп барады, кейде алыстан анық көрінгендей болады, кейде бой тасалап, ұрпағына қойнын ашпай, сырт қабақ танытатындай. Неге десеңіз, бұл мұралар жазылған әліпбилер бүгінгі ұрпаққа таныс емес, таңсық. Ал қазіргілер таңсық нәрсеге қызыға қоймайтын прагматиктерге айналып барады. Даналықтың түпқазығы болып саналатын этномәдени түпбейне далалықтардың әлемді тануының басты күретамыры, сондықтан кез келген ұланының қанында қайта жаңғырығады. Бұл жаңғырығу дала мінезде, әлем бейнесін қабылдаудың әмбебап далалық моделінде, санасында және әрекетінде қайталанып отырады. Осы ретте этномәдени түпбейнені тарихи-генетикалық ұғымдар желісінде таразылаудың маңызы ерекше. Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда, мұндай ұғымдар жүйесі концептуалданып, концептік сипатқа ие болған.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды зерделеуде этномәдени түпбейнелерді талдаудың, таразылаудың маңызы мен мәні ерекше. Өйткені бұлар қоғамның рухани-адами болмысы мен оның даму жолдарын құрайтын басты негіздер, әрі қоғамдық сана мен ұлттық санаға тікелей әсер етіп, ұлттың өзін-өзі тануының мәдени, тарихи, этникалық негізі болады. Этномәдени түпбейнені айқындайтын басты концептік негіздер ділді айқындаудың да басты тетігі ретінде танылады

деп есептейміз. К. Юнг идеясын жалғастырушы В. Леви-Стросс, С. Лурье, С. Левит, Э. Гуссерль, А. Вебер, А. Ахиезер, Э. Фромм тағы басқа ғалымдар «мәдениет – адам – социум» арақатынасындағы концептерді талдап, олардың ділді қалыптастырудағы маңызын көрсеткен болатынды.

«Ділдік» ұғымының мазмұны танымдық аяда зерделенгенде, белгілі адамдардан тұратын ұжымның, әлеуметтің, халықтың, ұлттың білімі мен білігі, түсінігі мен танымы. Әрбір халық өзіне тән ерекше мінезімен, ерекше ділімен, ерекше дүниетанымдық көзқарасымен құнды. Бұл ерекшелік халықтың өзімен-өзі оқшау қалпында болғанда ғана өзгеріссіз қалуы ықтимал, ал өзге мәдениетпен қарым-қатынасқа түсіп, ықпалдасу барысында мәдениетпен бірге діл де өзгеріске түседі, дамиды.

Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне зер салсақ, ділдіктің көрінісі ең алдымен, әлем бейнесінде таңбаланады. «Әлем бейнесі» ұғымы – психологиялық зерттеулерде ХХ ғасырда қолданыла бастаған. Ресей ғалымдары А. Н. Леонтьев, В. Ф. Петренко, В. В. Петухов, С. Д. Смирнов зерттеулерінде психологиялық феномен ретінде – әлем бейнесі көрсетіледі. Әлем бейнесі – белгілі бір тарихи даму кезеңіндегі халық дамуының әлем туралы түсінігінің ішкі мазмұндық жағы. Әлем бейнесінің мазмұндық, мәндік жүйесінің мынадай сипаттарын көрсетуге болады:

- концептуалдық;
- парадигмалық,
- диахрондық.

Әлем бейнесінің мәнін бұлайша жүйелеу халықтық дүниетанымның өзіндік ерекшелігі мен өзіндік рухани болмысын, ұлттық дүниетанымдық сипатын тануға мүмкіндік туғызады. Әлем бейнесінің парадигмалық жүйе арқылы тарамдала дамуы ұлттық-мәдени құндылықтармен тікелей байланысты қарастырылады.

Саралау. Әлем бейнесі туралы идеялар - ақыл мен ойдың негізі. Бұл ең ежелгі наным-сенімдерге, түпсанада сақталған мәдени түпбейне арқылы дамитыны анық. Әлемнің когнитивтік бейнесі арқылы қалыптасып, қабылданған құндылықтар жүйесі мәдениетті жасайды. Демек, діл – тек

білім мен мәдениетте ғана емес, сонымен бірге әлемді тану тәсілдерінде де көрініс табады.

К. Леви-Стросс барлық тарихи дәуірлердегі және барлық мәдениеттерде ойлау жұмысының басты принциптері бірдей деген тұжырым айтады.

Ойлау стилі – әлемді тану тәсілдерінің жиынтығы ретінде танылады. Зерттеушілердің пайымдауынша, ойлау стилі когнитивтік стиль аясында қарастырылады.

Танымдық стиль термині белгілі нәрсенің нақты қасиеттері туралы ақпаратты жеке адамның қабылдауы және есте сақтауы, ойлауы, сонымен бірге қабылданған ақпараттар туралы мәселені шешудің тәсілдерін анықтауда когнитивті психологияда қолданылатын терім сөз. Бұл ұғымды жеке тұлғаның мінезін белгілеу үшін алғаш рет А. Адлер қолданған. Адлер зерттеулерінде когнитивті стиль – жеке тұлғаның анық, әрі өзіндік ерекшеліктерін анықтайтын танымдық процесс ретінде танылған. Тұлғаның жеке психологиясы оның өмірлік жолының өзіндік белгісі, ерекшелігі, оның мақсатарына жетуінің сыры ретінде анықталды. Танымдық стиль - қоршаған орта туралы ақпаратты қабылдаудың, талдаудың, бағалаудың жеке айырмашылықтары мен ерекшеліктерін көрсететін ерекше тәсіл. Шетелдік психологиялық зерттеулерде 60-жылдары танымал ұғымдардың бірі болған когнитивтік стильдер теориялық құрылым ретінде де, әртүрлі эмпирикалық зерттеулердің объектісі ретінде де қазірдің өзінде өзекті болып, ғалымдардың назарын аударуда.

Қазақ ғылымында мифология тереңінен сыр тартып, миф пен қоғам арасынан үндестік тауып, символ мен таңбаны таныған, ғаламның ситуациялық келбетін кестелеген, ежелгі рәсім-жоралғыдан көнеліктің жұртын іздеп тапқан, ілкі төрдің қайнар көзін іздеген ғалым С. Қондыбай екені рас. С. Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» атты зерттеуінен бастап, зерттеулерінде түпбейне арқылы уәжделетін ұлттық ділдің астары анықталған.

«Адамзат өзгере отырып та, өзімен-өзі болып қалып отыр, сондықтан өткен шаққа және өркениеттерге деген менсінбеушілік, үстірттік, салғырттық ендігі жерде болмауы тиіс. Қазіргі уақытта ...

киелі географияның сиқырлы әлеміне, біздің мәдениетімізді, біздік психологиямызды, біздің рухымызды табандылықпен және байыппен қалыптастырған ата-бабаларымыздың өздері мекен еткен, жасаған, сүйген және жауларын өлтірген сол бір ғажайып дүниесіне бет бұратын уақыт жетті. Мифке оралатын сәт келді», - деп жазады ғалым өз зерттеуінде [Арғықазақ мифологиясы. –Алматы, 2004. 9]. Бір қызығы, 2000 жылдардың басында жазылған осы шынайы рухани бетбұрысқа, біз шынында да 20-шақты жылдан соң келіп отырмыз. Еліміздің қазіргі ұмтылып отырған рухани жаңғыруы Серікбол көксеген болашақ бағдары дер едік. Бұл енді мифке оралу емес, шын тарихи танымды тануға оралу болмаққа керек. Ғалым «мифке оралу» - «сиқырлы, қасиетті және таңғажайып ел – жарқын Қазақ еліне – «Мәңгі елге» қайтып оралу дегенді білдіреді» деп жазады [Сонда. 9]. Серікбол еңбегіндегі көрегендік бұл. Орыстың патша өкіметі, одан кейінгі кеңестік кезеңдегі саясат қазақ санасын соқыр етіп, мәңгүрттік деңгейіне дейін жеткізе жаздап, құлдық сананы сіңірген тұста қазақтың шын тарихи санасы мифке айналғаны рас еді. Сондықтан болар, Серікбол көрегендікпен болжағандай, тарихи сананы тірілтер рухани күш - өзіңнің кім болғаныңды тану, танып табуың. Ал мұны табудың негізгі жолы ретінде ғалым «естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруді» қажет санайды. Демек, С. Қондыбай айтып отырған миф, мифология – бұл қазақ баласының өз Рухы, Киесі, Ділі, Танымы. Ғалымның өзі нақты атап көрсетіп отырғандай, Серікбол үшін миф, мифология «ойдан шығарылған қиял емес, өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты» [2.10].

«Мифтік-лингвистикалық мектептің» бастауында тұрған «Арғықазақ мифологиясындағы» лингвистикалық бағдарды саралауға болар еді. Біздіңше, Серікбол Қондыбай зерттеулерінде когнитологияның, семиологияның, семантиканың, ономазиологияның басты бағыттары тоғысып, кешенді үлгі құрайды.

С. Қондыбай зерттеуінде уақыт пен кеңістік ұғымы қатар безбенделеді, өзіндік ерекше, жаңаша пайымдаулар жасалады. Тіл теоретиктері яғни өздерін когнитивистер деп санаушы ғалымдар мұндай жалпы мәселелерді «тілдік когниция» арқылы түсіндіруге ұмтылады. Когнитивизм адамды ақпаратты өңдеуші жүйе ретінде бағалап, оның мінезі мен танымы – ішкі жай-күйімен анықталып, сипатталады.

Адам баласының ішкі жан-дүниесінің басты өлшемі, әрі көрінісі сөзбен нақтыланып, сөзінен көрінеді. Ойы жүйелінің сөзі де жүйелі, ойы тұнықтың сөзі де тұнық болатыны осыдан.

Когниция, ой, таным, ұғым, интеллект – ежелден зерттеліп, зерделеніп келе жатқан, мол ақпаратты танытатын ұғымдық атаулар. Когниция білімді, білікті жүйелейді, сақтайды, ұсынады. Сондықтан, когниция:

- адам баласының «ойлау жүйесін» зерттеу бағдарламасы;
- адамның ментальдық табиғатын бақылаудың, бағамдаудың жолы;
- субъект - өз әрекетінің бастаушысы – бастапқы болжам саналады.

Зерттеуші С. Қондыбай еңбегінің басты сипатын айқындайтын «символ» ұғымы қазіргі тіл білімінде кең зерттелгенімен, оның терминологиялық сөздіктердегі талдануы мен зерттелуі көпқырлы, бір-біріне қарама-қарсы келетін және екіұштылықпен түсіндірілетін тұстары да бар. Ежелгі қоғамда символизм діни символизм ретінде қолданылып, қарабайыр қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етті. Ежелгі Грецияда «символ» екі түрлі бөліктің бірлігі (схема мен аллегорияның бірлігі) ретінде түсіндірілді.

Ч. Пирс, Ф. де Соссюр еңбектерінен бастау алатын қазіргі символ теориясы шетелдік зерттеулерде кеңінен талданғанымен, шешімін тапқан мәселе емес. XIX-XX ғғ. неопозитивизм мен эмпиризм мектептерінде табиғи тілдердің өкілдері (Г. Фреге, Б. Рассел, Л. Витгенштейн т.б.) шынайы білім шегін анықтау мақсатында ғылым тілін логикалық талдаудан өткізді. «Тілге деген сенімсіздік» принципін ұстана отырып, олар сөйлемнің нағыз логикалық құрылысын табу мақсатында әмбебап символдарды пайдаланды. Талдау философиясы логикалық семантиканың бірқатар мәселелерін анықтады, олардың негізгілері - сигнификат (интенционал, мағына) және денотат (экстенционал, референт) ұғымдары [3. Тіл әлемі, 2009, 181].

Орыс философтары символды әртүрлі вариацияларда көрінетін және «символикалық функциялары» және «символикалық формалары» бар шексіз бірқатар сериялы заттар ретінде таныды.

XX ғасырдың 70-80 жылдарында қалыптасқан «Дыбыстық символизм» (фонетикалық символизм, дыбыс символикасы) – сөздің фонемалық жүйесі мен атауы негізіне алынатын дыбыстық (акустикалық) емес заттың белгісі ара-сындағы фонетикалық заңдарға бағынатын байланысты зерттеді. Дыбыстық символизмге – дыбысқа еліктеудің дериваттары (мияулау, бүлкіл, ызың, сораптау, тықылдату), ономотопеяға жатпайтын сөздердің екіншілік мағынаға ие болуы (борпас, ми батпақ), тікелей қайталау болмайтын, бірақ айшықты фонетикалық қайталамаға негізделген сөздер (абракадабра, сызық), дыбыстарды жарық пен түр түсті, сипап сезуді және т.б. түйсіктермен байланыстыратын синэстезия құбылыстары ([а] - ашық түсті, [у] - қараңғы, [д] - қатаң, [ш] - жұмсақ және түкті, [л] - ылғалды), жеке дыбыстардың кейбір абстрактілі идеялармен байланысы (көптеген тілдерде “аз, кіші” идеясын белгілейтін сөздерде [і] дыбысының кездесуі) жатады. Дыбысқа еліктеуден жасалған лексика туыс және туыс емес тілдерде ұқсас болып келсе де, қатаң тіларалық фонетикалық сәйкестіктер бола алмайды, сондықтан компаративистік ілімдерде қолданылмайды және олардың терең этимологиясы ашылмайды. Дегенмен де мұндай құбылыстардың ежелгі заманаларда, тіл пайда болатын кезеңде қалыптасқаны даусыз. Дыбыстық символизмге жататын сөздер (идеофондар, бейнелеуші сөздер) әртүрлі қимыл түрлерін, жарық-сәуле құбылыстарын, форманы (пішінді), көлемді, нысанның алыс-жақындығын, адам мен жануар-лардың жүрісін, бет қимылын, физиологиялық не эмоциялық жағдайын белгілейді. Субъективті дыбыстық символизмге адам мінезіндегі дыбыс пен мағынаның байланысы, ал объективті дыбыстық символизмге – сөздердің мағынасы мен дыбыстың байланысы жатады. Дыбыстық символизмнің ең маңызды бөліктері: синэстезия мен кинемика. Синэстезия – қабылдау феномені, мұнда сезім мүшелері арқылы алынатын әсерге қосымша тағы бір сезімнің пайда болуы жатады. Кинемика – сезіммен және эмоциямен қоса бұлшық еттердің өздігінен қозғалуы. Қазіргі кезде дыбыстық символизм фоносемантика шеңберінде зерттеледі.

С. Қондыбай танымындағы символ – «мына жалған дүниені кескіндей алатын» «шексіз ғаламның кескінін пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да әмбебап жолы». Бұл қарапайымдылықтың ең идеалды геометриялық символы ретінде «нүкте» алынады. «Нүкте» символы концептік жүйені біріктіретін таңба ретінде танылады.

Концептік қағида тұрғысынан саралай бағамдасақ, С. Қондыбай «нүкте» символын бастапқы концепт ретінде айқындай отырып, оның басты ұғымдарын және олардың ішкі семантикалық ерекшеліктерінің мағыналық және мазмұндық мәнін саралайды. Яғни символ арқылы концептік ұғымдар айқындалып, соның негізінде дифференцияланған атаулардың семантикалық сипаты айқындалады.

Мәселен, «нүкте» символынан тарайтын үлкен концептік жүйе ретінде «Кіндікті» ғалым былайша саралай көрсетеді: орталық нүкте, бастау, негіз, «көрілмес», ілкі.

Кіндік-нүкте – көрілмес болса, оның «көресіні» (проявленность) сол нүктеден тарайтын сәуле. «Нүкте – НҰР болса, сол нүктеден таралған сәуле (сызық) – нүктені кіндік еткен шеңбер – нұрдың шашуы, яғни «нұршашу» болып табылады [2. 40-бет].

Кіндік-нүкте концепті арқылы жасалған әр алуан және ортақ мағыналы (ортақсемалы) ұғымдарды анықтайтын мынадай атаулар сөздігі беріледі: ілкі, ілкі себеп, пішін, мөлшер, бірегей, жария, көресін, көрілмес, нұршашу, барша, мән, мәйек, келтірім. Келтірілген әр атаудың өзіндік беретін мағынасы мен мәні бар. Кіндік-нүкте концепті шеңбер сипатында. Автор мұны «Абақ таңба» деп атапты. Нүкте – құдіреттің белгісі болса, шеңбер - Ғаламның (болмыстың) символы. Ал бұл кеңістіктің көрінісі. Кеңістік – шындық болмыстың нақты көрінер тұсы, мұнда адам өзінөзі және айналадағы қоршаған ортаны тани бастайды. Кеңістікте берілетін тәжірибе барлық феноменологиялық білімнің негізін қалайды. Ю.М. Лотман бұл жөнінде: «Семиотика пространства имеет исключительно важное, если не доминирующее, значение в создании картины мира той или иной культуры. Природа этого явления связана с самой спецификой пространства. Неизбежным фундаментом освоения жизни культурой является создание образа мира, пространственной модели универсума» – деп жазады. [4]

Шаһкәрім шығармаларында әлем бейнесінің көп қырлылығы кеңістіктік бейне арқылы жақсы танытылған.

Барша ғалам тапжылмай тұрып қалса,

Бола ма уақыт деген өлшеу салып?

Өлең жолдарындағы ой мазмұнын уақыт пен кеңістіктің (әлемнің) арасындағы байланыстың керемет көркем көрінісі дер едік. Мәтінде ғаламның тапжылмай тұрып қалуы мен уақыттың өлшемдік қасиеті автордың қиял әлемінің теңдессіз шарықтауымен екшеліп, өзіндік шығармашылық ойлауды, автор ойының ұшқырлығы негізінде жасалған жаңаша ойлау еркіндігін туғызады. Ойлау еркіндігі қазіргі ғылым ұсынып жүрген білікпен, біліммен шектеліп қалмай, одан әрі самғауды қиялдайды:

Күннен неге түсіп тұр сонша жарық,
Сегіз минут шерікте жерге барып?
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.
Бұ дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?

Шаһкәрім “кеңістік” сөзін белсенді қолдана бермейді, көбінесе, дүние, әлем атаулары пайдаланылады. Шаһкәрім үшін “әлем” – ең алдымен, ақиқат дүние, жердегі тіршілік [5].

Адамның, әлемнің бірлігі мен тұтастығын «шоғым таңба» танымы арқылы таныған ғалым, «Нүкте – бір ана немесе бір дене, шеңбер – көп санды ұрпақ» деп түсіндіреді [2. 48]. Бұл жалпының бірлігі мен кешендігін жеткізуде үлкен білім мен білік, толғам мен таным. Қазақтық дүниетанымда адамның бүгінгі көретін қызық дүниесі “дүние-жалған” ұғымы арқылы белгілі. Мұны қазақ халқының философиялық ойтолғамының жеткен ұлы биіктерінің бірі десе болады. Адам мен әлемнің байланысы концептер негізінде жүзеге асырылады. Концептер адам санасында тек сөз мағынасы арқылы ғана емес, оның өзінің және халықтық мәденитарихи тәжірибесі негізінде жасалатыны белгілі. Таным көкжиегі көтеріле артқан сайын, сөз арқылы берілетін ұғым да кеңейіп, мәні тереңдей түседі.

Зерттеуде ілкі, ілкітөр сөздерінің мағыналары да осындай таным көкжиегінің кеңуінен пайда болған ұғымды таңбалау мақсатында, әуелгі семаларынан ерекше, мәні терең, мағынасы ауқымды семеманы иеленген.

«Ілкі төр» - «кұдайы құдіреттің материалданған нәтижесін бойында сақтап, оны қорғап, қажетіне қарай ыркын немесе еркін адамзатқа жеткізіп тұратын дәстүр, орталық» мағынасын иеленген [51]. Ілкітөрдің символдық мәні – ілкі-тұрпат. Ілкі төрді адамзат баласы сақтай алмаған, қазіргі сақталған оның тек көріністері ғана деген тұжырым ұсынады автор. Ілкітөр – Төретам символдық мәні арқылы ғалым мынадай рухани орталық ұғымдардың тоғысын ұсынады:

- 1) реалды географиялық нысан немесе координаттар тоғысы;
- 2) киелі сипатқа ие, астамтекті қасиеті бар деп танылатын бұйымдар: кітап, қару-жарак, киім-кешек, қазан, саба, сақина, тостаған, мүсін т.б.
- 3) халықтық, ұжымдық жад: шежірелік, мифологиялық, идеологиялық, эпостық, ғұрыптық жады;
- 4) жеке (тарихи, мифтік) тұлғалар.

Бұл ұғымдар тоғысы қазақ дүниетанымындағы “Дүниежалған” танымын қалыптастырады. Дүние – бар; жалған – жоқ, өтірік; осы екі ұғымның оппозициялық қарамақайшылығы арқылы жаңадан пайда болған екіншілік мағына қазақ халқының өзіндік қоғамдық тәжірибесі мен танымының диалектикалық бірлігі арқылы пайда болған тағылымдық мәнінен туындайды. “Дүниежалған” тілдік бірлігінің кумулятивтік қызметі бірнеше негізге сүйеніп қалыптасуы ықтимал. Мұнда халықтың сан ғасырлық тәжірибесі, тәжірибелік ісәрекеттің нәтижесінде жасалған рухани мәдениеті, мәдениеттің негізгі бір элеменеті саналатын танымның нәтижесі – білім жинақталған. Осыдан келіп, бүтін атаудың эмоциялық аурасы пайда болып, қазіргі біз қабылдап, танитын жанжақты концептік мәнді таңбалайды.

«Ілкі-төр» - ұлттық дәстүрдің қайнары, бастауы.

С. Қондыбай көрсетіп отырған «НҰР» идеясы - терең зерттеп, зерделеуді қажет ететін танымдық концепт. Қазақ ғылымында «НҰР» танымдық концептісінің өзіндік зерделену үрдісі бар. Басын сонау сопылық дәстүрден алатын бұл ұғым С. Қондыбай еңбектерінде жаңа бір қырынан айқындалып тереңдей түседі.

ҰЛТТЫҚ КОДТАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» делінеді [<https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyru>]. Кез келген халықтың табиғатты, жалпы әлемді танып-білудегі танымы – адамзаттық танымның дамушы арналары ретінде бағалануы тиіс. Осы орайда, қазақ халқы қалыптастырған тотемдік ұғымдар да адамзат ойының дамуының бір көрінісі ретінде таныла алады.

Кез келген халықтың табиғатты, жалпы әлемді танып-білудегі танымы – адамзаттық танымның дамушы арналары ретінде бағалануы тиіс. Осы орайда, қазақ халқы қалыптастырған тотемдік ұғымдар да адамзат ойының дамуының бір көрінісі ретінде танылады.

“Тотем” сөзі оджибве тайпасының тілінде “ототеман” тұлғасында “оның тегі” деген мағынада жұмсалған. Бұл атауды термин ретінде алғаш рет ХҮІІІ ғасырда Дж. Лонг қолданған. Тотемнің мәні адам баласы мен әртүрлі заттар, құбылыстар, өсімдіктер, жануарлардың шығу тегіндегі тектестік, бірлік деп танылған. Ғалымдар тотемнің шығуын шаруашылықтың қарапайым, түсініктің балаң кезеңінде пайда болған деген қорытынды шығарады. Заттар мен құбылыстарды, жан-жануарлар мен өсімдікті, құстарды киелі санау, оны дәстүр ретінде кейінгі ұрпаққа мирас ету дүние жүзі халықтарының бәрінде дерлік кездеседі. Америка, Азия, Австралия, Еуропа, Африкада мекендейтін халықтардың бәрінің тотемдік ұғымдары бар. Бұл танымдар дүние жүзі ғалымдарының назарын көптен-ақ өзіне аударған. Э. Тэйлор, З. Фрейд, А. Ланг, П.Хайтун, С. Толстов, Н.А. Алексеев, А. Рассоний, Д.К. Зеленин, С.Г. Нестеров, Г.Н.Потанин; қазақ ғалымдары – Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, О. Сүлейменов, Ә.Ахметов, А. Сейдімбек т.б. зерттеушілер осы мәселе бойынша ғылыми еңбектер жазған.

Қазақ халқының тотемдік нанымдары туралы айтылған пікірлер әр түрлі. Зерттеушілер қазақ тотемі ретінде күн, ай, өгіз, қасқыр, аққу, қарға, ағаш т.б. заттар мен жануарларды атайды. С. Ақатаев бұған қоса, ауыз әдебиетінде кездесетін үй жануарларының пірлері ретінде саналатын

Шопан ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Қамбар ата, Шекшек ата да тотемдік түсінікпен байланысты деп қарастырады [С.Ақатаев, Күн мен көлеңке, 1990, 61-бет)].

Қазақ халқының төл тотемін айқындау үшін, біз тілге, тілдік бірліктерге иек артамыз. Халық өзі киелі деп қабылдаған, қастерлеген ұғымдарды сөз арқылы мүсіндеп, таңбалап қалдырған. Тіл – адам танымының, ойының материалдық көрінісі десек, көшпелі ғұмыр кешіп, табиғаттың төл баласындай болған халық – бүкіл танымдық дәстүрі мен түсінігін, білімі мен білігін қасиетті сөз өнерінің қауызына сыйғызған. Ал халықтың тотемі болған зат не құбылыс атауы қастерлі ұғым ретінде халық ауыз әдебиеті мұраларында, көне түркі жазба мұрағаттарында, тұрақты сөз тіркестері құрамында, мақал-мәтелдерде сақталып қалуы тиіс. Қабылданған тотемдік ұғым киелі саналып, сөзде оның қасиетін айқындайтын түсініктер болуы қажет. Қазақ елі – сөз өнеріне іждаһатпен карап, сөз мәнісін ұғынған жұрт. Ендеше тотемдік түсініктің тілде өрнектелуі, сақталуы заңды құбылыс деп танимыз.

Түркі тотемі (оның ішінде қазақ тотемі де) бөрі деп тану дәстүрі бар екені аян. Бұлай түсінудің терең сыры – тарихтың терең қатпарларында қалыптасқан мифтік аңыздар мен ертегілерде жатыр. Айталық, Ашина әулетінің пірі ретіндегі Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының байрақтарында желбірегені, Қазақстан өңірінен табылған ескерткіш – балбал тастардан, халық ауыз әдебиеті нұсқаларында сақталған аңыз-әңгімелерден де белгілі. Бірнеше аңыздар академик Әлкей Марғұлан еңбектерінде берілген, онда: “Түрік қағанатын бірінші рет басқарған ғұн ұрпағы шене (бөрі) – ақылды, кемеңгер, ойшыл кісі болған”, – деп жазады автор [Ежелгі жыр, аңыздар, Алматы, 1985, 8-б].

Көк бөрі – жалпы түркі, монғол жұртына ортақ тотем. Демек, көк бөрінің киелілік қасиеті ең көне заманда-ақ пайда болған түсінік. Ал қазақ халқының танымдық санасында “бөрі” бейнесі үнемі саналылық пен парасаттылықтың, ержүректілік пен батырлықтың символы ретінде таныла бермейтіні тағы да ақиқат. Қасқырды малдың жауы, жыртқыш деп білуі – күн көрісі ретіндегі тіршілігінің мәні болып табылатын төрт түлік малының басты жауы болғандығы. Қысы-жазы мал баққан даладағы қазақ баласы үшін, қасқыр оның бірінші жауы. Сондықтан да, оның

атын атаса, өзі келіп бүлік шығарады деген түсінікпен, “қара құлақ”, “ұлыма”, “серек құлақ”, “ит құс”, “қасқыр” сияқты эвфемизмдермен атаған. Бөрінің тотем ретіндегі киелі түсінігі қазақ танымына тән болмауы да ықтимал. Ал Сүйінбай ақын жырлаған “Бөрі басы – ұраным, Бөрілі менің байрағым” деген толғауындағыдай, “бөрі” қазақ рулары мен тайпаларының ұраны мен таңбасында, байрағында болмағаны тарихи шежірелер мен тастарға қашалған таңбалардан белгілі. Демек, монғол халқына тән бұл тотемдік түсінік монғол үстемдігі тұсында немесе тарих сахнасында одан да бұрын болған. Найман мемлекеті кезеңіндегі екі халықтың тығыз байланыста ілік-шатыс болуынан ауысқан түсінік те болуы ықтимал. Рулық қауымның киелі бабасы саналуға тиіс тотемдік жануардың сол ру мүшелеріне жанашырлық, аналық сезімі баяндалатын қазақша аңыз, ертегілердің кездеспеуі – сөз кестелерінде бейнеленбеуі де көп жайтты аңғартса керек.

Айталық қырғыз халқының тотемі деп есептелетін Бұғы-Ана келбеті, оның мейірімділігі мен аналық жылуы, кеңдігі мен парасатты бейнесі қырғыз әдебиетінде ғажайып сезіммен жырланады.

Қазақ халқының тотемі қарға болған деген соны ойды А.Сейдімбеков “Ана тілі” газетінің бетінде жариялаған еді [Ана тілі, 1996]. “Қарға тәңірінің елшісі” атты бұл мақалада автор қарғаның тотем ретіндегі қасиетін дәлелдеуге талаптанды.

Ел танымында қарға киелі саналды ма, жоқ па деген мәселеден бұрын, біз автор осыған дәлел ретінде келтіретін “қарғам-ау, қарғатай, қарғаш, қарға тамырлы қазақ” сөздерінің ішкі мағынасы мен дыбысталу тұлғасындағы өзгерістерді анықталық.

Танымал этнолог-ғалым А.Сейдімбеков “қарғам-ау, сен қалайсың, мен дегенде” деген халық әніндегі “қарғам-ау” сөзін “қарға” мағынасында түсінген. Біздіңше, бұл екі атаудың арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ. Екі сөз дыбысталуы жағынан ұқсас болып көрінгенімен, екі түрлі ұғымды анықтайтын омонимдес тұлғалар. Өлең жолындағы “қарғам-ау” сөзінің мәні Абайдың “көзімнің қарасы, көңілімнің санасы” өлеңінде айтылатын көздің қарашығымен бірдей мағынада, түбірлес, сабақтас. Мұндағы “қара” сөзінің негізгі мағынасы Махмұт Қашқаридың “Дивани-лұғат-ит түрк” атты еңбегінде “қарағ”, “қара”, “қарақас” түрінде

келіп, “көздің қарашығы” (зрачок) деп түсіндірілген [М.Қашқари, 1-том, 382-бет].

“Қарағ” сөзіне тәуелдік жалғауы (-ым, -ім) жалғанғанда, қарағым болады да, “екінші буындағы “а” дыбысына екпін түспегендіктен көмескіленеді, кейде түсіріліп те айтыла береді. Бұл – тілдік заңдылық. Яғни, “қарағым, қарғам” деген сөздер бір түбір, бір ұғымды білдіретін атаулар. Сондықтан, қарағым, қарғам сөздері қаратпа сөз ретінде қатар қолданылып жұмсала береді.

“Қарғам, қарғатайым, қарғашым” деген сөздерді қолданғанда, кәдімгі қарғаға ұқсату, соның “сұлулығына” балау емес, көздің қарашығындай сақтауды, мәпелеуді, сүйюді меңзейді.

Құс атауының мағынасын білдіретін “қарға” сөзінің төркіні, біздің ойымызша, қарғаның “қарқ-қарқ” деп дыбыстауының негізінде пайда болған. Еліктеуіш сөзге “а” сөз тудырушы тұлғаның жалғануы арқылы “қарға” тұлғасы қалыптасқан, ал сөздің мәні – қарқылдайтын құстың атын білдіру – оның дыбыстауына негізделіп (мотивацияланып) жасалған деп пайымдаймыз. Демек, “қарғажан”, “қарғашым” сөздері мен “қарға” сөздері тек сыртқы дыбысталуы ортақ, мағынасы әртүрлі болатын омонимдес атаулар. Мұндай сөздердің семантикалық қыраы туралы А. Салқынбай, Н. Егізбаева, Ш. Рамазанова мақаласында жақсы талданған. (Salkynbay A.B. Yegizbaeva N., Ramazanova Sh. Functional-semantic paradigms of voice category in the kazakh language. // Opcion 35 (89). 2019. С. 135-155.)

Асылы, қазақ топырағында өсіп, дамып, қалыптасқан ұлттық танымда сұлулық пен сүйкімділікті, сүйген жарды қара қарғаға теңеу дәстүрі кездеспеген. Керісінше, қарғаның сүйкімсіздеу бейнесі мен сипаты қазақ өлеңдерінде өте жақсы сомдалған. Мысалы, Қазтуған жырауда:

Белгілі биік көк сеңгір

Басынан қарға ұшырмас, – деп, биіктік пен біліктілік атты ұлы ұғымдардың қарға сияқты құстар үшін алынбайтын қамал екенін, мұндай өлшемдердің қарғадан жоғары тұратынын көрсете жырласа [Бес ғасыр жырлайды, 1989, 28-бет], асқақ та адуынды Ақтамберді жырау:

Білімді туған жақсыға

Залал қылмас мың қарға, – деу арқылы қарғаның пешенесіне жақсылық пен сұлулық, ақылдылық пен парасаттылық жазылмағанын паш етпей ме? [Сонда, 66-бет].

А. Сейдімбеков “қарға тамырлы қазақ” деген тұрақты сөз тіркесінің төркінін де қарғамен байланысты деп тұжырым жасайды. “Қарға тамырлы қазақ” тұрақты тіркесінің негізгі мағынасы І. Кеңесбаевтың “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде” былайша анықталады: “ілік-шатысты, туыскандық қарым-қатынасты білдіру” [ҚТФС, 330-бет]. “Сұрай-сұрай қарын бөле шығарсың” демей ме қазақ тағылымы; осы ұғыммен шамалас, жақын, мағыналары – ортақ.

Аталған тұрақты тіркестің құрамындағы “қарға” сөзінің мағынасы көне де терең, тұлғасының өзіндік даму, қалыптасу жолы да ерекше. Бұл “қарғаның” мағынасы да құс мағынасын көрсетпейді. Көне түркі тілінде “қарға-қар” сөзінің мағынасы – “смешивать, примешивать” болып қолданған [ДТС, 422-бет].

Махмут Қашқаридың “Дивани луғат-ит түрк” еңбегінде “қарғақ”, “қарғақ тармағы” сөздері өсімдік атауы [МК, 1-т, 467-бет]. Көрсетілген деректерден “қарға” сөзінің көне түбірі “қар” – араласу, қосылу, ал қарғақ – терең тамырлы, араласқан, ұзын тамырлы өсімдік мағынасында жұмсалғанын аңғарамыз. “Қарға тамырлы” тіркесінің негізінде әуелгі мағынасында “қарғақ тамырлы” ұғымы мен түсінігі жатыр да, ұғымның астарлы, ауыспалы мағынасы арқылы негізделіп, “қарға тамырлы қазақ” тұрақты тіркесі келіп шыққан. Тұлғалық көрінісінің “қарғақ-қарға” болып, “қ” дыбысының түсірілуінің де өзіндік ішкі тілдік заңдылығы бар. Екпін түспейтін соңғы “қ” дауыссызы элизияға ұшырайды. Өсімдік тамырындай бір тамырдан нәр алып, араласқан, тұтасқан, туысқан, түбі бір, тегі ортақ деген мағына арқылы абстракциялана келіп, пайда болған туынды мағыналы тіркес деп есептеуге болар еді.

“Қарға” бейнесінің қазақ топырағында ешқандай тотемдік ұғымды білдірмегендігін халық ауыз әдебиеті үлгілері де дәлелдеп бере алады. “Қыз Жібек” жырында Төлеген Бекежанға:

Замандас едің, жан аға!

Қарға-құзғын жемесін,

Жасыра кеткін жүзімді, – дер еді.

Бір түбірден өрбіген тектес, түбірлес, туыс сөздер сыртқы дыбыстық тұлғалары өзгеріске түскенімен, ішкі мағыналарындағы жақындық алыстамайды, ортақ “арқау жіп” үзілмейді. Қалыптасып туындаған жаңа атау мағынасының құрамында әуелгі сөздің бір мағыналық қыры сақталып қалады. Біздерге сол арқауды дұрыс тауып, сөз мағынасын айқындауда сөз тамырының тереңдігін дұрыс бағамдау парыз. Тіл-жүйелі де зерделі заңдылықтарға бағынатын ғылым. Сөз жүйесі – мағынаға, мағына астарына тәуелді.

Аңызда тотем ретінде халық танымында терең із қалдырған, әлемдік мифологияда дүниенің қозғаушы күшінің бірі ретінде бағаланатын жануардың бірі – өгіз. Өгіз (бұқа) бейнесі әлемдік фольклордағы дүниенің шығу тегі жөніндегі аңыздарда мол кездеседі. Аспандағы күннің жердегі бір бейнесі ретінде қабылданған өгіз-бұқа әлемдегі адамзат танымында – Тәңірдің елшісі.

Түркі халқы дүниетанымында өгіз киелі саналған. Тамғалы шатқалынан түсірілген суреттердегі өгіз бейнесі – бұл жануардың тотемдік түсінік ретінде танылғанын дәлелдей түседі. Бұл туралы ғалым С. Ақатаев “Күн және көлеңке” атты зерттеуінде былай деп жазады: “Тотем адамдарға қамқоршы болады-мыс. Өте ерте заманда жер бетінде су болмапты. Екі адам өгіз бағады екен. Өгіз әбден шөлдеген соң су ішейін десе, таппайды. Жануар өкіріп, жерді бұрқыратып қаза бастайды. Қазған жерден су шығады” [1990. 69]. Халық арасында мұндай аңыздар әлденешеу. Барлық аңыздардағы негізгі сарын – бұқаның киелі, қасиетті сипаты. Бұқа - бық сөздері мен корова - ірі қара (сиыр) сөздері бір таңбадан тараған тұлғалар. Орыс тіліндегі кор-о-ва сөзінің төркіні «кор», «қар-а» сөзімен байланысты. Айтылымда оның «карово» болып айтылуының да өзіндік ішкі ерекшелігі бар екені анық.

Қазақтың адамзаттық танымға қосқан үлесінің бірі – аққудың адалдық, мөлдір сұлулық, пәктік қасиетін тотемдік деңгейінде табына бағалап, мөлшерлеуі. Аққу – халықтың киелі де құдыретті саналған

қасиетті құсы. “Аққуды атуға болмайды” деп қанды қолдарға талап қояды халық даналығы. “Аққу құстың төресі, жалғыз жатып оттамас, Хас жақсының белгісі, қара сөзді жақтамас” дейді қазақ мақалы.

Асан Қайғының Жәнібек ханға қаратып айтқан толғауда:

Құладың құстың құлы еді,

Тышқан жеп жүнін түледі,-

Аққу құстың төресі

Ен жайлап көлде жүреді – деп құладың мен аққудың бейнелері арқылы ханды аққуға, жауларын құладыңға теңеген (Бес ғасыр жырлайды, 1989, 24-б.).

Аққудың сыңарынсыз жалғыз жатып оттай алмайтыны, иісі қазақ баласының жеке отырып ас іше алмайтын қонақжайлық, мейірімділік қасиетімен де астасып жатыр. Аққу – тек әдемілік пен сұлулық символы ғана емес, ол – заты киелі құс. “Аққуды өлтірсең, оның киесі атады, сен жамандыққа кезігесің”, – деп тәрбиелейді халық аңыздары.

Қазақ әдебиетінде сомдалған аққу бейнесінің ғажайып мүсіні бар десек, қателеспейміз. Сөзбен салынған бұл ғажайып бейненің өзегінде өзгеше бір тылсым сыр бар. Ол тылсым сыр халық танымының тереңдігінде. Қазақ танымындағы мөлдір сезім, сұлу сыр, келісті көркемдік, кіршіксіз пәктік – аққу бейнесі арқылы қалыптасқан ұғымда, тілде айқын көрініс табады. Ұғымдағы ұлы да нәзік ойлар аққу бейнесі арқылы өзінің сөздегі сымбатында сәулеленгендей.

Ақан сері, Біржан сал, Сәкен мен Ілияс, Қасым мен Мұқағали поэзиясының шыңы – Аққудың аяулы мүсінін сөз арқылы сылаңдатқанда танылған-ды.

“Аққу құс айдын көлге шомылғандай,

Лашын құс өз бойынан қорынғандай” – деп ақын Ілияс тебіренсе,

“Ал қара көк айдынында аққу жүзген Аралым,

Айдыныңа айнұрында айбаттана қарадым,” – деп Қасым таңдай қағады.

Аққу мойын, аққу сезім, аққу-ару, аққудай әппақ, аққудай шырайлы, аққудай саңқылдаған т.б. сияқты теңеулер мен тұрақты тіркестердің тілімізде жиі жұмсалуды да жоғарыдағы пікірді айғақтай түсері кәміл.

Аққуды аялаған, оның сұлулығына тәнті болған, тағзым еткен халықтың қара қобыз сұлбасын да аққу бейнелі етіп жасауында әлі айтылмаған сыр бар. Қазақ халқының көне дәуірдегі қара қобызының тұлғасы, пішіні аққудың бейнесіне ұқсас болғанын Әлкей Марғұлан алғаш танып, айтып кеткен екен. (1985, 217 бет).

Ғалым Болат Сарыбаев та Алтай қазақтарының арасында кездестірген қара қобыздың мойны ұзын, құйрығы – сопақ, ұзынша келген, аққудың құйрығына ұқсап тұрады екен деп жазған болатын. Қобызды аққудың сипатына ұқсата жасаудың өзіндік тарихи-дәстүрлік жолы мен жүйесі бар. “Біріншіден, халықтың сұлулықты сүйетін ой-санасы бойынша, құстың даусы – жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үннің бірі. Екіншіден, аққу - қазақтардың ерекше қадірлейтін, киелі құсы“ [Ә. Марғұлан, 1985, 218-бет].

Қорыта айтқанда, қазақ дүниетанымында далаға тән асқақтық пен кеңдік бар. Дала заңында бөріден асқан күшті жоқ, аққудан асқан әдемілік пен адалдық тәңірісі кем де кем.

Техника мен технологияның үлкен жылдамдықпен қарқынды дамуы мен ақпарат алу жолының шапшаңдығы – жеке тұлғаны өмірге тез бейімделіп, тез жетілуіне, «заманына сай адамы» болуға итермелейді. Мол ақпаратты алып, игеріп қазіргі уақытта жылдам-ақ «білімді», «білікті» болуға жол ашық. Планетадағы бүкіл жаңалықты «көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызып отырған» бүгінгі технология жетістіктері арқылы білім алу қиындық келтірмейтіні анық. Қазіргі ғылымның даму деңгейі қоғам дамуын тез өзгертіп, жетілдіріп, оның сан түрлі бағытта өзгере дамуына қол жеткізе алады.

Қазіргі ғылыми технократия мен қоғамда бүгінгі таңда орнығып отырған «бүгін және қазір» прагматикасын талдаған көптеген гуманитар-зерттеушілер жеке тұлғаның дамуында өмірдің мәнін түсінуден гөрі, жеңіл-желпі күйбең тірлікке салынудың артқанын, рухани құндылықтардың алмаса бастағанын орынды ескертуде. Қазіргі қоғамның белсенді үдерісінде гуманитарлық ғылымның беделінің

түсуі, бағаланбауы анық байқалуда. Бұл үдеріс тек біздің елімізде ғана емес, әлемдік кеңістікте етек алып отырғаны рас. Тіпті жапондық кей зерттеушілер әлеуметтік білімді оқытудан бас тартуға шақырғаны да мәлім. «Экзистенциалды философияның» күні бітті деп жорамалдаушы батыстық ғалымдар өмірдің мәнін айқындауға арналған ғылым саласының орнына, неоекзистенциалдық теорияны ұсынып жүруінде де мән бар. Технократизм культінің орнығуы, тұтынушыға айналған қоғамның «бүгін және қазір» прагматизміне бой ұруы - рухани әлсіздіктің белең алуын алға тартты. Мұны күнделікті адамдардың бойынан айқын байқап жүргеніміз рас.

Төртінші мәселе. Тіл дыбыстарын танудағы тағы бір үлкен қателік – оларды сөз құраушы «кірпіштер» ретінде түсіндіру. Тілдің, тілдегі сөздердің қазіргі қалыптасқан түсініктегі жеке, «дараланған дыбыстардан» құралмайтынын, яки дараланған дыбыстар дегеннің сөз құрайтын «кірпіштер» емес екенін өткен ғасырдың басында проф. Қ.Жұбанов ашына айтып кеткен болатын. Ол тіл дыбыстарын «сөз құрайтын кірпіштер», сөздің «атомдары» деп түсіндірушілерге қарсы кезінде «Политехникалық мектеп» журналының 1933 жылғы 7-8 сандарында жарияланған «Лекциялар курсында»: «... Лаж нешік, жай сауатты адам ғана емес, атақты деген тіл мамандарының өзі-ақ, ірі-ірі профессорлар-ақ университет кафедраларына шығып тұрып, ғылыми еңбектерінде жазып тұрып, тіл дыбыстарын грек дәуірінің атомы қылып шығарса да ешкім оған күлмеуіне, ешкім мазақ қылмауына таңданбай болмайды. Әрине, бұл таңданарлық жай емес. Сүйегі бос көңілшектер камығып, жігері заңғар қайраттылардың жыны қозғандай хал... Бұл – тіл ғылымы сондай артта қалған, ол әлі ескі грек мәдениеті кезіндегі дүниетанудан асып, мандып ұзап кете алмаған деген болады. Міне, бүгінгі тіл ғылымы осындай дәрежеде. ...»[12-127] - деп камыға, ызалана жазған болатын. Қарап отырсақ, дыбыстанымның онан 100 жыл кейінгі қазіргі халі де сол қалпы екенін көргенде, айтарға сөз таппайсың. Бірақ ең өкініштісі сол – тіл ғалымдары осы мәселеге әлі де көз жұма қарайтын тәрізді. Қалыптан шығуға бейіл жоқ.

2. Тіл дыбыстарының жаратылыс табиғаты генетикалық тіл ғылымы тұрғысынан

2.1. Генетикалық зерттеулер жайына қысқаша шолу. Жалпы, генетикалық тіл білімінің алғашқы іздері, интуитивті түрде болса да, ежелгі Шығыс және Батыс философтарының еңбектерінен бастау алады деуге болады. Сол ежелгі дәуірлерден-ақ, алғашқы тіл пайда болуы, затқа атау берілуі туралы алуан түрлі болжамдар айтылған. Орта ғасырларда, яки «жана дәуір» деп аталатын ХҮІ – ХҮІІ ғасырлардан бастап, ХХ ғасырға дейінгі кезеңдерде, белгілі ғалымдардың ұсынған түрлі болжамдары бар. Айталық, дыбыстық еліктеу болжамын ұсынған Г.Лейбниц, И.Гердер, В. Фон Гумбольдт; одағай болжамын ұсынған А.Штейнталь, А.Потебня, Ч.Дарвин; еңбек айқайы болжамын ұсынған Л.Нуаре, К.Бюхер; қоғамдық келісім болжамын ұсынған Ж.Ж.Руссо, Адам Смит; марксистік болжамды ұсынған Ф.Энгельс сияқты тұлғалар белгілі. Алғашқы негіздерін белгілі ғалымдар Ч.Филлмор, М.Минский, Э.Рош, Дж. Лакофф, М.Джонсон т.б. салған фоносемантикалық бағыттағы зерттеулер де адам санасының өмір шындығын категоризациялау қызметін, яки атау қызметін зерттеуге бағытталған ізденістер болатын.

Дегенмен, Осы бағыттағы зерттеулердің нәтижелі боларына күмәнмен қарайтын көзқарастардың басым болғаны да аңғарылады. Мысалы, өткен екі ғасырда адамзат тілінің пайда болуы туралы мәселені зерттеуге халықаралық деңгейде екі мәрте тоқтам қойылды. Яғни, мәселенің бұл жағын зерттеу қазіргі дәстүрлі тіл білімінің күн тәртібінен шығарылып тасталған.

Бірінші тоқтам:1866 жылы «ешқандай гипотеза сенімді дәлелдер ұсына алмағандықтан, мағынасыз айтысулардан құтылу мақсатында», хатшылары әр кезеңдерде белгілі ғалымдар М.Бреаль, А. Мейе, Ж.Вандриес, Э.Бенвенист, Ш.Балли, Х.Педерсен, Ф. Де Соссюр, И.А.Бодуэн де Куртенэ болған, Париж лингвистикалық мектебінің салған тоқтамы.

Екінші тоқтам:1964 жылы (августь) Москвада өткен этнографтар мен археологтардың «Жануарлар мен адамдар арасындағы шекара туралы» (о «границах между животным и человеком») VII Халықаралық конгресіне қатысушылар «Алғашқы қауым адамдарының қарым-қатынас

құралы ретіндегі таңбалар және тіл пайда болуы» туралы мәселені күн тәртібінен алып тастады. Сондай-ақ, жекелеген ғалымдар тарапынан да тілдің генетикалық табиғатын тану мәселесі күмән тудырмай қалған жоқ.

Қалай да, адамзат тілі дыбыстарының табиғатын олардың қазіргі кездегі акустика-артикуляциялық сипаттары тұрғысынан ғана қарау мәселені тереңнен шеше алмайтыны түсінікті болды. Тіл дыбыстарының табиғаты адамзат тілінің ең ілкі пайда болуымен байланыста қарастырылуы керек еді. Бұл көзқарасты батыл жақтаған ғалымдар да болды. Кезінде А.А.Реформатскийдің «Тіл пайда болуын ғылыми жолмен дәлелдеу мүмкін емес, тек белгілі бір дәрежедегі болжамдар ғана айтуға болады» [12] деген, сондай-ақ, Ж.Вандриестің: «Тілдің алғашқы формаларын табу талабы – тілді геология, ботаника, зоология тәрізді жаратылыс ғылымдарына ұқсатудан туған. Бұл теріс көзқарас лингвистикаға кері әсер етіп, зиянын тигізді» [13] деген деген сияқты көзқарастарына қарамастан, ғылыми ізденістердің генетикалық бағыты тоқтап қалған жоқ. Бірқатар еңбектер жарияланып, ізденістер жалғасып келеді. Өткен 20-ғасырдың 70-80 жылдарында осы бағыттағы зерттеулердің қайта жандана батағаны байқалады. Глоттогенезді антропогенезбен байланыста қарауды мақсат еткен Р.Р.Гельгардт тіл пайда болуы мәселесінің уақыт жағынан өте ерте замандарға кететіні лингвистерді тұйыққа тірей алмауы керек екенін айтты. Ол Жердегі өмірдің пайда болуын зерттеуші жаратылыстанушылар және Жердің өзінің пайда болуын зерттеуші геологтар мен археологтар одан да арғы кезеңдерге көз тігетінін айта отырып, ғылыми ойлаудың мүмкіндіктерінің аса зор екеніне назар аударады [14]. Сонымен, генетикалық тіл ғылымы бағытындағы зерттеулер алуан түрлі жолдармен әлі де жалғасып келе жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Біздің генетикалық тіл ғылымы саласындағы еңбектеріміз өткен ғасырдың соңғы жылдарында басталып, сонан бергі отыз жылға жық уақыт ішінде біршама табыстарға жетті деп есептейміз. Осы уақыттар ішінде екі монография (1. «Тілдік таным негіздері және тілдік символдар», Алматы, 1999); 2. «Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе», Алматы, 2014) және бір оқу құралы («7 Лекций по теории генетической лингвистики», Алматы, 2021) жарық көрді. Көптеген конференциялар мен семинарларда баяндамалар оқылып, ғылыми

басылымдарда мақалалар жарияланды, семинарлар өткізілді. Екі мәрте халықаралық конференция ұйымдастырылды.

Генетикалық тіл ғылымы адамзат тілі, қазірде айтылып жүргендей, «жартылай жабайы» тобырлардың емес, жоғары дәрежедегі ақыл-ой иесі болған адамзат ұрпағының ақыл-ой жемісі екенін, «ең ілкі тілжасам дәуірі адамдарының шығармашылық данышпандығының» жемісі екенін дәлелдеп отыр [15-21]. Тілдік негіздер теориясы деп аталатын генетикалық тіл ғылымы тіл дыбыстарының, жалпы тілдік құбылыстың да, пайда болу негіздерін Ғаламдық-Космостық жаратылыспен, ғаламдық жаратылыстың негізгі сипаттарымен, өмір сүру заңдылықтарымен байланыста қарастырады. Сонда тілдегі әр дыбыс ғаламдық жүйенің қайсы элементімен байланысты пайда болып, тілде қалайша қызмет ететіні айқын көрсетіледі. Яғни адамзат тілінің дыбыстық-материалдық негіздері де, мағыналық-идеялық негіздері де Ғаламдық болмыстың моделінде жаралғаны дәлелденеді. Біз енді тілдің дыбыстық материалының генетикалық табиғаты туралы кейбір мәселелерді баяндайтын боламыз.

2.2. Тіл дыбыстарының генетикалық жүйесі.


Генетикалық тұрғыдан, адамзат тілінің дыбыстық материалы жұп элементті тіл дыбыстарынан тұратынын жоғарыда [т+ы] дыбысының мысалында көрсеткен болатынбыз. Зерттеулер нәтижесінде адамзат тіліне ортақ деп есептелетін негізгі жеті түрлі жұп элементті дыбыстық материал айқындалып отыр, олар шартты түрде былайша белгіленеді: УН-УТ-УР-УС-УЛ-УҚ-УП. Бұларды кері ретпен: УП-УҚ-УЛ-УС-УР-УТ-УН түрінде орналастыруға да болады. Бұл дыбыстық жұп элементті тұтастықтардың құрамындағы салдыр элементтері (П-Қ-Л-С-Т-Р-Н) бүгінгі тіліміздегі п, қ, л, с, т, р, н дыбыстары. Бұлар тілде инвариант-дыбыстар ретінде көрінеді. Генетикалық тұрғыдан бұлардың бірқатары (п, қ, т, с) өз аллофондарына, яки генетикалық варианттарына өзгереді. Бұлардың құрамындағы «У-элемент» - жоғарыда [т+ы] дыбысының құрамында «ы» түрінде көрінген дауыс элементінің орынына шартты түрде алынып отыр. Өйткені: біріншіден, «ы» дыбысы барлық тілдерде бірыңғай осы күйінде дыбысталмайды, кейбір тілдерде, мысалы, орыс тілінде бұл әріп басқаша түсініледі, басқаша оқылады, ал кейбір тілдерде

бұл әріп те, дыбыс та жоқ. Сондықтан да оның орынына генетикалық тұрғыдан ең ежелгі дыбыс, яки дауыс элементі болып табылатын «У-элементі» арнайы алынып отыр. Екіншіден, осы У-элементі қазіргі тілдегі барлық «дауысты дыбыстар» деп аталып жүргендердің, яки дауыс элементінің алуан түрлі вариант-аллофондарының, ең алғаш пайда болған архетипі болып табылады. Бұл туралы аталған монографияда жан-жақты айтылған. Яғни, У-дауыс элементі [ФХhy] түріндегі ең ежелгі архетип тыбыстың құрамындағы [hy] түріндегі архетип-негізден шығады.

Адамзат тілінің ең алғашқы диффуздық сипаттағы дыбысының өзі, мейлі ол қандай формада, қандай сипатта болса да, белгілі бір коммуникативтік мақсатта қолданылды, сондықтан да ол әрі дыбыс, сонымен бірге, ол әрі сөз болды, яки дыбыс-сөз болды. Айтайын дегенміз: мағына – тіл дыбысына әуелден тән қасиет. Сондықтан да жұп элементті тіл дыбыстарының да мағыналы дыбыстар болғаны сөзсіз және мұны генетикалық тіл ғылымы барынша айқын дәлелдеп отыр. Жұп элементті тіл дыбысының құрамындағы негізгі семантикалық материалы, генетикалық тұрғыдан, салдыр элементі болып табылады. Ал дауыс элементінің ең ілкі қызметі: 1) салдыр элементінің айтылуын, яки дыбысталуын қамтамасыз ету; 2) оның тыңдаушыға жеткізілуін қамтамасыз етіп, физикалық «өткізгіш» қызметін атқару. Физика заңдылығы бойынша, дыбыстың тыңдаушыға жеткізілуі үшін ауа толқындары түріндегі өткізгіш қажет, вакуумда дыбыс таралмайды.

Яғни жоғарыда келтірілген жеті түрлі жұп элементті дыбыстық тұтастықтырдың құрамындағы салдыр элементтері тіл-тілдегі ең негізгі дыбыстық-семантикалық материалдар болып табылады. Бұл жұп элементті инвариант-дыбыстардың төртеуі (п, қ, т, с), жоғарыда айтып өткеніміздей, іштей өздерінің варианттарына бөлінеді де, тілде осы варианттар түрінде алуан түрлі қызмет атақарады. Мысалы, осындағы УП-жұпэлементті инвариант дыбыстың «П-салдыр» элементінің тілдік қолданыстағы варианттары қазіргі қазақ тілі деректерінде төмендегіше көрінеді. Айта кетейік, мұндағы ф, в дыбыстары қазіргі тілімізде кірме дыбыстар ретінде қолданылады, бірақ генетикалық тұрғыдан бұлар да П-негізді туыс дыбыстар болып табылады:

• П-НЕГІЗДІ ДЫБЫСТАРДЫ ТАРАЛУЫ:
ф у... >ф>п>б>м
[в > у(й) = 7



Мұндағы «шеңбер-қоршау» сызбасы «Ғалам-Космос» бейнесінің, яки ғаламдық Ұлы «Қоршаудың», шартты «Шар-қоршау» (сфера) түріндегі ұғымының жазықтықтағы графикалық бейнесі. Жазықтықта ол «шеңбер-қоршау түрінде көрініп тұр, бірақ мұны ғаламдық «Шар-қоршау» бейнесінің қак ортасынан бөлінген жармасы, қиындысы түрінде де түсінуге, елестетуге болады. Бұл «Ғалам» бейнесі жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық түсінік бойынша, «БҮТІН» ұғымында танылады: ҒАЛАМ – БҮТІН. Оның тілдегі дыбыстық материалы – шартты түрдегі УП жұп элементті дыбысы. Осы дыбыстың негізгі семантикалық элементі болып табылатын «П-салдыр» элементінің өзі тілдік қолданыста, сызбадағы тәрізді, іштей жеті түрлі варианттарға (п-ф-б-(м)-в-й-у) ажырайтынын тарихи тілдік деректерден де айқын көруге болады. Ал УП жұп элементті дыбысының құрамындағы «дауыс» элементі [У] сол тілдегі қолданыстағы барлық дауыс элементтерін бейнелейді, яки қазіргі түсініктегі «дауысты» дыбыстар деп аталып жүрген дыбыстардың кез-келгенін осы «У-элементтің» орынына қоюға болады. Сонда біз УП жұп элементті дыбысының (инварианттың) қазіргі қазақ тілі қолданысындағы мынадай варианттарын (нұсқаларын) көреміз:

УП- жұп элементті дыбысының (инварианттың) тілдік қолданыста мүмкін болатын ГС / СГ жүйесіндегі жұп элементті варианттары қазақ тілінің дыбыстық материалы бойынша (УҚ,УС т.б. өзге тілдік негіздер де осы үлгіде түрленеді)								
		1	2	3	4	5	6	7
		п	ф	б	в	м	у	й
1	а	ап/па	аф	аб/ба	ав	ам/ма	ау/уа	ай/йа
2	ә	әп/пә	әф	әб/бә	әв	әм/мә	әу/уә	әй/йә*
3	е	еп/пе	еф	еб/бе	ев	ем/ме	еу/уе*	ей/йе
4	о	оп/по	оф	об/бо	ов	ом/мо	оу*/уо*	ой/йо*
5	ө	өп/пө	өф	өб/бө	өв	өм/мө	өу*/уө*	өй*/йө
6	ы	ып/пы	ыф	ыб/бы	ыв	ым/мы	ыу/уы	ый/йы
7	і	іп/пі	іф	іб/бі	ів	ім/мі	іу/уі	ій/іі
8	ұ	ұп/пұ	ұф	ұб/бұ	ұв	ұм/мұ	ұу/уұ	ұй/йұ
9	ү	үп/пү	үф	үб/бү	үв	үм/мү	үу*уү	үй/йү
10	у	уп*/пу*	уф	уб*/бу	ув	ум*/му*	уу*/уу*	уй*/йу
11	и	ип*/пи	иф	иб/би	ив	им/ми	иу/уй*	ий*/йи

Мысалы, осындағы ап/па нұсқасы тіліміздегі: апта, апан, қап, тап, сапа, тапа тәрізді сөздерде қолданылса, ып/іп варианты: калып, әріп, пысық, пікір т.б. сөздерде қолданылатынын көреміз. Соңғы қатардағы дауыссыз дыбыс деп аталып жүрген у және й элементтері өздерінің п-негізді қолданыстарында көрінеді. Мысалы, тап, жап сөздерінің тауып, жауып тұлғаларындағы «ау» (тау/жау) жұп элементті дыбысы – ап/УП негізінде жасалған дыбыстар, яки жауып, тауып сөздерінің құрамындағы ау дыбысының пайда болу негізінде ап<УП инварианты тұр. Ал сау,

тау сөздерінің құрамындағы «у» элементі – қ-негізді «у», яки тарихи тұрғыдан, сақ, тағ сөздерінің құрамындағы «қ, ғ» дыбыстары: сақ > сау. Сондықтан бұлар п-негізді «у» элементімен сәйкеспейді.

Көріп отырғанымыздай, тіліміздегі сөздерде дараланған дауысты не дауыссыз дыбыстар емес, жұп элементті дыбыстар қолданылады екен. Мысалы, БР сөзінің құрамында, қазіргі тіл білімінде айтылып жүргендей, б-і-р түріндегі үш дыбыс емес, бі+ір түріндегі екі ғана жұп элементті дыбыс бар. Мұның алғашқысы (бі) – УП инвариантының қолданыстағы вариант-нұсқасы да, екіншісі (ір) – УР инвариантының қолданыстағы нұсқасы. Орыс тіліндегі МИР (бейбітшілік) сөзінің құрамын да осылайша ажыратамыз: ми/УП + ир/УР. Бұл жұп элементті дыбыстардың әрқайсының аса зор қуатты мағыналық-семантикалық потенциялы туралы мәселелер – бөлек әңгіменің тақырыбы.

Міне, көріп отыранымыздай, тіл дыбыстарының жаратылыс-табиғаты дараланған дыбыстар түрінде емес, жұп элементті дыбыстық тұтастықтар түрінде көрінеді екен. Яғни біздің қазіргі қалыптасқан тіл ғылымындағы түсінігіміз тіл дыбыстарының шынайы табиғатын түсіндіріп бере алмайды.

2.3. Жұп элементті тіл дыбыстарының пайда болу негіздері. Тіл дыбыстарының УН-УТ-УР-УС-УЛ-УҚ-УП түріндегі жетілік жүйесі – толық, кемел жүйе, өйткені бұл құрылым жетілік жүйедегі ғалам моделіне сәйкеседі. Аталып отырған жұп элементті инвариант-дыбыстардың әрқайсысы ғаламдық жүйенің құрылымдық-семантикалық элементінің нақты біреуін бейнелейді, өйткені әуел бастан осы жұп элементті дыбыс ғаламның дәл осы құрылымдық элементін бейнелеу мақсатында, соған сәйкестендіріліп жасалған. Мұны тілдік таным жүйесінің сызбасынан айқын көруге болады:



Сызбада жеті түрлі жұп элементті тілдік-дыбыстық материал ғаламдық вертикаль «У-игрек» өзегінің (осінің) бойында өз ретімен орналасқан. Осындағы әрбір жұп элементті дыбыс ғаламдық жүйенің белгілі бір элементін бейнелеп тұрғанын аңғарамыз. Бұл былайша көрінеді:

1. УП дыбысы – «ғаламдық Шар-қоршау» ұғымын бейнелеп, барлық өзге құрылымдық элементтердің жүйесін біріктіріп тұр.
2. УҚ дыбысы – «ғаламдық координата» ұғымын бейнелеп, Х (икс) және У (игрек) өзектерінің қиылысы түрінде көрінеді. Бұл бейненің Х (Қ) дыбысының әрпіне сәйкестігін де аңғару қиын емес.
3. УЛ дыбысы – екі «өзектің» өзара байланысы түрінде келіп, «ғаламдық байланыстар» ұғымын бейнелейді.
4. УС дыбысы – «ғаламдық өзек» (игрек өзегі) ұғымын бейнелеп, «Ғалам-Космос» бейнесінің осінде (өзегінде) тұр.
5. УТ және УР дыбыстары «ғаламдық қозғалыстар» ұғымын: УТ – қалыпты қозғалысты, УР – экспрессивті қозғалысты бейнелейді. Бұлардың таңбалық бейнелері жоқ.
6. УН – «ғаламдық кіндік» (центр) ұғымын бейнелеп, «Шар-қоршау» бейнесінің кіндігінде тұр. Мұның негізгі семантикалық өрісі – «нәт-негіз» өрісі;


Егер осы құрылымды айқынырақ елестету үшін жеке дыбыстық тұтастықтарды олардың таңбаларымен бірге өзгелерінен ажырата қарастырсақ, төмендегідей таңбалар жүйесін көрер едік:

УП	УҚ	УЛ	УС	УТ/УР	УН

Жүп элементті тіл дыбыстарының әрқайсысы өздерінің қол тілі, диффуздық дыбыстар тілі түріндегі ең ілкі пайда болу кезеңдерінен бастап, толық қалыптасқанға дейін сан мыңдаған жылдар бойында адамзат санасының сөзжасамдық (тілжасамдық) қызметінің нәтижесінде бірте-бірте нақты бір ғаламдық құрылымдық-семантикалық элементтің (ғаламдық қоршау, ғаламдық координата т.т.) бейнесі мен қызметін образды түрде көрсетуге бірте-бірте сәйкестендіріліп бейімделген. Осылайша, жүп элементті тіл дыбыстарының мағыналық жағының жаратылыстық-болмыстық базасы қалыптасқан. Мұны біз Тілдік таным жүйесінің семантикалық сипатын тануға арналған «Дән және Алма» мысалынан байқай аламыз.

Тілдік таным жүйесінің (ТТЖ) семантикалық сипаты

«Алма және Дән» мысалында



Егер жүйедегі «УН-кіндік» нүктесін, мысалы, алма жемісінің дәні дейтін болсақ, онда УТ жүп элементті дыбысы осы дәннің алғашқы қозғалысын – бөлінуі ұғымын білдіреді; Алғашқы қозғалыс – екіге

бөліну. Онан соң келетін УР жұп элементті дыбысы қозғалыстың экспрессивті түрі ретінде көрініп, екіге бөлінген дәннің онан әрі бөлініп, тез қозғалуын – дамуын білдіреді; УС жұп элементті дыбысы дәннің сабаққа (өскінге) айналуы процесін бейнелейді, УЛ жұп элементті дыбысы өскіннің ұласып, жалғасуын – салаларға айналуын, өркен жаюын бейнелейді; УҚ жұп элементті дыбысы алма жемісінің түйнектеуін бейнелейді; УП жұп элементті дыбысы алма жемісінің толысып піскенін бейнелейді. Көріп отырғанымыздай, тілдік негіздердің сызбада орналасу жүйесі белгілі бір жаратылыстық заңдылыққа сәйкеседі. Осы процесті өзге де кез-келген зат не құбылыс үшін – ментальдық болмыс үшін де, материалдық болмыс үшін де – қолдануға болады. Жалпы адамзатқа ортақ ғаламтанымдық түсінік бойынша, бүкіл жаратылыстағы барлық заттардың әрқайсысы өзінше бір ғалам, олардың баршасы ұлы ғаламдық жүйе моделінде жаратылған. Егер УП-«шар-қоршауды» жер планетасы деп алар болсақ, УН-кіндік нүкте жердің ядросы түрінде танылады. Егер УП «шар-қоршауды» ұлы Ғалам деп алсақ, геоцентрикалық көзқарас тұрғысынан, ғаламтанушы субъект адам баласы - жер тұрғыны ретінде ғаламдық кіндік нүктенің өзінде тұрады.

Мұнан Тіл және Ғалам жаратылысының құрылымдық–семантикалық элементтерінің өзара табиғи жаратылыстық жақтан да, қызметтік жақтан да өте тығыз байланысты, сәйкес екенін көреміз. Осы байланыстың сырын тану адамзат тілі сөздерінің ілкі пайда болуы мен қызметінің құпияларын тануға ғана емес, тілдік құбылыстың бойына алғаш пайда болу кезеңінен бастап, бүгінгі кезге дейінгі сан ғасырлар бойы жинақталған аса мол ғаламтанымдық түсініктерді тереңдей тануға мол мүмкіндіктер ашады.

Яки адамзаттың дыбыстық тілі ең әуелі ғаламдық-жаратылыстық болмыстың құрылымдық-семантикалық жүйесін сөзжасамдық сана арқылы игеріп алып, сонан соң ол формаларды жаратылыстағы өзге де заттар мен құбылыстарды бейнелеу үшін дайын қалыптар – таңбанышандар түрінде қолданғанын көреміз. Демек адамзат ұрпағы дыбыстық тілге дейінгі сан мыңдаған жылдар бойында да аса жоғары дәрежеде жетілген сана йесі болған.

Қорыта келе айтарымыз – тіл дыбыстарының жаратылыс табиғатын дұрыс тану – тіл табиғатының жаратылысы мен тілдің бүгінгі қызмет

ету заңдылықтарын дұрыс тануға мүмкіндік туғызады. Тіл дыбыстарын еш мағынасыз, шартты түрде, кездейсоқ алынған, дараланған дыбыстар, яки «өлі» материя деп түсіндіретін орыстық-батыстық көзқарастағы қалыптасқан қазіргі дыбыстаным жүйесі тілдік ақиқатты дұрыс түсіндіріп бере алмайды. Сондықтан тіл ғылымының болашағы тіл дыбыстарының жаратылысын адамзаттың данышпандық ақыл-ойының ұлы жемісі, адамзаттың аса зор өркениеттік дамуының ерекше жетістігі деп танитын генетикалық тіл білімінің көзқарастарын қазіргі гуманитарлық ғылымның аса маңызды жаңа бағыты ретінде танумен тікелей байланысты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасы, Алматы., 2009.
2. Кеңесбаев С. Қазіргі қазақ тілі. I том. Алматы, 1966.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы, 1993.
4. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. Москва, 1962.
5. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы, Алматы, 1991.
6. Жүнісбеков Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Қазақ фонетикасы. Алматы, 2018.
7. Аветян Э.Г. Природа лингвистического знака, Ереван, 1968.
8. Журавлев В.К. Диахроническая фонология. Москва., 1986, 67 стр.
9. Бекмағамбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар., Алматы, 1999.
10. Джунусбеков А. Сингармонология или неизвестный сингармонизм. Алматы, 2020.
11. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. Алматы, 2014.
12. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
13. Реформатский А.А.. Введение в языкознание. М., 1967

14. Вандриес Ж. Язык. Лингвистическое введение в историю., Москва, 1937, 29
15. Гельгард Р.Р. Источники изучения глоттогенеза в связи с антропогенезом (Из материалов к курсу общего языковедения). Сб. Докладов и сообщений лингвистического общества. IV. Стр.: 19-91, Калининградский государственный университет. Калинин., 1974.

БӨЛІМ 11

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ СИПАТЫ

АБИТЖАНОВА Ж.А.

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ СИПАТЫ

Ф.Ф.К. Абитжанова Ж.А.

Көне түркілердің болмысын, дүниетанымын айқындайтын этнолингвистикалық тілдік бірліктер талданады. Тәңір, Жер-су, кара будун, он оқ, үч туғлығ түрк, qut, көк түрк, бөрі, Елбілге, Ұмай, Kul tegin, Bilge, кара куш, барыс, жылан, бура, құт, alp qol, erdam jurak т.б. тілдік бірліктердің көне түркі мәдениетіне тән этнографиялық ерекшеліктері сипатталады. Түркі халқының тілдік санасындағы этнографиялық тұжырымдар бөлінбейтін бірлікте және көне дәуірдің дәстүрлі әлем бейнесінің семантикалық парадигмасын құрайды. Этнографиялық тілдік бірліктерде түркілердің мәдени болмысы, халықтың танымдық ерекшелігі анықталған және көне түркілік сананың аялық білімі жан-жақты берілген.

«Этнолингвистика» халықтық тілі мен оның мәдениетінің арақатынасын зерттейді. Тіліміздегі этнолингвистикалық бірліктер халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысын, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, таным түсінігін аңғартады. Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты» [1, 5 б.].

«Тіл әр ұлттың дүниетанымын болмысын анықтап, дүниені игерудегі тәжірибесін сипаттап қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады» [2, 3 б.].

Көне түркі мәдениетіне тән, этнографиялық ерекшелік ретінде мына тілдік бірліктерді қарастыруға болады: Тәңірі, Жер-су, кара будун, он оқ,

үч туғлығ түрк, qut, көк түрк, бөрі, Елбілге, Ұмай, Kul tegin, Bilge, қара куш, барыс, жылан, бура, құт, alp qol, erdam jurak т.б.

Түркі тілінде көк сөзі «аспан» деген мағына берген, мысалы көк тәңірі/аспан тәңірі. Түркі халқының тілдік санасындағы «аспан», «көк», «тәңір» тұжырымдары бөлінбейтін бірлікте және көне дәуірдің дәстүрлі әлем бейнесінің семантикалық парадигмасын құрайды. Түркілер танымында тәңірге – «аспанға, көкке» табыну көзқарасы басым. Көк – сенімділіктің символы. Көкті, тәңірді «медет сұрағанда, қиыншылықта қол ұшын беретін, демейтін әлемді жаратушы күш ретінде» таныған. «Тәңір» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңір – тәңір, табиғат, жанды, жансыз дүниенің жаратушысы [3, 101 б.].

Орхон-Енисей ескерткіштерінде аспан/көк – Тәңір тілдік бірлігі белсенді қолданылған: Теңрікенке ісіг бергін тийін йарылқамыс Тәңрі күш сарп еткенің үшін жарылқады (О6) [4, 176 б.]; Теңріде болмыс іл етміс Тәңіріде (жаралған) болған ел едік (МЧ 1 теріскей жағы) [4, 136, 141 бб.]; үзе көк теңрі йарылқадуқ үчүн асра йағыз йер ігіткүк үчүн елімім төрімім етікті Жоғарыда көк тәңірі жарылқағаны үшін менің елім өмір сүрді, елдігін құрды (орнатты) төменде қара жер ескергені үшін (Тариат 3) [4, 176 б.]; Tәnгі jarylqaduq ücün üküs tijin, biz qorqmadumys Тәңірі жарылқағандықтан, көп деп біз қорықпадық (Тон 40) [5, 115, 196 бб.].

Түркі жазуларында көшпенділердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Әрбір түркі өзін Тәңірінің үкімін орындаушысы ретінде сезінген. Оның рақымымен елді басқарған қағандарға «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» деген атақ берген. Түркілердің білген, көрген ең биік шыңы да тегіннен-тегін Хантәңірі деп аталмаса керек. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу белгілі бір заңды қажеттіліктен басқа, Аспанды Құдай мекені деп танудан, руханият әлемі деп есептеуден туындап жатыр. Евразия ғалымдары ең алдымен көне түркілер мен қазіргі түркі тілді халықтар арасында рухани байланыс бар деп қарастырған. Мәңгі аспанға және көк түске (мәңгілік символындағы) табыну желісі түріктердің өз атында «көк түрікте» бейнеленген. Ал көп уақыт өткеннен соң Қазақстанның ұлттық байрағының түсі көкке айналуында сабақтастық жатыр.

Ш. Уәлихановтың этнографиялық зерттеулері қазақтың мифологиялық таным-түсініктері жайлы мол мағлұмат беретін көздердің бірі. Мұнда ежелгі адамдардың дүниетанымдық көзқарастарынан хабар беретін аңыз әңгімелерге, мифтерге, баға берумен бірге көптеген жекелеген сөздердің этимологиясы туралы қызықты деректер бар екені белгілі. Мысалы, көк тәңірі – көк аспан. Аспан өзінің құдіретті әрекеттерінде ештеңеден тәуелсіз, жақсылықты да, жамандықты да көк биігінен іске асырып тұрады. Бүкіл адамзаттың амандық-саулығы аспан-көктің еркінде. Тәңірі жарылқасын, көк соққыр деген сөз тіркестері шамандық кезде пайда болды.

Алғашқы қауымдық адам өзі тап болған кез келген жағдайда жолының болу, болмауы тікелей құдіретті күш иелерінің қалауымен, көмегімен іске асады деп түсінген. Мысалы, көне жыр үлгілеріндегі: Төбесі ашық көк ұрсын! Төсі түкті жер ұрсын! Найзағаймен оғы ұрсын! От иемнің шоғы ұрсын! деген жолдар да осындай түсініктерден қалса керек [6].

Қазақ мифін зерттеуші С. Қасқабасов «Қазақ мифі және әлемдік мифология» (1998) атты мақаласында: «Архаикалық мифтерден байқалатын басты заңдылық – адам жанды, жансыз табиғатты, жұлдыздарды, ай мен күнді танып білуде оларды өзіне ұқсататындығы. Табиғаттағы аңдар да, тау-тастар да, жұлдыздар да адамның өзі сияқты өмір сүреді. Осының нәтижесінде Күн, көк, жер, от сияқты ұғымдар символдарға айналады» деп көрсетеді [150 б.]. Көне түркілер танымында сакрализация – ежелгі адамдардың өзін қоршаған дүниені қастерлеу сезімі жоғары тұрған.

Көне түркілер Тәңірге табына отырып қасиетті Жер-Су мен Ұмай ананы да қасиет тұтқан. Оны мына жолдардан көруге болады: Tānri, Umai, yduq jār sub basa bārti ārinc Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер-су жеңіс берген екен (Тон 38) [5, 115, 195, 196 бб.]. Күлтегін жазуында жер-суға жан бітіріп сөйлетіп, түркі халқына жолдау айтады: Уза түрк тәңрісі түрк ыдук жірі субы анча тіміс: түрк будун јок болмазун, тіјін Көкте түрк тәңрісі, Түрктің қасиетті жері, суы былай депті: «Түркі халқы жойылмасын», - дейді (КТҮж 10) [5, 75, 177 бб.].

Тәңір-Ұмай қосағы – көк түрік дәуірінің туындысы. Осындай (еркек – аспан мен ұрғашы – жер қосағы) деген трафарет-модель одан кейін де, оларға дейінгі көшпелілер мифологиясында да болған тұрақты эпитет [6]. Түркі мифологиясындағы Тәңір – аспан құдайы. Ежелгі сенім бойынша ол аспанның рухы немесе иесі ретінде қабылданады. Бұл сөздің тарихы туралы көп пікірлер бар. Мысалы, тәңір этимонын арнайы қарастырған ғалымдар Е.Жұбанов пен А. Ибатовтың пікірлері бар. Ертедегі мифтік аңыз бойынша, таң және іңір деген екі періште жер тұрғындарының тыныс-тіршілігін күні бойында кезекпен қадағалап тұрады-мыс. Өз кезектерін қараңғылық түсер алдында ғана ауыстырады екен. Таң – күн ұйықтар орынға кеткенде іңір оның орнына қарауылға тұрады. Осы екі арадағы мезгіл жер тұрғындары үшін қастерлі болған. Олар ерте (іңір түспей) жатқан беймезгіл шақта ұйықтап қалған адамдардың ырыс-несібесі кем болады деп сенген. Бұл ұғым күнмен таласа жатпау, күнмен бірге түрегелу: ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық деген өмірлік қағидаларда көрініс тапқан.

Жубанов Е, Ибатов А. «Анализ этимона таңірі всевышний (опыт ретроспективного подхода)» (1990) атты мақаласында «тәңір» этимонын мифтік танымдағы жоғары-төмен қарама-қайшылығымен қарастырады. Сол бойынша, та – «жоғарғы» дегенді білдірген: тау, төбе, таңдай, тамақ, таңқы-танау, тамызық, тамшы т.б. көптеген сөздер арқылы, ал –ің – «төмен» дегенді білдіретін: еңіс, еңкіш, еңбек, еңсесі түсу, еңіреу т.б. сөздер арқылы түсіндіреді.

Сондай-ақ, ақ пен қарадан, ала триадасының шығатынын ескерген көне түркі ескерткіштерінде *ala atlug jol tǎŋri* яғни ала атты тағдыр тәңірісі деген – біздің ойымызша үш дүниенің әміршісі, жақсылық пен жамандықты тең ұстап тұратын құдірет [6, 92 б.].

«Ұмай» сөзінің этимологиясы профессор Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі бойынша зерттеулер» (1999) атты еңбегінде былай анықталады: «Мусульманская религия не оставила место чистому виду культа Умай у казахов. Но зато процедура почитания Умай сохранилась в довольно чистом виде. Во время родов женщины бросают в огонь масло или сало, обращаясь при этом к какимто забытым божествам со словами: От ана! Май ана! Жарылқа! Они не знают такого божества. Но ее имя

произносится казахами иначе, чем в Сибири, как май безизначального гласного у. Название покровительницы матерей – кормилец могло стать и названием матери-женщины, названием материнских ее органов».

Сондай-ақ, ғалым Л.П. Потапов «Умай божество древних тюрков» (1973) атты еңбегінде көне түркілер Ұмайды от құдайымен байланыстырған, себебі от ошақтың сақтаушысы ретінде саналған деп көрсетеді [279 б.].

Қазақтың, тіпті біраз түркі тілдес халықтар мифінде кездесетін Тәңірі образына Е.М. Мелитинскийдің (1976) мына бір пікірі тікелей қатысты: «ерлі-зайыпты баба-құдайлардың ең көне әрі универсалды тараған түрі аспан – әке мен жер – ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ал, екінші жағынан, неке мен отбасылық қатынастардың табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады», - деп жазады ғалым [193 б.].

Шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер ролінде, ал Ұмай – жердегі ана болып қабылданады [7, 213 б.].

С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984) атты еңбегінде: «Қазақ мифологиясында аспан әке, жер ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі-зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады» деген пікірі де осыны дәлелдей түседі [90 б.].

Бұл ұғым қазақтың мифі мен діни нанымында ғана сақталып қоймай, сонымен бірге ұлттымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, метафораға айналған. Оған қазақ халқының дара тұлғасы Абай Құнанбаевтың «Жазғытұрым» өлеңіндегі мына жолдар мысал бола алады:

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,

Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.

Анамыздай жер иіп емізгенде

Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,

Құмары екеуінің сондай күшті,

Күн күйеуін жер көкsep ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай.

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,

Жер толықсып түрленер тоты құстай.

Әдебиеттанушы жас ғалым А. Шәріп «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты еңбегінде былай дейді: «Бір қызығы түрлі-түрлі трансформацияға ұшыраған Жер-Ана архетипі қазақ ақындарының суреткерлік психологиясында да тұрақты нышан танытты. Әрине, баяғы мифтік-поэтикалық ойлау жүйесіне кәнігі «қоныс – құт – күдірет» формуласының құр қаңқасы қалса да, қасиетті қара жерді ана ретінде тұтынудың ізі тып-типыл жойылмаған. С. Сейфуллиннің өлеңіндегі мына жолдар:

Жер – ұлы ана, буы – демі,

Жадырайды көсіле.

Еңбекші жан уыз еміп,

Өрмелейді төсіне.

Ақын Ж. Молдағалиевтің «Жер мен әйел» атты философиялық пайымға толы өлеңіндегі:

Жер демекші, о да ару, ол да ана,

Әйелге тең теңеу болса, сол ғана,-

дейтін жолдары содан хабар береді [8, 71 б.].

Осы орайда миф-тіл-поэзияны бірлікте зерттеген әйгілі ғалым Л.Н. Веселовскийдің «Историческая поэтика» (1989) еңбегіндегі мына пікірі орынды айтылған: «Язык поэзии продолжает психологический процесс, начавшийся на доисторических путях. Он уже пользуется образами языка и мифа, их метафорами и символами, но создает по их подобию и новые. Связь мифа, языка и поэзии не столько в единстве психологического приема, в искусстве обновленной формы высказывания» [107 б.].

Әдебиетші-ғалым З.Ахметов «Казахское стихосложение» (1964) атты еңбегінде былай дейді: «Жерді ана бейнесінде алып қарау қазақ

халқы ғана емес, басқа елдердің де ой-санасына тән нәрсе. Аспанды әке бейнесінде көрсету де жайдан жай алына салмаған. Аспанды әке деп түсінетін нанымның ерте кездегі, ежелгі адамның ой санасында орын алғандығын байқататын деректер бар. Абай соны өзінше жаңғыртып, ескі ұғым қалпында емес, тың сипаттағы тәсіл етіп қолданып отыр» деп талдап түсіндіреді [76 б.].

Космогониялық мифте жер туралы мынадай түсінік бар, жер әлемдік мұхиттан көтерілген соң айналасын су қоршап тұрды. Сондықтан болар ертеде бабаларымыздың танымында басқа өмір немесе өмірдің құпия жақтары су болып бейнеленді. Бұл көл, өзен немесе жалпы су кеңістігі болуы да мүмкін. Бұл шаман түсінігіне тура келеді, өзендер жоғары мен төменді, аспан мен жерді (басы – жоғарғы, сағасы – төменгі әлеммен) байланыстырады. Өзен туралы түсініктен әлем моделі шығады, өзеннің басы – аспан (жоғарғы әлем), ортасы – (жер), сағасы, құйылысы – жер асты. Бұл таныммен қазақтың көне семантикалық мынадай оралымдары байланысады: су аяғы құрдым, су аяғы ер Қорқыт, өмір – өзен [9, 32 б.]. Қазақта жер-су ұғымы Асанқайғының «Жер ұйығында» көрініс тапқан. Алтайлықтардың арасында Йер-су қызыл шын, құздарда – Сумер-улан-тайгада (Сумер-Улан-Ак-Шибе) өмір сүреді деген түсінік болған. Жер-су құдайына қызыл немесе жирен жылқыларды құрбандыққа шалған.

Ежелгі түркілер үшін Көк пен Жер, Судан кейін тұрған құдіретті күш – әйел, ошақ басы құдайы ұмайға да табынған. Ол бала-шағаны, үй берекесін қорғайды деп сенетін болған. Жалпы Умай сөзінің мағыналары: Umaj I послед, бала орны, (чрево матери) ана жатыры; Umaj II жеке есім (E 283), құдай есімі (Тон 38) [10, 611 б.]. Ж.А. Абитжанованың пікірі бойынша, Умай сөзінің «бала орны» деген түпкі мағынасынан «құдай», «адам есімі» мағыналары уәжделіп екіншілік атау алған.

Қазақта осы күнге дейін жас келін үйге енгенде «От ана, ұмай ана, жарылқа!» деген сөздер айтылған. Қазіргі Сібір түріктерінің фольклорында ұмай ана бейнесі – аспаннан түскен алтын қанатты әдемі әйел түрінде қалыптасқан. Христиан мәдениетіне дейін ұмай ана мен бала қамқоршысы, ұрпақ жебеушісі болған. Көне түркі кезеңінде ұмай культінің қызметі өте кең болған. Руникалық жазбалар бойынша ұмай тек әйелдердің ғана емес жалпы білімді адамдардың сақтаушысы да болған.

Ұмайдың үлкен емес тостағанында қасиетті сүт бетінде балалардың жандары орналасқан деген түсінік болған. Бала ауырғанда дәстүрлі түрде ұмай тостағанынан тамақтандырған. Бұл дәстүрлер жалпы түркілік түсініктен бастау алған дәстүрлі тостағанның маңызы болып табылады. Аталған түсініктің қайнар көзі скиф кезеңіне де барады, Геродоттың шығармалары бойынша тостаған аспан, тәңірден келген [9].

Тәңірі, Ұмай, Жер-Су атаулары түркі танымында ең қасиетті ұғымдар саналғандықтан белсенді түрде жұмсалып, түркі халқының бүкіл болмысын танытты [3, 103 б.].

Тілдегі түркілік айшықты танытатын «бөрі» киелі ұғымы. Қазақ мәдениетінің архетипі – көне түркі мәдениетінде түркілер өздерінің шығу тегін көк бөрімен байланыстырады. Бөрі сөзінің пайда болуы жануарлар стилінің шығуымен тығыз байланысып, қасқырдың тотемдік сипатымен, одан кейінгі бөрінің киелілігі туралы түсініктен туындайтын әдет-ғұрыппен астасып жатыр. Күлтегін ескерткішінде бөрі сөзі жұмсалған: Түргіс қақан сүсі Болчуда отча борча кәлті Түргеш қағанының әскері Болшыда отша, бөріше келді (КТ37). Мұнда түркі әскерін бөріге ұқсатып тұр. Қасиетті бөрі ұғымымен қатар оттың киелі құбылыс ретінде танылуы, онымен тазарту, аластау әрекеттерінің бүгінгі күнге дейін жалғасуы түркілік ой желісін бейнелейді. Бөрі түркі-монғол тайпаларының тотемдерінің бірі болды. Ежелгі түркілер өздерін көк бөріден таратып, оған табынған. Бөрі тектес түркі халқын Жүсіп Баласағұн «Құтты білікте» былай бейнелейді:

Тілек, нәпсі қуып, қанша құмарттым,

бөрі тектес жұртты жылаттым

Сондай-ақ, Махамбет өлеңінде бөрі сөзі бейнеленген:

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Қазақ ақын-жырауларының аузында «бөрілі менің байрағым» деген жолдардың жүруі тотемнің сарқыншақтары деп танымыз.

Қазақстан мен Орта Азиядағы «көкбар» аталатын ат спорты ойынының тотемдік салтпен тарихи байланысын кезінде С.П. Толстов

ғылыми негізде дәлелдеп берген болатын. Бөрінің құрметіне түркі моңғол тайпаларында ат жарысы өткізілген. Ал қазақтарда «көк бөрі» деген ат спорты ойыны болды. Ол кейін «көкбар» деп аталды. Қыз бен жігіттің айқасы, күресі түріндегі ойын «қыз бөрі» деп аталған. Сақтар заманынан келе жатқан бұл салт бойынша, жігіт күресте қызды жеңгенде ғана оған үйленуге праволы болады екен. Бөріге табынудың белгісі түркі қағанаты туының қасқырдың басымен әшекейленуінен және оның жартастардағы суреттерінен де көрінеді. Сондай-ақ көк бөрі – көкбар, қыз бөрі атауларына қасиетті бөрі сөзі негіз болған.

Көк тәңірі семантикалық өрісінде жатқан жеті қат көк – байырғы шығыс астрономдарының кеңінен қолданылған термині. Мұндағы жеті саны «жеті планетаға» сәйкес келеді: Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс, Мұштәри (Юпитер), Сатурн. Осы жеті жарық шығыс астрономиясында жеті қат (қабат) көк деп аталады. Бұл IV-V ғасырлардағы Сирия–грек ойшылы Дионисийдің космогониялық түсінігіне байланысты жүйе. Ортағасырлық дәстүрлі түсінік бойынша әлемнің кіндігі – жер, одан кейін жеті қат көк, ал бұдан әргі тоғызыншы қабаты – ғарыш деп аталған болса керек. Қазақтың ескіше оқыған ақын-жазушылары кейде осы дәстүр бойынша өз жырларында жеті қат көк, жеті ғалам, тоғыз қат көк деген сөз орамын қолданып отырған.

Құт/qut сөзінің ескерткіштердегі қолданысы мынадай: өзім қутым бар үчүн өзімнің құтым бар болғаны үшін (КТж 9) [5, 74, 173 бб.]; qagan quti tarlamadı егінс олар қаған құтын қадірлей алмады (БК 35) [10, 71 б.]. Құт сөзінің бұл жолдардағы мағынасы «бақыт, құндылық, ұлылық».

Құт туралы Н.А. Баскаков «Душа в древних верованиях тюрков Алтая: термины, их значения, этимология» (1975) еңбегінде мынадай деректер келтіреді: «Алтайлықтардың түсінігі бойынша әр адамның бірнеше жаны бар; олар: сүне, тын, құт, жұла, сүр, жел-салқын және үзүт. Адам денесінен тын шыққанда адам өледі деп сенген (тыны чықты, тыны үзілді). Адамның дені сау болып, аман-есен жүруі құт деп аталатын жанға байланысты болған. Ана құрсағында жатқан нәрестенің тәніне Ана Жаючы жаратушы – құдай қызыл құрт түріндегі құтты дарытады. Құтынан айрылған кісі өлуге тиісті деп түсінген» [109 б.].

Сондай-ақ, Ж.К. Каракузова, М.Ш. Хасанов «Космос казахской культуры» (1993) еңбегінде: құт сөзінің Қорқыт есімінің құрамындағы қор «жаман», құт «жақсылық» дегенді білдіреді. Яғни Қорқыт – жасампаз қаһарман бейнесінде жақсылық пен жамандықтың бөлінбей тұрған кезінде өмір сүрген дейтін де көзқарастар бар [7 б.].

Қырғыздарда құт сөзінің бірнеше көне мағыналары сақталған. Солардың бірінде «құт түндіктен ошақтағы жанып жатқан отқа еріп түсетін қоймалжың зат түрінде бейнеленеді. Жаны таза, жақсы адам ғана оны ұстап қала алады, ал жаман пиғылды адам ұстаса ол тезекке айналады» дейді аңызда.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы құт ұғымын арнайы зерттеу нысанына айналдырған ғалым Н. Шаханова «Понятие «құт» в традиционном мировоззрении казахов» (1995) еңбегінде қазақ тіліндегі құт сөзінің «өмірлік күш», «жан», «рух», «ұрық» деген мағыналарын ажыратады. Мысалы, құтпан айғыр – байлық басы, бауыры құтсыз, құтты қонақ келсе, қой егіз табады сияқты сөз тіркестерінде «өмір беру» деген мағына бар, ал құты ұшты, құты қашты т.б. «жан», «рух» дегенді білдіреді [167 б.]. Мұндай түсініктер мифологияға құрылған, оны алғашқы санадағы шындықтың ерте дүниедегі творчествоға тән қиял түрінде бейнеленуі түрінде қабылдауға болады.

Дүниенің төрт бұрышын бағындырған түркілердің төрт булуның/төрт бұрыш номинативті тіркесін белсенді қолданғанын байқауға болады: төрт булундақы будуның коп баз қылтым төрт бұрыштағы халықтың бәрін бейбіт қылдым (КТ 29, 30) [5, 77, 182 бб.]; төрт булуң коп жақы әрміс, сү сүләпән, төрт булуңдақы будуның коп алмыс коп баз қылмыс Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен Төрт бұрыштағы халықты көп алдық, көп бейбіт қылдық (КТүж 2) [5, 75 б.] т.б. Дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік. Ғаламның горизонталь моделінің тағы бір нұсқасында мифтік қабаттардың саны төрт, кейде сегізге барады. Бұл жағдайда ғалам төрт (кейде сегіз) бағананың, дінгектің үстінде тұрған төрт бұрышты тегістік болып келеді. Сонда тіліміздегі дүниенің төрт бұрышы, төрт құбыласы түгел, төрт көзі түгел т.б. деген сөз айшықтарының тереңінде осындай мифтік мотивтің жатқандығымен түсінуге болады [6, 51 б.].

Этнос ерекшелігін көрсетуде эвфемизмдердің қолданылуы маңызды болып табылады. Мысалы, кісі сөзі. «Біздің үйдегі кісі», «осы үйдің кісісі» деп әйел атауын басқа сөздер арқылы атау ерте заманнан қазақ даласында қалыптасып қалған салт-дәстүрден хабардар етеді. Орхон-Енисей ескерткіштерінде әйел кісі, ұзынтонды деп жанама атпен берілгендігін Ж. Абитжанова «Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы» атты диссертациясында ерекше атап өткен болатын [3]. Мысалы, Енисей ескерткішінде былай берілген: *Quida kisima jita adirilu bardimiz* – у вы от своих жен, (находящихся) в покоях, мы отделились [13, 464 б.]. Ырық бітіг ескерткішінің 42 жолында жұмсалған узунтонлығ бүгінгі күндегі шүйкебас, төмен етек, ұзын етек эвфемизмдерінің алғашқы түрі болып табылады.

Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі тілдік бірліктер арқылы көне түркіге тән сенімділік, ұстамдылық, сабырлылық, намысқойлық, шыдамдылық сияқты қасиеттер ашылып, түркілік мәдени өзгешіліктер аса дәлдікпен суреттеледі.

Әдебиеттер

1. Снасапова Г.Ж. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2003. – 28 б.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. –А., 1962. - 315 б.
3. Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы. Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 2008. – 132 б.
4. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.
5. Орхонские надписи Кюль-Тегин Бильге-Каган Тоньюкук. – Семей: Международный клуб Абая, 2001. – С. 264.
6. Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. Фил.ғыл.канд дисс. –Алматы, 2000.

7. Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник 1971. – Москва: Наука, 1972.
8. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
9. Қарабалаева С.М. Ұмай есімінің когнитивтік ерекшелігі // ҚазҰУ хабаршысы. Фил. сериясы. – 2005. - №3 (85).
10. Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенищев, А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 676.